



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№8-10 (152-154)
Желтоқсан, 2025 жыл



Құрметті әріптестер, қадірлі ұстаздар, ардақты студенттер!

Желтоқсан – халқымыз үшін қасиетті, ел жадында мәңгілік сақталатын айрықша ай. Бұл айда біз ең қастерлі құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді ұлықтай отырып, жаңа жылға қадам басамыз. Өткенге көз жүгіртіп, келешекке сеніммен қарауға мүмкіндік беретін осы кезең әрбір саналы азаматты ойға жетелейді. Тәуелсіздік – бұл тек тарихи дата емес, ол – жауапкершілік. Ел тағдырына алаңдау, мемлекет дамуына үлес қосу – әрбір ұрпақтың қасиетті борышы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ел бірлігі мен қоғамдық келісім – тұрақты дамудың басты тірегі. Бірлігі бекем ел ғана кез келген сын-қатерге төтеп бере алады. Осы құндылықтар біздің университеттің де негізгі ұстанымдарымен үндес.

Өтіп бара жатқан жыл Атырау университеті үшін мазмұнды, жауапты әрі нәтижелі болды. Біз білім беру сапасын арттыру, ғылыми әлеуетті күшейту, академиялық адалдық пен ашықтықты қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар атқардық. Университет қабырғасында жаңа білім бағдарламалары іске қосылып, халықаралық әріптестік кеңейіп, жастардың азаматтық және рухани дамуына ерекше көңіл бөлінді. Бұл – ұжымдық еңбектің, ортақ жауапкершіліктің нәтижесі.

Бүгінгі таңда университеттің басты миссиясы – тек кәсіби маман даярлау ғана емес, елін сүйетін, адал, әділ, еңбекқор азамат тәрбиелеу. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның ертеңіне салынған инвестиция.

Жаңа жыл – жаңару мен үміттің бастауы. Алда тұрған міндеттер де аз емес. Бірақ бір мақсат, бір ниет, бір бағытта жұмыла еңбек етсек, алынбайтын асу жоқ. Біз Тәуелсіз елдің білімді, саналы ұрпағын тәрбиелеу жолында өз үлесімізді қоса береміз. Осы орайда барша университет ұжымын Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен және Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа амандық, денсаулық, береке-бірлік, ал 2026 жыл табысты бастамалар мен жарқын жетістіктер жылы болсын!

Ізгі тілекпен,
Саламат Идрисов
Халел Досмұхамедұлы атындағы
Атырау университетінің
Басқарма төрағасы – ректоры

АДАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТЫМЫЗДЫҢ ӨЗЕГІ

9 желтоқсанда Астана қаласында өткен «Адал білім – адал ұрпақ» білім беру жүйесінде академиялық адалдықты ілгерлетуге арналған республикалық форумға университет делегациясы қатысты. Форум барысында университеттің жоғары білім беру жүйесінде академиялық адалдықты қамтамасыз етудің стратегиялық тетіктері жөнінде тәжірибемен бөлістім. Оқу орында адалдық мәдениетін күшейту бағытында бірқатар нақты жұмыстар атқарылды. Антикоррупциялық комплаенс қызметі құрылып, Академиялық адалдық кодексі қабылданды, этикалық және тәртіптік кеңестер жүйеленді. Тәуекелдерді жыл сайын талдау тәжірибесі енгізілді. Цифрлық ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында барлық емтихандар прокторинг

арқылы өткізіліп, рәсімдер толықтай цифрлық жазбаға алынады. Антиплагиат жүйесі міндетті түрде қолданылады. Сонымен қатар ISO 37001:2016 стандарты енгізіліп, цифрлық экожүйені жетілдіру мақсатында AI-Sana академиялық адалдық модулі әзірленуде.

Академиялық адалдықты ғылыми тұрғыдан дамыту мақсатында құрылған өңірлік «Жаңару» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығы сыбайлас жемқорлықтың себептері мен тәуекелдерін зерттеп, алдын алу бойынша ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірлейді, жастарға бағытталған жобаларды жүзеге асырады. 2021 жылдан бері барлық студенттер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» пәнін оқыса, биылғы жылы «Халел Досмұхамедұлы және адал

азамат» атты жаңа пән енгізілді. Жастар арасында адалдық, жауапкершілік, әділдік, сенім мен азаматтық позиция қалыптастыру жұмыстары «ASU UMIT» волонтерлік клубы, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы, «Жас сана» орталығы, «Таза сессия» акциялары арқылы да нәтижелі жетістіктер көрсетіп отыр. Алдағы уақытта университет адалдық мәдениетін одан әрі дамытуда академиялық адалдық орталығы, «Адал университет – Ашық есеп» жүйесі, тәуелсіз аудит тетігі, мектептерге арналған адалдық бағдарламалары, ғылыми адалдықты бақылау механизмдері бағыттары бойынша жұмысын жалғастыратын болады.

Саламат ИДРИСОВ,
Басқарма төрағасы – ректор





«Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – әркімнің өмір салтына айналуға тиіс. Мемлекеттік аппарат пен бүкіл қоғам жұмылып жұмыс істесе, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Озық ойлы ұлт болу үшін әдептілік, өзара құрмет, ұстамдылық, сыпайылық сияқты қасиеттерді барынша дәріптеген жөн. Азаматтарымыз әдеп пен заңды мәжбүрлікпен емес, саналы түрде сақтауы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев
(2025 жылғы 23 маусымда ҚР Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының
кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі)

Заң мен тәртіп – болашаққа сенімді қадам

2025 жылғы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында заң мен тәртіптің маңызы айрықша атап өтілді. Президент қоғам тұрақтылығының негізгі тірегі – құқық үстемдігі екенін, ал қоғамдық тәртіп пен заң алдындағы жауапкершілік әрбір азаматтың өмір қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін айқын жеткізді. Бұл қағида тек мемлекеттік органдарға ғана емес, бүкіл қоғамға, әсіресе жастарға арналған маңызды бағдар екені түсіндіріледі.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті де осы бағытқа белсене үн қосып, студенттердің құқықтық мәдениетін арттыруға арналған бірқатар жүйелі іс-шаралар ұйымдастырды. Университет қабырғасында прокуратура қызметкерлерімен кездесулер, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған пікір-сайыс алаңдары, интеллектуалды ойындар мен тренингтер өткізілді. Бұл жұмыстар студенттердің құқықтық ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін, әділдікке деген көзқарасын, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға зор ықпал етті.

Тәртіпке бағынатын, адалдықты ту еткен ұрпақ – еліміздің келешегін нықтайтын басты күш. Құқықтық мәдениеті жоғары жастар қалыптасқанда ғана қоғамда әділдік, тәртіп, тұрақтылық пен өзара сенім артады. Осы бағыттағы әрбір шара – болашаққа жасалған нақты қадам, өркениетті қоғамға қарай басталған үлкен жолдың бастауы.

Асылай ӨТЕМІСҚЫЗЫ,
Медиа орталық жетекшісі

Интернет алаяқтықтың қаупі мен оның алдын алу жолдары талқыланды

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің «Экономика және құқық» факультеті, «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасы және «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы РҚБ Атырау облыстық филиалы бірлесіп, «Интернет алаяқтық қылмысынан сақ болайық» тақырыбында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу ұйымдастырды.

Іс-шара «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерлету және жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілді. Кездесуді Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректоры, «ЖАҢАРУ» қозғалысы Атырау облыстық филиалының директоры Саламат Идрисов ашып, интернет алаяқтықтың қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті. Ол құзырлы органдардың бұл бағыттағы жұмысы мен азаматтардың ақпараттық сауаттылығын арттырудың маңыздылығын ерекше тоқталды.

Кездесу барысында қатысушылар интернет кеңістігінде жиі кездесетін фишинг, дипфейк, онлайн саудадағы және инвестициялық алаяқтық, SMS және мессенджерлер арқылы жасалатын қылмыс



түрлерімен танысып, олардың алдын алу жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар интернеттегі жеке деректерді қорғау, қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру бойынша бейнематериалдар көрсетілді. Кездесу соңында университет ректоры Саламат Идрисов қатысушыларға алғыс хаттар табыстап, интернет алаяқтықтың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарының жалғасатынын айтты.

“Заң және тәртіп” жобасы аясында студенттермен құқықтық кездесу өтті



Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде экономика және құқық факультеті, азаматтық құқықтық пәндері кафедрасы және Атырау облысы Полиция департаментінің ұйымдастыруымен “Заң және тәртіп” жобасы аясында студенттермен құқықтық кездесу өтті. Шараның мақсаты – студенттердің құқықтық мәдениетін арттыру, құқық қорғау органдарының қызметімен таныстыру және кәсіби бағдар беру. Кездесуге дінтанушы, тарихшы Ернар Абзалұлы, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының полиция подполковнигі Марьяна Джанғалиева, бас криминалист Жәрдем Тағаев, киберқылмысқа қарсы іс-

қимыл басқармасының полиция капитаны Дәурен Мұханбетәлиев және полиция капитаны Айдын Лұқпанов қатысты. Спикерлер жастар арасында діни сауаттылық, есірткі қылмысының алдын алу, криминалистика, киберқылмыстардың түрлері және полиция органдарына жұмысқа орналасу тәртібі туралы маңызды ақпарат берді.

Іс-шара Студенттер күнімен орайласып, Заң клиникасының белсенді студенттеріне Алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды. Шара соңында кинолог мамандар «Хан» атты қызметтік иттің көмегімен есірткі затын анықтау тәсілін көрсетіп, студенттерге практикалық тәжірибе ұсынды.

Заң және тәртіп: ювеналдық полиция өкілдерімен кездесу өтті



Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде Атырау қаласы Полиция басқармасы Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің ювеналдық полиция бөлімшесінің аға учаскелік инспекторы, полиция майоры Сарсенова Динара және полиция капитаны Доскалиев Максим гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу «Заң және тәртіп» жобасы аясында жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық мәдениетті нығайту, жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды. Қонақтар ювеналдық полиция қызметінің негізгі бағыттары, жасөспірімдермен жұмыс жүргізу ерекшеліктері, құқық бұзушылықтың жиі кездесетін түрлері мен олардың салдары туралы жан-жақты ақпарат берді. Лекция еркін форматта өтті. Студенттер өздерін толғандырған көптеген сұрақтарын қойып, ашық пікір алмасуға мүмкіндік алды. Интернеттегі құқықтық жауапкершілік, кибербуллинг, түнгі уақытта көшеде жүру ережелері, әкімшілік айыппұлдар, студенттердің қауіпсіздігі, тұрмыстық қатынастардағы құқықтық нормалар, төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібі сияқты мәселелер кеңінен талқыланды.

Жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға арналған интеллектуалды сайыс өтті

Экономика және құқық факультеті, менеджмент кафедрасының ұйымдастыруымен Мемлекеттік қызмет мектебінің студенттері үшін құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен “Заң мен тәртіп” жобасы аясында «Менің құқығым және міндетім» тақырыбында интеллектуалды ойын ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – жастардың құқықтық мәдениетін арттыру және азаматтық жауапкершілігін нығайту.

Шараға Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті, Полиция департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті және қалалық прокуратура өкілдері қатысып, өз қызметтері жөнінде ақпарат берді және құқықтық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Шара барысында студенттер мен мемлекеттік орган өкілдері 3 топқа бөлініп, интеллектуалды ойынға белсенді түрде қатысты. Ойын барысында құқық пен міндет тақырыптарына арналған сұрақтар, сондай-ақ нақты жағдаяттарға негізделген ситуациялық тапсырмалар ұсынылып, студенттердің құқықтық ойлау қабілеті мен шешім қабылдау дағдылары бағаланды.

Өткізілген ойын жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, мемлекеттік органдармен тиімді байланыс орнатуға, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен құқық саласына деген қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетіне Нидерланд Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Нико Схермерст арнайы сапармен келді



Кездесуге қоғамдық және академиялық дипломатия офицері Дарын Аманжан, Нидерландтың Құрметті консулы Талғат Иманғалиев, университет басшылығы және халықаралық әріптестік офісі қатысты. Тараптар Қазақстан мен Нидерланд арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты кеңейтудің маңызын атап өтті.

Басқарма Төрағасы – Ректор Саламат Идрисов екі ел университеттері арасындағы білім беру және ғылыми алмасуды дамытуға ортақ қызығушылық бар екенін атап өтті. Академиялық серіктестіктің кеңеюі студенттер мен оқытушыларға жаңа мүмкіндіктер — ұтқырлық бағдарламалары, тәжірибе алмасу және халықаралық үздік тәжірибелерге қол жеткізуге жол ашатыны да ерекше айтылды. Сонымен қатар бірлескен ғылыми жобалар, шетелдік профессорларды тарту және халықаралық стандарттарға сай білім беру бағдарламаларын әзірлеу бағыттары талқыланды. Кездесу тараптардың халықаралық ынтымақтастықты одан әрі

нығайтуға ниетті екендігін көрсетті. Сонымен қатар Нико Схермерс студенттер мен оқытушыларға қонақ дәрісін өткізді. Дәріс барысында дипломат Нидерланд елі туралы кең көлемді ақпарат беріп, мемлекеттің тарихи даму кезеңдеріне, қазіргі стратегиялық бағыттарына және Нидерланд Елшілігінің Орталық Азиядағы басымдықтарына тоқталды. Ол Нидерландтың халықаралық экономикадағы, инновациялардағы және жаһандық дипломатиядағы рөлі туралы айтып, өз елінің мәдениеті мен қоғамына қатысты қызықты деректермен бөлісті. Кездесу еркін сұхбат форматында өтті. Студенттер мен оқытушылар елшіге сұрақтар қойып, дипломатиялық қызметтегі мансап, Нидерланд университеттеріндегі академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері, халықаралық ғылыми жобаларға қатысу және кәсіби тағылымдамалар туралы толық ақпарат алды. Нико Схермерс Нидерланд тарапынан жас мамандарды қолдауға және екіжақты академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін атап өтті.

«Шетелдік тарихшы ғалымдармен кездесу» атты отырыс өтті



Университетіміздің Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Алтынбасов Бахыт Өмірханұлының қатысуымен Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы «Шетелдік тарихшы ғалымдармен кездесу» атты іс-шара ұйымдастырды. Кездесудің негізгі бағыттары халықаралық ынтымақтастықты дамыту, академиялық әріптестікті кеңейту (бірлескен мақалалар, ғылыми жобалар, академиялық ұтқырлық бағдарламалары), сондай-ақ пікір алмасу және тәжірибе бөлісу болды.

Х.Б. Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сайпулла Сапанов институттың қазіргі ғылыми бастамалары мен стратегиялық бағыттары туралы жан-жақты ақпарат беріп, іске асырылып жатқан іргелі жобалар жөнінде баяндама жасады. Сонымен қатар халықаралық ғылыми байланыстарды күшейту мақсатында жиынға қатысып отырған шетелдік әріптестерді таныстырды.

Кездесуге В.Н. Татищев атындағы Астрахан мемлекеттік университеті, Өзбекстан ұлттық университетінің зерттеушілері, Пермь мемлекеттік университетінің ғалымдары, Түркияның Карабук университетінен келген профессорлар, Қырғыз-Түрік Манас университетінің тарихшы профессор-оқытушылары онлайн форматта қатысты.

Профессор-оқытушылар өздерін таныстырып, бірлескен ғылыми мақалалар жазуға, ғылыми жобалар әзірлеуге және ынтымақтастықты дамытуға дайын екендігін білдірді. Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Бақыт Алтынбасов өз сөзінде жиынға қатысқан шетелдік тарихшы ғалымдарға және университетіміздің тарих саласының профессор-оқытушылар құрамына ризашылығын білдірді. Ол халықаралық ғылыми байланыстардың жоғары білім мен зерттеу саласындағы маңызды қозғаушы күш екенін атап өтті.



Рухы биік қайсар тұлға

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде елімізде таэквондо спортын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан, халықаралық дәрежедегі шебер, қара белдіктің 6-дан иегері Мұстафа Өзтүрікке арналған мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Шараға арнайы қонақ ретінде Мұстафа Өзтүріктің қызы Неслихан Өзтүрік, інісі Өмір Тәйжі, Мұстафа орталығының директоры Қайрат Төкенұлы, Атырау облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбол Садықов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Сақтайұлы қатысты. Ісшарада Мұстафа Өзтүріктің күрескерлік жолы, ұлттық рухты көтерудегі еңбегі және ұрпаққа қалдырған өшпес өнегесі жөнінде тағылымды ойлар кеңінен айтылды. Сонымен қатар Атырау облысы әкімдігінің шешімімен Балауса мөлтек ауданында Мұстафа Өзтүрік есімі берілген жаңа көше ашылып, оның рухына арнап арнайы саябақ бой көтергені жеткізілді. Бұл – қазақ таэквондосының негізін қалаған ұлы тұлғаға көрсетілген зор құрмет.

Кездесу барысында университет студенттері өнер көрсетіп, қонақтарға рухани әсер сыйлады. Мұстафа Өзтүрік – тек спорт шебері емес, ұлттық намыстың, жігердің, тәртіп пен отансүйгіштіктің символы. Оның мұрасы – жас ұрпақ үшін үлкен мектеп, елдік рухқа бастайтын айқын жол.



Научный семинар «Возможности коммерциализации технологий для вузов и ученых» прошёл в Атырау

В Атырауском университете им. Х.Досмұхамедова состоялся научно-практический семинар, посвящённый возможностям коммерциализации технологий в Республике Казахстан. Инициатором выступил Совет Директоров университета, а само мероприятие прошло в рамках развития научно-инновационной экосистемы региона.

Спикером семинара стал Арын Амангельдиевич Орсариев — доктор политических наук, международный эксперт в области инноваций и трансфера технологий.

В ходе семинара были рассмотрены ключевые вопросы:

- современные механизмы коммерциализации научных разработок;
- инструменты поддержки ученых и университетов;
- проблемы и перспективы развития инновационной инфраструктуры;
- международный опыт вывода технологий на рынок.

Участники обсудили пути укрепления взаимодействия науки и бизнеса, а также развитие новых проектов, которые могут повысить конкурентоспособность научных результатов. В рамках семинара состоялась презентация книги Арына Орсариева «Зачем растить единорогов?», посвящённой технопредпринимательству. Книга включает 276 реальных кейсов, показывающих,



как учёные и предприниматели превращают исследования в успешный бизнес. Мероприятие завершилось открытой дискуссией, оставив участникам новые идеи, вдохновение и практические инструменты для дальнейшего развития инноваций.

ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР: цифрландыру дәуіріндегі жаңа мүмкіндіктер



Атырау университеті Қазақстан Республикасының 2024 жылдың 1-шілдесінде қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңын негізге ала отырып, ғылым мен инновацияларды дамытуға, ғылыми зерттеулер мен технологияларды коммерцияландыруға, сондай-ақ ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарын ұстана отырып, алға нық қадам жасауда. Аталған заң республикалық деңгейде ғылым мен технологиялық саясатты реттейтін негізгі құқықтық құжат болып табылады. Ол «ғылым», «ғылыми-техникалық қызмет», «инновациялар», «коммерциализация» және т.б. негізгі ұғымдарды нақты анықтап, ғылым саласында мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін бекітеді. Ғылым мен техника, инновациялар – жеке саланың емес, мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік дамуының маңызды бағыты екенін ұмытпағанымыз жөн.

Осы орайда, Атырау университеті «Жас Ғылым» гранттық қаржыландыруға қатысу, министрліктерден, жергілікті атқарушы органдары, бизнес субъектілерінен профессор-оқытушылардың ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларына өтінімдер санын және гранттық қаржыландыру сомасын ұлғайту, инновациялық жобаларды жандандыру, Web of Science, Scopus халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарында ғылыми жарияланымдарының санын көбейту, жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарымен ғылыми ынтымақтастықты ұлғайту, республикалық және халықаралық деңгейде өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурстарына, олимпиадаларға білім алушыларды қатыстыру, зертханаларды материалдық-техникалық жабдықтауды жаңғырту, ғылыми зерттеулер нәтижесін коммерцияландыру бағытын басшылыққа алды. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жолға қоюда Ғылым департаментінің орны зор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен Қазақстан ғылымы жаһандық кеңістікте өз орнын айқындап, инновациялық жобалар мен тың зерттеулер арқылы дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Қ.К.Тоқаев ғылым мен технология саласын мемлекеттік басымдыққа айналдыруды ұсына отырып, 2023 жылы 12 сәуірде Президент жанындағы Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысын өткізді. Ғылым мен білімді инновация, экономика, қоғам дамуы үшін маңызды деп есептеп, мемлекет пен ғылым арасындағы байланысты нығайту, ғылыми кадрларды қолдау, ғылыми ұйымдардың әлеуметтік мәртебесін көтеру, инфрақұрылымды дамыту туралы нақты тапсырмалар бере отырып, «адамзат тарихындағы барлық жетістіктер — білімнің жемісі» екенін айтып, «қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес» деп мәлімдеді.

Бүл үрдісте ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылымды өндірістің тірегіне, экономиканың қозғаушы күшіне айналдыруға мол мүмкіндік жасап отыр. Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті де отандық ғылымды дамытуға айрықша еңбек етіп келеді. Біздің ғалымдарымыз аймақтың өзекті мәселелеріне ғылыми шешімдер ұсынып, өңірлік және халықаралық жобаларға белсене қатысуда. Соның ішінде университетіміздің

ғалымдары ғылыми зерттеулерін жүзеге асыруға және зертханалық зерттеулерін өнертабыс ретінде коммерцияландыруға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылым қорынан» қаражаттар алып, Атырау өңірі ғылымының жетістіктерін еселеді. Бұл ұжымның, оқытушы-профессорлардың, жас докторанттар мен магистранттардың тынымсыз еңбегінің жемісі.

Ғылыми қауымдастықта Scopus пен Web of Science (WoS) базаларына енетін журналдар – әлемдік деңгейдегі ең беделді, жоғары импакт-факторлы ғылыми басылымдардың қатарына жатады. Бұл екі база – халықаралық индексация жүйесі, яғни ғалымдардың зерттеулерін сапасына қарай сұрыптап, әлемнің ең мықты журналдарын біріктіретін платформа. Ғылым департаментінің алдына қойған міндеттерінің бірі – жоғары деңгейдегі ғылыми нәтижені көрсететін басты критерийлердің бірі болып есептелетін Scopus және Web of Science журналдарына жарияланатын мақалалар санын арттыру. Бұл орайда Атырау университеті профессор-оқытушыларының Scopus және Web of Science журналдарына мақала жариялаудың оң үрдісі байқалады.

Соңғы жылдары Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті жоғарылауда. Ғылым докторлары, ғылым кандидатарымен қатар PhD академиялық дәрежесін қорғаған философия докторларының саны артып келеді. 2025 жылы 12 ғалым оқытушымыз еліміздің беделді жоғары оқу орындарының докторантурасына оқуға түсті. Мұның ішінде мақсатты гранттармен, атап айтсақ, Экономика, Журналистика және репортерлік іс, Педагогика және психология, Биология білім бағдарламалары бойынша оқуға түскен докторанттарымыз да бар. Докторанттарға арналған мақсатты гранттар – жоғары оқу орындарындағы ғылыми кадрларды дайындаудың стратегиялық тетігі. Мұндай гранттар университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға, кадрлық базасын нығайтуға және бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге тікелей әсер етеді. Мақсатты гранттар ғылыми жобалардың санын арттырып, халықаралық деңгейдегі мақалалардың, Scopus/WoS жарияланымдардың өсуіне ықпал етіп, университеттің ғылыми индексын, жалпы рейтингтерін (QS, THE т.б.) жоғарылатып докторанттардың зерттеу жүргізуіне толық жағдай жасайды.

Ғылыми зерттеу институттары – мемлекеттің ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыратын стратегиялық маңызы бар құрылымдар. Олар фундаменталды және қолданбалы білімді дамытатын, жаңа технологияларды әзірлейтін, қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени прогресін қамтамасыз ететін негізгі ғылыми орталықтар болып табылады.

Қазіргі таңда университетте төмендегідей Ғылыми-зерттеу институттары зерттеу жұмыстарын жүргізеді:

- ХБ.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы;
- Физика, математика және цифрлық технологиялар;
- Экология, био және нанотехнология;
- Қазақстан халқы Ассамблеясы институты.

Бұл Ғылыми-зерттеу институттары ғылымның дамуын ұзақ мерзімді келешекте өз бағыттары бойынша қамтамасыз етеді.

2025 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ҚР ҒЖЖБМ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында 11 ғылыми жобалар іске асырылуда, оның ішінде Гранттық қаржыландыру бойынша 6 жоба, сондай-ақ «Жас ғылым» жобасы бойынша 5 жоба іске асырылуда. Сонымен қатар, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында 3 жоба, 1 коммерцияландыру жобасы және 4 университетішілік жобалар орындалуда.

Ғалымдарымыз аймақтық экология, энергия тиімділігі, биоресурстар және әлеуметтік инновациялар бағыттарында жобаларды жүзеге асырып, ғылыми жарияланымдар мен гранттар саны артты.

Ғылыми жасақтамаларды коммерцияландырудың заманауи тетіктері, ғалымдар мен университеттерді қолдау құралдары және инновациялық инфрақұрылымды дамытудың мәселелері мен келешегі, технологияларды нарыққа жылжытудың халықаралық тәжірибесі қарастырылған ғылыми семинарлар Атырау университетінде үздіксіз ұйымдастырылуда. Осы оқу жылында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Директорлар кеңесінің бастамасымен және өңірдің ғылыми-инновациялық экожүйесін дамыту шеңберінде «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен ғалымдары үшін Технологияларды коммерцияландыру мүмкіндіктері» атты ғылыми семинар ұйымдастырылды (спикер – саясаттану ғылымдарының докторы, инновациялар және технологиялар трансфері саласындағы

халықаралық сарапшы Арын Амангелдіұлы Орсариев).

Университет ғалымдарын ғылыми зерттеуге ынталандыру үшін 2022-2023 оқу жылынан «Зерттеуші», «Оқытушы – зерттеуші» лауазымдары енгізілді, артықшылығы конкурс нәтижесімен ғалым-оқытушылар осы лауазымдарға сәйкес келсе, аудиториялық сағаты азайтылып, ғылыммен айналысуға мүмкіндіктері молынан болады.

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы»-ның «тарих және археология», «педагогика және психология», «экономика», «құқық» бағыттары ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдар тізбесіне кіреді. Ғылыми журналда осы бағыттар бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың, ізденушілердің мақалалары жарияланады. Журналдың бас редакторы – п.ғ.к., профессор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы.

Атырау университеті 8Do2201-Тарихшы-зерттеуші білім бағдарламасымен PhD докторлар даярлау бойынша білім беру қызметін атқаруға лицензия алған болатын. Жоғары оқу орнында кадрлар даярлау жаңа деңгейге көтеріліп, аталған білім бағдарламасы бойынша екі докторантымыз білім алуда. Сонымен қатар Атырау университетінде ғылым кандидаты немесе PhD дәрежесін алғаннан кейінгі ғылыми зерттеу кезеңі болып табылатын постдокторантура бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Жас ғалымдарға өз зерттеу бағытын тереңдетуге, жаңа дағдылар игеруге және болашақта дербес зерттеуші ретінде қалыптасуға мүмкіндік бере отырып, импакт-факторлы журналдарда мақалалар жариялануға ынталандырады. Постдокторантура бағдарламасы бойынша университетішілік конкурстық іріктеуден өткен екі постдокторантымыз бағдарламаны сәтті аяқтап, нәтижесінде Әйектеу индексі көрсетілетін Scopus және Web of Science журналдарына Атырау университеті аффиляциясымен Q1-Q2 квартильде Н.А.Курмановтың 11 және Ж.М.Сабитовтың 9 мақалалары жарияланған болатын.

2024-25 оқу жылында Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқыған магистранттар диссертацияларын сәтті қорғады. Қос диплом бағдарламасын іске асыру арқылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының білім алушылары магистратурада Түркияның Нигде Омер Халис-демир университетінде қоса оқыды. Бұл олардың болашақта Қазақстан мен Түркияда кедергісіз еңбек етуіне мүмкіндік береді. Бұдан басқа «Экология» білім бағдарламасы бойынша Ресейдің Астрахан мемлекеттік техникалық университетімен келісім шарт жасалған. Қос диплом бағдарламасы бойынша бірнеше шетелдік жоғары оқу орындарымен келісім жасау жалғасуда. Жалпы соңғы жылдары 20-дан астам шетелдік университеттермен келісімдер жаңартылып, Erasmus+, Mevlana, DAAD бағдарламалары арқылы академиялық ұтқырлық кеңейді. Университет БҰҰ ТДМ мақсаттарын іске асырушы жоғары оқу орындарының қатарына енді.

Студенттерді қолдау және ғылымға баулу жүйелі түрде жүргізілуде. Нәтижесінде студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасымен Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурсынан білім алушыларымыз жүлделі орындардан көрініп, Атырау университетінің маман даярлаудағы жемісті жұмыстарының нәтижесін дәлелдеп келеді.

Соңғы 10 жылда алғаш рет Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «базалық ЖОО» мәртебесін алып, 3 бағыт бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы республикалық конкурсының ІІ кезеңін өткізді:

- 6Bo1101- «Педагогика және психология»;
- 6Bo1704- «Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»;
- 6Bo5401- «Қолданбалы математикалық модельдеу».

Атырау университетінің Ғылым департаменті ғылымға бет бұрушы әрбір оқытушыға мақала жазу, ғылыми зерттеу, жобалар ұсыну, халықаралық ынтымақтастық, мемлекеттік қолдау, грант, тағылымдама, жас ғалымдарға арналған бағдарламаларға қолжетімділігі саласында қолдауын ұсына алады.

Білім алушыларымыздың ғылыми жетістерге жетуіне, Атырау өңірі ғылымының дамуында университеттің, әріптестеріміздің ықпалы зор. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жұмыс жасайтынымды мақтан тұта отырып, білмнің қара шаңырағының ғасырлық жасында жаңарып өркендеген, ғылым жолында үлкен белестерді бағындырған ЖОО айналуын тілеймін!

Эльмира АДИЕТОВА,
Ғылым департаменті директоры



20 қараша – Дүниежүзілік философия күні: АДАМЗАТ ОЙЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Дүниежүзілік философия күні – адамзат өркениетінің рухани және интеллектуалдық дамуын айшықтайтын маңызды мерекелердің бірі. Бұл күн жыл сайын қарашаның үшінші бейсенбісінде атап өтіледі. Оның бастамашысы – БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО). Мерекенің негізгі мақсаты – философиялық ойлаудың қоғам өміріндегі ролін арттыру, сыни және сындарлы ойлау мәдениетін дамыту, сондай-ақ адамзаттың өзін және әлемді тануға деген талпынысын дәріптеу.

Философия – адам баласының ой-санасының тереңдігі мен ізденісін бейнелейтін рухани құбылыс. Ол өмірдің мәнін, болмыстың табиғатын, адам мен қоғамның, табиғат пен ақиқаттың өзара байланысын түсіндіруге бағытталған әмбебап білім саласы болып табылады.

Философияның мәні және адамзат дамуына ықпалы

Философия – абстрактілі ойдың жиынтығы емес, ол адамзат мәдениетінің, этикалық және дүниетанымдық дамуының негізі. Ежелгі дәуірден бері философия адам мен қоғамның болмысы туралы терең сұрақтарға жауап іздеудің басты құралы болып келеді. Сократтың «Өзіңді таны» қағидасы, Платонның идеялар әлемі туралы ілімі, Аристотельдің логикалық жүйесі – адам ойының бағыт-бағдарын айқындаған іргелі тұжырымдамалар.

Шығыс өркениетінде де философиялық дәстүр ерекше дамыды. Конфуцийдің ізгілік пен адамгершілікке негізделген ілімі, әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатындағы қоғам мен адамның үйлесімді өмір сүруі жөніндегі көзқарасы, Ибн Синаның ақыл мен сенімнің үйлесімі туралы ілімі – философиялық ойдың әмбебап сипатын дәлелдейді.

Философиялық білімнің басты құндылығы – ой



еркіндігін қалыптастыруында. Ол адамды сұрақ қоюға, күмәндануға, дәлелдеуге және логикалық тұжырым жасауға үйретеді. Қазіргі жаһандану жағдайында философия тек академиялық пән ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық диалогты нығайтатын, технологиялық прогрестің адамгершілік өлшемін айқындайтын және этикалық бағдар ұсынатын рухани-әлеуметтік құрал ретінде маңызды рөл атқарады.

Қазақ философиялық дәстүрінің ерекшелігі
Қазақ халқының философиялық ойлау жүйесі ұлттық болмыспен, табиғатпен үйлесімде өмір сүру қағидаттарымен, рух пен ар ұғымдарымен тығыз байланысты. Қазақ дүниетанымының өзегінде адам мен әлемнің үйлесімді тұтастығын сақтау идеясы



жатыр.

Ортағасырлық түркі өркениетінің ірі өкілі әл-Фараби өз еңбектерінде адам мен қоғамның рухани жетілу жолдарын терең талдап, кемел қоғам тұжырымдамасын ұсынды. Оның пікірінше, адам бақытқа жету үшін білім мен ізгілікті ұштастыруы қажет. Бұл идеялар кейінгі дәуірдегі қазақ ойшылдарының дүниетанымына зор ықпал етті.

Абай Құнанбайұлының “Толық адам” ілімі мен Шәкәрім Құдайбердіұлының “Ар ілімі” – қазақ философиясының гуманистік бағытын айқындайтын іргелі дүниелер. Бұл ілімдерде адамгершілік, әділет, мейірім, еркіндік сияқты құндылықтар рухани жетілудің өзегі ретінде қарастырылады. Абайдың «Адам бол» қағидасы мен Шәкәрімнің «ар-иман тазалығы» туралы ойлары қазіргі заманның этикалық және экзистенциалдық мәселелерімен тығыз үндес.

Қазақ философиялық дәстүрінің тағы бір ерекшелігі – оның ауыз әдебиетімен, шешендік өнермен және жыраулар поэзиясымен табиғи байланысында. Асан Қайғы, Бұқар жырау, Шал ақын сынды ойшылдар өз толғауларында өмірдің мәні, ел бірлігі, адам мен қоғамның үйлесімділігі жөнінде терең философиялық пайымдар қалдырды. Осылайша, қазақ философиясы – ұлттың рухани болмысын айқындайтын өміршең идеялар жиынтығы.

Сайып келгенде, Дүниежүзілік философия күні – тек ойшылдарға арналған мереке емес, бүкіл адамзаттың рухани өзегін жаңғыртатын, сананы тәрбиелейтін ерекше күн. Философия адамды ойлануға, өз өмірінің мәнін ұғынуға, ізгілік пен әділетке ұмтылуға жетелейді.

Қазіргі заманда ғылым мен технология қарқынды дамыған сайын философиялық ойлаудың қажеттілігі арта түсуде. Өйткені философия адам әрекеттерінің моральдық және мәдени салдарын саралауға мүмкіндік береді. Ол қоғамның тұрақты дамуының рухани тірегі, өркениеттер арасындағы түсіністік пен бейбітшіліктің дәнекері.

Сондықтан философияны дәріптеу – адамзаттың интеллектуалдық болашағын қорғау, рухани байлығын арттыру және адам болмысының мәнін терең түсінуге жол ашу деген сөз.

Сағынгерей АЙМҰРАТОВ,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер
факультетінің деканы филос.ғ.к.

Университеттер мен индустрия: Қазақстандағы әріптестікті дамытудың жаңа кезеңі

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі соңғы жылдары қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеріп келеді. Интернационалдандыру саясаты, шетелдік университеттердің филиалдарын ашу, қосдипломдық бағдарламаларды енгізу, академиялық ұтқырлықты кеңейту – осының барлығы еліміздің жаһандық білім кеңістігіне терең кірігуіне жол ашып отыр. Әрине, мұндай ауқымды реформаларды іске асыру елеулі қаржылық ресурстарды қажет етеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жоғары білім беру саласын тек мемлекеттік бюджет есебінен дамыту мүмкін емес. Сондықтан университеттердің тұрақты дамуы үшін жеке сектордың, кәсіпкерлердің, филантроптардың және индустрияның қолдауы аса маңызды факторға айналып отыр.

Батыс елдерінің тәжірибесіне көз жүгіртсек, көптеген беделді университеттердің қалыптасуында жеке капиталдың ықпалы зор болғанын байқаймыз. Ұлыбритания мен АҚШ-та XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында дамыған филантропиялық мәдениет жоғары білімді жетілдіруде ерекше рөл атқарды. Мәселен, Стэнфорд университетінің қалыптасуына кәсіпкер Леланд Стэнфордтың қаржылай демеуі себеп болса, АҚШ-тағы Айви Лигасына кіретін университеттердің көпшілігі өнеркәсіп жетекшілері мен ірі кәсіп иелерінің қолдауымен нығайды. Тіпті темекі мен алкоголь өнімдерін өндірушілер, кей жағдайда күмәнді капитал иелері де жоғары білімге инвестиция құю арқылы елдің болашағына үлесін қосқан деп есептеледі. Бұл мемлекеттер үшін қаржының таза не «күмәнді» болуы емес, оның ұлттық дамуға бағытталуы маңыздырақ болды.

Қазақстан да дәл осындай жаңа кезеңнің табалдырығында тұр. Жоғары білімді жаңғырту, халықаралық тәжірибені енгізу, адами капитал сапасын арттыру – мұның барлығы университеттердің қаржылық тұрақтылығымен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, университеттер мен индустрия арасындағы әріптестік еліміздің ұзақмерзімді дамуындағы стратегиялық тетікке айналып келеді. Алайда серіктестік екі тарапқа да тиімді болуы тиіс. Қазіргі таңда ынтымақтастық көбіне заңмен реттелген талаптар шеңберінде қалып отыр. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялар университеттерге қаражат бөлуге міндеттелгенімен, бұл талаптар жиі орындалмайды. Ал жергілікті деңгейдегі бақылау тетіктері әлсіз болып отырғандықтан, серіктестік формальды сипаттан аса алмай келеді.

Соңғы зерттеулер университеттер мен индустрия арасындағы байланыстардың дамуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелерді анықтады. Біріншіден, директорлар кеңестерінің белсенділігі төмен. Олар индустриямен ұзақмерзімді стратегия қалыптастыруға жеткілікті деңгейде ықпал ете алмай отыр. Екіншіден, университет басшылығының сыртқы серіктестермен жұмыс істеу тәжірибесі жеткіліксіз, бұл бизнес құрылымдарымен тиімді коммуникация орнатуды қиындатады. Үшіншіден, индустрия тарапынан да қызығушылық бірдей деңгейде емес. Кейбір өңірлерде жергілікті атқарушы органдар екі тараптың байланысын нығайтуға бастамашы болып келеді, алайда бұл кең таралған тәжірибе емес. Мұндай жағдайда жүйелі шешімдер қажет. Қазақстан инновациялық экономика қалыптастыру кезеңінде тұрғандықтан, университет-индустрия әріптестігі ұлттық деңгейдегі басым бағыттардың біріне айналуы тиіс. Бұл үшін университет басшыларының басқарушылық және келіссөз жүргізу дағдыларын дамыту, бизнес үшін тартымды ынталандыру тетіктерін қалыптастыру, директорлар кеңестерінің ролін күшейту, аймақтық кәсіпорындармен ұзақмерзімді байланыстар орнату маңызды.

Университеттер мен индустрия арасындағы шынайы серіктестік – бұл тек білім саясатының бір элементі емес, елдің технологиялық дамуы мен экономикалық болашағына салынған маңызды инвестиция.

Бақыт АЛТЫНБАСОВ,
Стратегиялық даму және
интернационалдандыру
жөніндегі проректор

Атырау университетінің интернационалдануы және халықаралық танымалдығы



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті соңғы жылдары халықаралық білім беру кеңістігінде өз орнын нығайта түсуде. Интернационалдандыру, шетелдік жоғары оқу орындарымен тұрақты әріптестік орнату, академиялық мобильділікті кеңейту – университет дамуының басты стратегиялық бағыттарының бірі.

Университет қызметінің маңызды бағыттарының бірі – шетелдік оқу орындарымен желілік серіктестікті кеңейту. Бүгінде оқу орны 91 халықаралық келісім негізінде жұмыс істейді, оның 10-ы 2025 жылы жасалған. Жалпы динамика оң жаңа келісімдер саны артып, белсенді әріптестер қатары ұлғайып келеді. Халықаралық серіктестіктің негізгі бөлігі ТМД елдерінің университеттерімен – Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Ресей және Түркия жоғары оқу орындарымен байланыстарды қамтиды. Мұндай бағыт университетке білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге, ғылыми коммуникацияны дамытуға және өңірлік университетаралық кооперацияны күшейтуге мүмкіндік береді. Университет кіріс және шығыс академиялық мобильділік бағыттарын жүйелі түрде дамытып келеді. Студенттерге шетелде білім алу немесе тағылымдамадан өту мүмкіндігі бірнеше бағдарлама арқылы ұсынылады: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (МНВО), Erasmus+, ORHUN, «Ортақ білім беру», сондай-ақ университеттің ішкі қолдау бағдарламалары.

2025 жылы 39 студент шетелге академиялық мобильділікке жіберілді «Орхун» бағдарламасы бойынша – 8 студент (Түркия), МНВО РК бағдарламасы бойынша – 12 студент (Польша), «Ортақ білім беру» – 6 студент (Түркия), Erasmus+ – 1 студент (Франция), университеттің қолдауымен – 12 студент (Әзербайжан, Түркия). Кіріс мобильділігі аясында «Орхун» бағдарламасы бойынша – Түркия және Қырғызстаннан 6 студент, қос диплом бағдарламасы бойынша – 1 студент (Түркия). Профессор-оқытушылар құрамы да академиялық мобильділікке белсенді қатысуда. 2025 жылы «Орхун» бағдарламасы аясында университеттің 12 ғалымы Түркия, Қырғызстан және Өзбекстан университеттерінде тәжірибе алмасып қайтты. Сонымен қатар, ПУО факультетінің 4 оқытушысы Erasmus+ бағдарламасы бойынша Францияның Пуатье университетінде халықаралық тағылымдамадан өтті.

Интернационалдандырудың маңызды көрсеткіштерінің бірі – шетелдік студенттер контингентін кеңейту. 2025 жылы Атырау университетінде Ресей, Армения, Пәкістан, Әзербайжан, Түркия, Өзбекстан және Түрікменстаннан келген 69 шетелдік студент білім алды. Университет шетелдік ғалымдарды тарту жұмыстарын да күшейте түсуде. 2025 жылы Өзбекстан, Түркия, Иран, Литва, Эстония және Польша елдерінен 12 профессор дәріс оқу және мастер-класстар өткізу үшін шақырылды. Олардың ішінде «Орхун» бағдарламасы бойынша – 6 профессор, МНВО РК бағдарламасы бойынша – 4 профессор тағы екі ғалымның келуі күтілуде. Әр жыл сайын АҚШ пен Түркия елшіліктері университетке волонтер-оқытушыларды жібереді. 2025 жылы Fulbright бағдарламасының қатысушылары, АҚШ-тан келген оқытушылар, сондай-ақ Түркиядан Лейла Галь мен Адем Өгер қызмет атқаруда. Жыл басында университетке Канададағы Саймон Фрейзер университетінің профессоры Роберт Уильямсон және Түркияның Хаджеттепе университетінің профессоры Ясемин Өзкан ғылыми конференцияға қатысу үшін келді. Сәуір айында магистранттар Түркияның Инёню университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Атырау университеті қос дипломды бағдарламаларды сәтті дамытып келеді. Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан жобалар магистратураның «Филология» бағыты бойынша Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетімен, магистратураның «Экология» бағыты бойынша Ресейдің

Астрахан мемлекеттік техникалық университетімен. Сонымен қатар, Польша университеттерімен жаңа келісімдер жасалды. Гданьск қ. Туризм және қонақүй менеджменті академиясымен – «Туризм және сервис» бағыты, Новы-Сонч қ. Ұлттық Луис университетінің Бизнес жоғары мектебімен – «Информатика және білімді ақпараттандыру» бағыты.

2025 жылдың шілдесінде Нийде Омер Халисдемир университетінің ғылыми жетекшілері Атырау университетіне магистранттардың диссертациялық қорғауына қатысу үшін келді. Бұл қос диплом бағдарламасындағы алғашқы тәжірибе болды. Университетте «Шет тілдері: екі шет тілі» бағыты бойынша Нийде Омер Халисдемир университетімен бірлескен білім беру бағдарламасы жұмыс істейді. Аталған бағдарлама аясында 6 студент әріптес университетте оқып жатыр. Сол жылы университетте басшылығы Түркияның Карабюк университетінің өкілдерімен 2026 жылы Атырауда өтетін ICATCES халықаралық конференциясын ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АССОЦИАЦИЯЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Университет ірі халықаралық академиялық ұйымдармен белсенді жұмыс жүргізуде.

2025 жылдың 16–17 қазанында Каспий жағалауы елдерінің университеттері мен ғылыми орталықтарының XXVII Бас Ассамблеясы өтті. «Каспий экожүйесі: ғылым мен білімнің интеграциясы» тақырыбындағы бұл жиында Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Иран және Түрікменстанның жетекші университеттерінен 24 өкіл қатысты. Сонымен қатар, университет Жібек жолы университеттері Ассоциациясы аясында Қытай Халық Республикасының профессорларын шақыру, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру бағытында келіссөздер жүргізуде. Ынтымақтастық орнату бойынша Иили педагогикалық университеті және Қытай мұнай-газ университетімен жұмыс жалғасуда. Түркітілдес университеттер одағы да университет үшін маңызды халықаралық алаң болып саналады. Одақ академиялық мобильділікті кеңейтуге, білім сапасын арттыруға және ғылыми жобаларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Университет Азия университеттері қауымдастығымен де белсенді байланыста. Қауымдастық Азия елдерінің білім беру кеңістігін біріктіруге, озық тәжірибелерді енгізуге және бірлескен ғылыми жобаларды дамытуға бағытталған.

2025 жыл Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті үшін халықаралық белсенділіктің айтарлықтай өскен жылы болды. Серіктестер саны артты, академиялық мобильділік географиясы кеңейді, халықаралық ғылыми-білім беру жобалары күшейді.

2026 жылға жоспарланған басым бағыттар Финляндия, Эстония, Өзбекстан және Еуропа елдерінің университеттерімен әріптестікті кеңейту, Erasmus+ және «Орхун» бағдарламалары бойынша жаңа жобаларды іске асыру, қос дипломды бағдарламалардың жаңа бағыттарын дамыту, шетелдік студенттер мен профессорлар санын арттыру, ICATCES 2026 халықаралық конференциясын Атырау университеті базасында өткізу. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті халықаралық білім кеңістігіне интеграциялануда және жаһандық академиялық қауымдастықпен ынтымақтастықты нығайта отырып, тұрақты даму траекториясында алға жылжуда.

Жәнібек ТАУАНОВ,
Халықаралық әріптестік және интернационалдандыру кеңсесінің координаторы



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2025–2026 оқу жылындағы жетістіктері

2025–2026 оқу жылы Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультеті үшін ерекше табысты жылдардың бірі болды. Бұл кезеңде факультет профессор-оқытушылар құрамының да, студенттердің де ғылыми-академиялық жетістіктері университеттің 85 жылдық мерейтойымен үндесіп, мемлекеттік және салалық деңгейдегі жоғары марапаттармен бекітілді.

Оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында факультетте екі оқу аудиториясы толық жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Бұл атаулы аудиториялар – ұлттық ғылыми-педагогикалық кеңістікте айрықша із қалдырған белгілі тұлғалардың есімдерін иеленген білім беру орындары. Жаңартылған аудиториялардың бірі – қазақ руханиятына зор үлес қосқан көрнекті жазушы, фольклортанушы, этнограф, баспагер және аудармашы Зейнолла Мүбәрақұлы Сәнік атындағы аудитория болса, екіншісі – белгілі тілші-ғалым, алаштанушы, публицист, баспагер, филология ғылымдарының докторы Әнес Ғарифолла Қабдолқайырұлы атындағы аудитория болып табылады.

Аталған аудиториялардың жаңғыртылуы отбасы мүшелерінің қолдауымен жүзеге асырылып, білім беру кеңістігі қазіргі заман талаптарына толық сәйкес келетін технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілді. Әр аудиторияда ғалымдардың ғылыми еңбектері мен шығармалары топтастырылып арнайы ғылыми-танымдық бұрыш жасақталып, студенттердің білімге және ғылымға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік орта қалыптастырылды.

Биылғы оқу жылындағы маңызды жетістіктердің бірі – факультетіміздің алты жас ғалымы мен оқытушысының докторантураға мемлекеттік грант негізінде қабылдануы болды. Бұл – факультеттің ғылыми әлеуетінің артып келе жатқандығын айғақтайтын елеулі оқиға.

Атап айтқанда, Жәнібек Қалым – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (Алматы) «Журналистика» мамандығы бойынша,

Гүлбарам Құрақ – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің (Астана) «Журналистика» мамандығы бойынша, Байбақты Ідірбай – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының (Алматы), Дәурен Қуандықов – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Тарих» мамандығы бойынша докторантураға қабылданды.

Сонымен қатар күзгі және қысқы қабылдау кезеңдерінде аға оқытушы, магистр, декан орынбасары Гаухар Ай-досынова мен аға оқытушы, магистр Самал Молдашева Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Тарих» мамандығы бойынша докторантурада білімдерін жалғастыратын болады.

Қоғаммен байланыс және журналистика кафедрасының үш магистр-оқытушысы ресми шақырту негізінде Қарақалпақстан мемлекеттік университетіне арнайы іссапармен барып, Қарақалпақ тілі мен әдебиеті мамандығының 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. Бұл сапар Бердах атындағы Қарақалпақстан мемлекеттік университеті мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті арасында жасалған ынтымақтастық туралы екіжақты келісімнің аясында жүзеге асырылды.

Халықаралық конференцияда Атырау университетінің атынан төмендегі оқытушылар мазмұнды ғылыми баяндамалар ұсынды:

- аға оқытушы Қайырова Гүлсара Жоламанқызы «Ақпараттық интеграция арқылы түркі әлемі бірлігін қалыптастыру» тақырыбында;
- аға оқытушы Ахонова Меруерт Иманғалиқызы «Экологиялық журналистика және сапалы ақпарат: ұлттық және жаһандық тәжірибелер» мәселелері бойынша;
- сеньор лектор, магистр Нұрланова Нұргүл Нұрланқызы «Фотожанрлар мен баспасөз жанрлары: ұқсастықтары, ерекшеліктері және фотоөнердің PR технологияларындағы рөлі».

Ұсынылған баяндамалар конференция қатысушылары тарапынан жоғары бағаланып, екі университет арасындағы ғылыми-мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етті. Кездесу

нәтижесінде журналистика мамандығы бойынша студенттер алмасуын ұйымдастыру, бірлескен ғылыми жобаларды жалғастыру және өзара серіктестікті кеңейту жөнінде алдын ала келісімдер жасалды. Сонымен қатар кафедраның үш магистр-оқытушысы болашақта жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу тақырыптарын нақтылап, әрі қарай бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік алды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Бурса Улудаг университетінде тәжірибе алмасу

Сондай-ақ факультеттегі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстарда жүйелі жолға қойылып, өзінің нәтижесін де көрсетіп келеді. Айталық, 2025 жылғы 7 қарашада Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының оқытушылары Мажитов Мырзатай Исатайұлы (өнертану ғылымдарының магистрі, «6Mo42100 – Дизайн» мамандығы бойынша кафедра оқытушысы, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі) және Насипуллаев Еркебұлан Бекбергенұлы (өнертану ғылымдарының магистрі, «Сәулет және құрылыс» факультетінің түлегі, кафедра аға оқытушысы, Еуразия Дизайнерлер одағының мүшесі) Түркия Республикасының Бурса Улудаг университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында кәсіби тәжірибе алмасу мақсатында жұмыс атқарды.

Сапары барысында қатысушылар университеттің өнер және дизайн факультетінің академиялық құрылымымен, оқу бағдарламаларымен, заманауи көркемдік бағыттағы зерттеу жұмыстары мен шеберлік сабақтарының әдістемесімен танысты. Сонымен қатар, олар оқытушылар Севги Үксел Узиноз, PhD, профессор Фиген Кывылджым Чаракбашы және оқытушы Ерхан Мутлугүнмен кездесіп, инновациялық дизайн бағыттары, цифрлық графика, ұлттық сәндік өнер элементтерін заманауи білім беру процесіне интеграциялау мәселелерін талқылады.

Аталған іс-шара халықаралық ынтымақтастық пен кәсіби серіктестікті жаңа деңгейге көтеруге, екі елдің жоғары

оқу орындары арасындағы шығармашылық байланыстарды нығайтуға елеулі үлес қосты. Сондай-ақ, бұл тәжірибе жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыруға және университеттің халықаралық деңгейдегі беделін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасына профессорлық-оқытушылық құрамы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттер де белсенді түрде қатысып келеді. Осыған орай, «Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Кулешов Арсений 2025–2026 оқу жылының күзгі семестрінде «Университет қолдауы» және «Өзін-өзі қаржыландыру» бағыттары негізіндегі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Баку қаласындағы Баку университетінде білім алуда.

Факультетіміздің студенттері арасында мақтан тұтар дара тұлғалар аз емес. Солардың бірі — «Камералық орындаушылық» мамандығының 3-курс студенті Альфия Әділқызы Тлекқабыл Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген спорт шебері» спорттық атағына ие болды. Аталған атақ Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ресми бұйрығы негізінде берілді.

А.Тлекқабыл соңғы бес жыл бойы дзюдо спортымен жүйелі түрде шұғылданып, еңбекқорлығы мен жоғары кәсіби шеберлігінің арқасында бұл марапатқа лайық деп танылды. Спортшының жетістіктері оның кәсіби әлеуетінің жоғары екенін айғақтайды және 2028 жылы Лос-Анджелес қаласында өтетін Олимпиада ойындарында табысты өнер көрсету мүмкіндігіне институтоналдық сенім білдіреді. Сонымен қатар, Альфия Тлекқабыл өнер саласында жан-жақты дарындылығымен ерекшеленеді: ол фортепиано, скрипка және гитара аспаптарында орындаушылық шеберлікке ие, сондай-ақ вокалдық өнермен де айналысады.

2024–2025 жылдарға арналған

факультеттің ғылыми-инновациялық даму жоспары аясында халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар, пәндік бағыттар бойынша дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар жүйелі түрде ұйымдастырылып, жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өткізілді. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде «Scopus» деректер базасына тіркелген және шетелдік беделді ғылыми журналдарда жарық көрген мақалалар саны айтарлықтай артты. Сонымен қатар факультет ғалымдарының авторлығымен бірнеше монографиялар мен оқу құралдары баспадан шығарылды.

Сайып келгенде Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультеті – қазіргі заманауи технологиялар мен цифрлық трансформация талаптарына сәйкес білім беру үдерісін ұйымдастырып отырған жоғары оқу орындарының бірі. Факультет құрылымында ғылыми-педагогикалық әлеуеті жоғары профессор-оқытушылар құрамы қызмет атқарады және олар білім алушылардың теориялық, зерттеушілік және практикалық құзыреттерін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізеді.

Факультетте білім алып жатқан студенттер заманауи білім беру стандарттарына сай дайындалып, болашақта қоғамның түрлі салаларында кәсіби қызмет атқара алатын білікті маман ретінде қалыптасуға мүмкіндігі бар. Оқу үдерісінде ғылыми-әдістемелік жаңашылдықтар мен инновациялық технологиялар кеңінен енгізілген.

Алдағы оқу кезеңдерінде де факультет профессор-оқытушыларының ғылыми-зерттеу, әдістемелік және білім беру салаларындағы нәтижелері одан әрі даму перспективасына ие. Бұл көрсеткіш факультеттің аймақтық және республикалық деңгейдегі академиялық беделін нығайта түсетін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Сағынгерей АЙМҰРАТОВ,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы филос.ғ.к.



ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2025 жылы факультетте жұмыс берушілермен еңбек нарығындағы жағдайды талдай отырып, Экономика кафедрасында бакалавриат бойынша жаңа 6Bo4106 «Маркетинг. Менеджмент. Бизнес», магистратура бойынша 7Mo4117 – «Экономика және басқарудағы бизнес аналитика (бейінді бағыт)» білім бағдарламалары ашылды. Докторантура бойынша 8Do4101 – «Экономика» (ғылыми-педагогикалық), 8Do4102 – «Экономика» (бейінді бағыт) ББ әзірленіп, ЖББП реестрге енгізіліп, мақұлданды.

Факультетте білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндеріне сәйкес ПОҚ 4 оқулық және 3 оқу-әдістемелік құралдарын әзірледі. Атап айтсақ, э.ғ.к., профессор Сабирова Р.К. және э.ғ.м., сенъор лектор Дінғазиева М.Д. бірлескен авторлықта «Мерчендайзинг» оқу құралын, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Избасарова Л.Б. «Бизнес, стратегия және бәсекелестік» оқу құралы, менеджмент магистрі, э.ғ.к., профессор Бакирбекова А.М. «Управление персоналом в государственной службе» атты оқулық, сенъор лектор Тажиденнова А.Р. «Labor and personal economics» оқу құралы, магистр Абузьярова Ж.Р. «Экономикалық ілімдер тарихы» оқу құралы а.ш.ғ.д., қауымдастырылған профессор Дюсегалиев М.Ж. және Ph.D., қауымдастырылған профессор Мугауина Р.У. бірлескен авторлықта «Агрөнөнеркәсіп кешені экономикасы» оқу-әдістемелік құралы, сенъор-лектор Мукашева А.Д. «Кәсіпкерлік негіздері» атты оқу -әдістемелік құралдары баспадан шықты. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг Атырау облысы Экономикалық тергеу-тергеу департаменті бастамасымен «Экономикалық тергеу тексеру» микробіліктілік беру курсы енгізіліп, бүгінгі таңда 13 студент білім алуда.

Факультет бойынша 2025 жылы сенъор-лектор Альдешова С.Б., сенъор-лектор Мукашева А.Д., Мухамедина А.Е. биыл докторантураға түсіп, ғылыми әлеуетті көтеруге ат салысуда. «500 Ғалым» Болашақ бағдарламасы бойынша 3 оқытушы (PhD., қауымдастырылған профессор Р.У. Мугауина, Ph.D, қауымдастырылған профессор Жусупов Р.С., сенъор-лектор Дайрабаева Н.К.) ғылыми тағылымдамадан өтті. 2025 жылғы 6 мамырда «Қаржы және есеп» кафедрасының меңгерушісі Кенжеғалиева Зита Жанабаевна қаржылық қауіпсіздік бойынша дәрістері ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысқан үшін Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг Агенттігі Төрағасының Алғыс хатымен, «Қаржылық қауіпсіздік сабақтары бойынша үздік лектор» номинациясы бойынша V орын, «Қаржылық қауыпсіздік туралы» дәрістер оқуда Қазақстан Республикасы Қаржы мониторинг Агенттігінің үздік 5 лекторы атағын иеленгені үшін Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг Агенттігі Төрағасының Дипломмен және 300 000 теңге мөлшерінде сертификатпен марапатталды.

2025 жылдың 24 мамырында Университеттің 85 жылдығына орай және «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында «Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру – болашақ әлауқаттың маңызды факторы» атты мектеп оқушылары арасында облыстық олимпиада өтті. Олимпиаданы ҚР қаржылық мониторинг агенттігінің Атырау облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті мен Атырау университеті ұйымдастырды. Ұйымдастырылған олимпиадаға Атырау облысы мен Атырау қаласының жалпы

орта білім беретін мектептерінің 11-сынып оқушылары қатысты.

2025 жылы 4 маусымда Алматы қаласында Туран Университетінде өткізілген XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиадада 6Bo4107-Маркетинг ББ 3 курс студенттері Қапаров Б.Ж., Ким К.В., Кушалиев Е.С. жүлделі 3 орынды жеңіп алды (Ғылыми жетекшісі Дінғазиева М.Д.).

2025 жылдың 3 мамырында «Алматы технологиялық университеті» «Bo45 Аудит және салық салу» білім беру бағдарламалары тобы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында XVII Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңі өтті. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломымен Бершқали Айымгүл Назарқызы (ғылыми жетекші Ph.D, қауымдастырылған профессор Кенжеғалиева З.Ж.), ал «Алматы технологиялық университеті» АҚ III дәрежелі дипломымен Бершқали Айымгүл Назарқызы, Елемес Гүлжанат Досымжанқызы, Мұхит Айкүн Мұхитқызы марапатталды.

2025 жылғы 27–28 наурыз аралығында профессор А.В. Новиков атындағы бағалы қағаздар нарығы бойынша XXIV Халықаралық студенттік олимпиада өтті. Олимпиадаға 8 елден 310 адам қатысты, олардың арасында Беларусь, Боливия, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Нигерия, Ресей және Тәжікстан өкілдері бар. Қазақстан Республикасы атынан 6Bo4105 «Қаржы және аналитика» ББ 4-курс студенті Аманкелдіқызы Арайлым (ғылыми жетекшісі э.ғ.к. Г.Н.Сүлейменова) қатысып, 3-ші орынды иеленді.

2025 жылдың 27 мамырында Астана қаласында Қаржы қауіпсіздігі бойынша ұлттық олимпиаданың финалы өтті. Олимпиадаға Атырау университетінің 125 білім алушысы тіркелді. Құқықтану, экономикалық бағыттағы білім алатын студенттер мен ғылыми-педагогикалық бағыттағы 1-курс магистранттары олимпиаданың 1-ші кезеңі онлайн тестілеуге қатысып, 65 білім алушы сәтті өтіп шықты. Ал екінші эссе жазу кезеңінен Экономика және мемлекеттік басқару ББ 3 курс студенті Данияр Джумаш үздік 40 қатысушының қатарына еніп, финалға өтті.

Финалда үздік 40 қатысушы шахматтан фиджитал-спорт турниры, сауалнамадан және квест зияткерлік ойындарынан іріктеуден өтіп, 10 жеңімпаз анықталды. 6Bo4103 Экономика және мемлекеттік басқару ББ студенті Джумаш Данияр жеңімпаздар қатарында ұлттық команда құрамына енді.

11.11.2025ж академик Е.А.Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университетінің ұйымдастыруымен өткен ҚР-ның Конституциясы мен мемлекеттік рәміздерінің негіздерін білуге арналған жыл сайынғы олимпиадасынан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің “Ата Заң” командасы (Құқық қорғау қызметі мамандығының 3 курс студенттері топ капитаны Сабиудуллина Айзада, топ мүшелері Куат Дана және Мурзағалиева Аружан) 1 орын алды. Ғылыми жетекші з.ғ.м. Тажгарина Б.Қ.

Студенттердің ғылыми жұмысындағы ең үздік жетістік – Венера Наурызованың жетекшілігімен 2-курс студенті А.Сабиудуллинаның «Құқық» бағыты бойынша ҚР жоғары оқу орындары студенттерінің жыл сайынғы ғылыми-зерттеу жұмысы конкурсының нәтижесі бойынша Министрліктің I дәрежелі дипломымен марапатталуы болды.

2025 жылдың мамыр айында

«Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» КеАҚ негізінде ұйымдастырылған «Bo46 Қаржы, экономика, банктік және сақтандыру ісі» білім беру бағдарламалары тобы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында ғылыми зерттеу конкурсының II кезеңі өтті. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломымен «Қазақстан банк секторындағы цифрлық клиенттік тәжірибені оптимизациялауда нейромаркетингті қолдану: кросс-промоушен тиімділігін және қаржылық сауаттылықты арттыру» тақырыбындағы ғылыми жұмысын ұсынған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 6Bo4105 Қаржы және аналитика ББ 3 курс студенті Атшыбаева Әсемгүл марапатталды.

1-қазан 2025ж. күні Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Этномедиация ұйымдастыруымен, «Елдесу және татуласу» жобасы аясында «Этномедиация: қайшылықтарды жеңу және бірлік құру» тақырыбында студенттер арасында эссе байқауының жеңімпаздары:

I-орын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 6Bo4202-«Құқық қорғау қызметі ББ-ның» 3-курс студенті Сабиудуллина Айзада иеленді. Ғылыми жетекшісі – Т.А. Идрисова

II-орын – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 6Bo4202-«Құқық қорғау қызметі ББ-ның» 1 курс студенті Полякова Снежана ғылыми жетекшісі – Н.А. Лукманова

III-орын – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 6Bo4202-«Құқық қорғау қызметі ББ-ның 4-курс студенті Ажғалиева Акбота ғылыми жетекшісі – Н.А. Лукманова

Ресейдің Москва қаласында өткен «Өзгермелі әлемде банк бизнесінің жаңалығы» атты халықаралық панельдік студентік дискуссияда 6Bo4107-Маркетинг ББ 3 курс студенті Қапаров Бекжан 2 дәрежелі дипломмен марапатталса (Ғылыми жетекшілері Сабирова Р.К., Динғазиева М.Д.), 6Bo4101 – Экономика 2 курс студенті Жумаханов Алмаз 2 дәрежелі дипломмен марапатталды (Ғылыми жетекшілері: Тажиденнова А.Р., Мугауина Р.У).

Белоруссия сауда-экономикалық университеті ұйымдастырған «Жастар және кәсіпкерлік» атты XIII Халықаралық StartUp жобалар чемпионатында 6Bo4107-Маркетинг ББ орыс тобының студенттері Кушалиев Ербол, Ким Кирилл (Ғылыми жетекшісі Дінғазиева М.Д.), 6Bo4107-Маркетинг ББ қазақ тобының студенттері Михайлова А., Мералиева А., Танатаров Д. (Ғылыми жетекшісі Джумаева А.К.) «Ең үздік жоба» номинациясын жеңіп алды.

Алматы қаласында Туран университеті ұйымдастырған I Халықаралық студенттік жобалар байқауында 6Bo4107 Маркетинг 3 курс студенттерінен (Михайлова Алина, Қайролова Анель, Жарылғасинова Жұлдыз) құралған топ 3 орынға ие болып, дипломмен марапатталды (Ғылыми жетекшілері: Мугауина Р.У., Тажиденнова А.Р.).

6Bo4107 Маркетинг ББ білім алушылары Мералиева А. және Михайлова А. Баку қаласындағы Әзербайжан архитектура және құрылыс университетінде академиялық ұтқырлық бойынша 1 семестр оқып, жоғары жетістікпен аяқтады.

Академиялық ынтымақтастық жөніндегі екі жақты келісім шарт негізінде академиялық ұтқырлық жүзеге асыру мақсатында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінен 7Mo4104

Есеп және аудит ББ 1 курс магистранты Дүйсенова Р.Б. Атырау Университетіне;

Халықаралық әріптестік және интернационалдандыру кеңсесі «Орхун» академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 6Bo4105-Қаржы және аналитика ББ 3 курс студенті Мұратов Заңғар Түркия мемлекетінің Алааддин Кейкубат Аланья университетінде;

6Bo4105-Қаржы және аналитика ББ 3 курс студенті Табылды Алишер Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқып келді.

ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында өткен ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауында 6Bo4103 Экономика және мемлекеттік басқару білім беру бағдарламасы бойынша Кубегенова Саягүл, Қабази Т. III орынға ие болды.

«Торайғыров университі» КеАҚ. Арыстанбек Т.М. халықаралық студенттік ғылыми жұмыстар байқауына экономикалық мамандықтар бойынша «Тұрақты даму экономикасының қазіргі жаһандық үрдістері» тақырыбындағы жұмысы үшін III дәрежелі, Мәлікова Н.Қ., Аққалиқызы З.,Жумабаева А.А. «Экобрендингтің кәсіпорынның тұрақты дамуына әсері: теориялық және тәжірибелік аспектілері» тақырыбындағы жұмысы үшін III дәрежелі диплом алды.

6Bo4102 Саладағы менеджмент ББ 1 курс студенттері — Топильская Л.және Чеснакова Э., «Менеджмент» бағыты бойынша халықаралық онлайн олимпиада қорытындысымен жүлделі 1 және 2 орын алды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында өткен ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауында 6Bo4103 Экономика және мемлекеттік басқару білім беру бағдарламасы бойынша Кубегенова Саягүл Ержановна, Қабази Тоғжан Ерланқызы III орын алды.

Павлодар облысында жастар арасында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сана-сезім мен құқықтық мәдениет деңгейін қалыптастыру мақсатында өткізілген “Anticraft-2025” республикалық антикоррупциялық квест-ойынының 2-дәрежелі дипломмен Х.Досмұхамедов университетінің “Ар мен Заң” командасы марапатталды. Ғылыми жетекші: з.ғ.м. Тажгарина Б.Қ.

2025 жылдың 30 тамыз – Конституция күніне орай «Мен Конституцияны жатқа білемін» конкурсы ұйымдастырылды. Бұл конкурс алғаш Конституцияның жиырма жылдығына орай ұйымдастырылып, әр жылдары тұрақты өтіп, он жыл бойы отыздан астам студенттер университеттің оқу гранттарына ие болды. Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының жанынан «Заң клиникасы» жұмыс жасайды. Заң клиникасы – құқықтық білім беру мен тәжірибелік машықтанудың заманауи үлгісі ретінде жоғары оқу орны студенттерін кәсіби бағытта дамытуға және Атырау облысы халқына тегін заң көмегін беретін әлеуметтік жоба болып табылады. Жетекшілері Ж.Жағыпар, Д.Айтмұханова. 2024–2025 оқу жылында қорытынды аттестаттау алғаш рет компьютерлік тест түрінде өткізілді. Жаңаша ұйымдастырылған қорытынды аттестаттауда бітірушілер жақсы нәтиже көрсетті. 2025 жылғы нәтижелер 2026 жылда жалғасын табады деген сенімдеміз.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024–2025 оқу жылындағы жетістіктері

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Инновациялық білім беру факультеті 2024–2025 оқу жылында бірқатар маңызды бастамалар мен нәтижелі жобаларды жүзеге асырып, өңірдегі педагогикалық білім берудің жетекші орталығы ретінде позициясын нығайта түсті. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы дуалды оқыту, кәсіби бағдар беру, педагогтердің құзыреттілігін дамыту бағыттарында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. “Baby City” ЖШС мектеп-балабақша кешенімен жасалған меморандум нәтижесінде 6В01301 – «Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы» білім бағдарламасының студенттері А.Орынбаева мен К.Өтеуова екі оқу жылы бойы дуалды жүйемен оқып, педагог-ассистент ретінде еңбек етіп, тұрақты жұмысқа орналасты. Биыл бұл тәжірибе жалғасын тауып, N20 «Алтын балық» арнайы балабақшасымен меморандум жасалып, 6В01201 білім беру бағдарламасының студенті Ә.Қуанышева дуалды оқыту негізінде тәрбиеші қызметіне қабылданды. Кафедраның «PROF қадам: кураторлық және тәлімгерлік» жобасы 2022 жылдан бері табысты жұмыс істеп келеді. N40, N41 мектептер, BINOM SCHOOL желісі және «Farabi International School» базаларында өтетін бұл жоба студенттердің кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді. Жоба ерекшелігі – қатысушыларға университет ректорлық бұйрығымен төлемсіз берілуі. Сонымен қатар, 2024 жылдан бастап Мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерінің дәстүрлі Республикалық слеті ұйымдастырылып, онда еліміздің түрлі өңірлерінен сарапшылар, ғалымдар, педагогтер қатысып, өзекті мәселелер талқыланды. Кафедра оқытушылары Кинжибаева Ф.Б., Муханбетжанова А.У., Утешкалиева А.М., Испанова Ә.Ж., Мусина А.А. және магистрант Бисалиева Ш.С. университетішілік жобаны ұтып алып, мектеп бітірушілермен кәсіби бағдар жұмысын жүргізді. Осы жоба аясында «Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулық» жарық көрді. Сондай-ақ ерте кәсіби

бағдарлауға арналған 300 сағаттық микробіліктілік әзірленіп, білім беру бағдарламаларына енгізу жоспарлануда. Студенттер де республикалық және халықаралық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. «Bilim Force» командасы «Atyrau Youth Hackathon» конкурсында 2-орын алып, педагогтерге арналған Pro Mentor қосымшасын таныстырды. Республикалық пәндік олимпиадада «Tamga» командасы «Үздік бейне сабақ» номинациясын жеңіп алды. Сонымен қатар, кафедра оқытушылары түлектерге геймификация бойынша 80 сағаттық курс өткізіп, сертификаттар табыстады. Психология және педагогика кафедрасы да 2024–2025 оқу жылында мазмұнды ғылыми-зерттеу, әдістемелік, инклюзивті білім беру бағытында қарқынды жұмыс атқарды. Білім бағдарламалары бойынша 73 пән жүргізіліп, профессор С.К.Нурмуқашеваның жаңа оқу құралы жарық көрді. К.О.Казиев бастаған ғылыми топ екі авторлық куәлік алып, кафедра оқытушылары бірнеше онлайн курс әзірледі. КРІ көрсеткіші бойынша кафедра университет көлемінде 100% нәтижеге қол жеткізді.

Студенттер республикалық ғылыми-зерттеу конкурстарында, олимпиадаларда, халықаралық жарыстарда үздік орындарға ие болды. Ресейдің Пенза қаласында өткен ғылыми байқауда Әділханова Аяулым I орын алып, университет абыройын асырды. Логотип студенттері, психология және педагогика мамандығының өкілдері бірнеше конференцияларда жүлдегер атанды. Кафедра 2024–2025 оқу жылында халықаралық деңгейдегі екі маңызды ғылыми конференцияны жоғары деңгейде өткізді: Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған патриоттық бағыттағы ғылыми-тәжірибелік конференция және инклюзивті білім беру жөніндегі халықаралық форум. Соңғы конференцияда Канаданың Simon Fraser University профессоры Роберт Уильямсон қатысып, ғылыми ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді. Инклюзивті білім беру бойынша кафедра жылына екі рет ауқымды біліктілік арттыру курстарын ұйымдастырып, облыс педагогтерінің кәсіби дамуына үлкен үлес қосты. Сонымен қатар «Аутист балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу» аймақтық фо-

румын өткізу арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселесін өңірлік күн тәртібіне көтерді. Кафедра профессорлары Шугаева Г.К. мен Койшыгулова Л.Е. ҚР Ғылым комитетінің бағдарламалық гранттық жобасы аясында ғылыми-зерттеу жүргізіп, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы бағытында нәтижелі еңбек етуде. «Ой-Сана» ҚБ және Теңізшевройл қаржыландыратын «Күн-сәулесі» жобасымен бірлескен жұмыс та өңірдегі инклюзивті білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқаруда. Жалпы, Инновациялық білім беру факультеті 2024–2025 оқу жылында дуалды оқулықтан бастап халықаралық конференцияларға дейін кең ауқымды жобаларды іске асырып, өңірдің педагогикалық әлеуетін дамытуда жетекші орталық ретінде өз мәртебесін айқын көрсетті. Университеттің даму стратегиясымен үйлескен бұл бастамалар жас педагогтердің кәсіби дайындығын күшейтіп қана қоймай, білім беру жүйесінің сапасын арттыруға нақты үлес қосты.

Ақмарал ӨТЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Инновациялық білім беру
факультетінің деканы





ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында Жаратылыстану ғылымдары факультеті ғылым, білім және тәрбие салаларындағы айрықша нәтижелерімен танылып отыр. Факультет құрамындағы кафедралар белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, халықаралық ауқымдағы іс-шараларға бастамашы болды. Бірнеше ғылыми-танымдық семинарлар, дөңгелек үстелдер, қонақ дәрістер ұйымдастырылып, студенттер мен магистранттардың ғылыми әлеуетін дамытуға елеулі үлес қосылды. Факультетте қазіргі уақытта төрт ғылыми жоба жүзеге асырылуда, оның екеуі 2025 жылы гранттық қаржыландыруды жеңіп алған. Жобалар өңірдің экологиялық мәселелерін шешу, полимерлерді қайта өңдеу, шөлейт аймақтардағы жайылымдарды жаңғырту және тұрақты агротехнологиялар әзірлеу бағыттарына арналған. Ең ірі жобалардың бірі – BR28713197 Каспий тұрақты инновациялар орталығы (2025–2027 жж.), қаржыландыру көлемі 3 млрд теңге. Жобаның бес бағытының төртеуіне факультеттің 21 оқытушысы тартылған.

Факультет ғалымдары экожүйелерді қалпына келтіру және жайылымдарды тиімді пайдалану мәселелерін шешуге бағытталған екі аграрлық жобаны да табысты жүзеге асыруда. BR22883585 жобасы (2024–2026 жж., 35 млн теңге) мен BR21881871 жобасы (2023–2025 жж., 28 млн теңге) құрғақ аймақтарда мал азығын өндірудің жаңа технологияларын әзірлеуге арналған. Екі жобаның ғылыми жетекшісі – а.ш.ғ.д., қауымд. профессор Б. Мухамбетов, орындаушы – PhD, қауымд. профессор Ж.К. Кадашева. Факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері ғылыми-зерттеу нәтижелерін нақты практикалық өнімдерге айналдыру бағытында да табысқа жетуде. 2025 жылы «*Kochia prostrata*» өсімдігін өсіру технологиясына арналған пайдалы модельге патент тіркелді. Авторлар құрамында оқытушылармен бірге магистрант А.А. Аleshova және 3 курс студенті А.Б. Мухамединнің болуы – факультеттегі жас ғалымдарды қолдау жүйесінің тиімділігін көрсетеді.

Халықаралық ғылыми байланыстар мен академиялық ынтымақтастықтың дамуы

2025 жылы факультет халықаралық ғылыми кеңістікте өз позициясын бекітіп, бірқатар маңызды ғылыми іс-шараларға қатысып, серіктестік желісін кеңейтті. Жыл бойы оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер Самарканд мемлекеттік университетінде өткен «Экологиялық жағдай және қоршаған ортаны қорғау мәселелері, инновациялық шешімдер» конференциясына, сондай-ақ Евразиялық «GREEN ENERGY & WASTE RECYCLING FORUM» (GEWR) форумына қатысып, 6Bo5204 – «Қалдықтарды басқару» білім беру бағдарламасын халықаралық аудиторияға таныстырды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дүйсенбай Тұрғановпен өткен кездесуде студенттердің стартап жобалары таныстырылып, олардың аймақтық даму үдерістеріне қосатын үлесі талқыланды. Сонымен қатар факультет өкілдері Юбейлейний Каспийский медиафорумының «Баланс стихий: экология и энергетика Каспия» тақырыбындағы пленарлық сессиясына қатысып, қоршаған орта мәселелері жөнінде пікір алмасты. Өңірдің экологиялық жағдайын

жақсартуға бағытталған жаңа жобаларды талқылау үшін ұйымдастырылған кең ауқымды іс-шараға Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, облыс басшылығы, мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының ректорлары, экоактивистер, жастар ұйымдарының өкілдері және жас ғалымдар қатысты. Іс-шарада «Студенттердің ғылыми зерттеулерінің аймақтың тұрақты дамуына әсері» тақырыбындағы баяндама ұсынылып, өсімдіктердің топырақсыз өсіру технологиялары және өсімдік-тағам қалдықтарын қайта өңдеуге арналған «Фитотери» жобасы таныстырылды.

4 қазан – дүниежүзілік жануарларды қорғау күніне арналған «Жануарлар әлемін қорғаудағы ғылым мен қоғамның өзара байланысы» атты дөңгелек үстел Экология кафедрасының ұйымдастыруымен өтті. 2025 жылғы 14 қарашада Мәскеу Политехникалық университетінің ғылыми қызметкері Виноградов М.И. «Термопласттарды қайта өңдеудің заманауи тәсілдері» тақырыбындағы ғылыми семинар өткізіп, экстремальдік желілердің жаңа буын технологияларын, модульдік дегазация жүйелерін және жоғары молекулалық стабилизаторлардың артықшылықтарын түсіндірді. Бұл семинар ИРН BR28713197 «Каспий тұрақты инновациялар орталығы...» жобасы аясында ұйымдастырылды. 18 қарашада Биология және балық шаруашылығы кафедрасы «Экомед-Атырау» клиникасының жетекші клиникалық эмбриологтарының қатысуымен «Экстракорпоральді ұрықтандыру – Қазақстанда. Дамуы. Жетістіктері» атты семинар өткізді. Ал 24 қарашада Атырау университетінде «Полипропилен бүгінде: қайта өңдеу, модификация, тұрақтылық» атты халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды.

Ұстаздар еңбегіне берілген құрмет 2025 жылы факультет оқытушыларының кәсіби еңбегі жоғары бағаланып, түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды. Нұргалиева Г.Ж. және Есенманова Ж.С. қауымдастырылған профессор атағын алса, профессор Қосыбек Ырзағалиев «Құрмет» орденімен марапатталды. Биология ғылымдарының докторы, профессор Сағындықова София Зұлхарнайқызы академик Нияла Базанова атындағы ұлттық марапатқа ие болды. Экология кафедрасының оқытушылары Есенманова М.С., Есенманова Ж.С., Тлепбергенова А.Е. «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен, ал Тауова Нұрсауле Рауловна Құрмет грамотасымен марапатталды. Есенманова М.С. «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін иеленсе, Есенманова Ж.С. жоғарғы білім және ғылым саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. Шамбилова Гүлбаршын Қожахметовна «Х.Досмұхамедов атындағы» төсбелгісін, Ажғалиев Марат Насимуллаевич университеттің 85 жылдығына арналған мерейтойлық төсбелгіні алды. 65 жас мерейтойына орай Арал Қалимұқашева «Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталса, Қалиманова Данагүл Жасқайратқызы министрдің Алғыс хатын иеленді. Сонымен қатар Нахетова Айкүміс Аскаровна мен Куанышбекқызы Индира білім беру саласындағы еңбегі үшін Алғыс хаттармен марапатталды. Бұл марапаттар – факультет ұстаздарының кәсіби шеберлігінің, ғылыми әлеуетінің және

білім сапасына қосқан үлесінің айқын көрінісі.

Студенттердің ғылыми және шығармашылық жетістіктері

Факультет студенттері 2025 жылы ғылыми-зерттеу, зияткерлік және әлеуметтік бастамалар саласында жоғары нәтижелер көрсетіп, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі байқаулар мен бағдарламаларда өздерінің кәсіби әлеуетін дәлелдеді. 6Bo5201 – Қолданбалы экология мамандығының 2 курс студенті Досмұхамбетова Дильназ АҚШ Мемлекеттік департаменті толық қаржыландыратын «Modeline K. Albright Young Women Leaders program on Natural Resources» Study of the US Institutes (SUSI) халықаралық академиялық бағдарламасына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Бағдарламаға әлемнің 64 жас қырыш әйелдері қатысып, тәжірибе алмасып, көшбасшылық дағдыларды қалыптастыру және әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейтуге бағытталған жобалар әзірлеумен айналысты. Сонымен қатар Атырау университетінің Enactus тобы 29–30 сәуірде Астанада өткен Enactus Kazakhstan National Expo 2025 финалына өтіп, 26 жоғары оқу орны арасынан үздік 12 команда қатарынан көрінді. Олар тағам және өсімдік қалдықтарынан биологиялық ыдырайтын экологиялық былғары өндіруді мақсат ететін «PhytoLeather» жобасын ұсынды және Enactus Кубогы мен арнайы сертификатқа ие болды.

Факультет студенттерінің жеке ғылыми жетістіктері де айрықша. Қолданбалы экология мамандығының 2 курс студенті Досмұхамбетова Дильназ «Bilim zhane Bolashak» халықаралық ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында 1-орынды иеленді (ғылыми жетекшісі – Тауова Н.Р.). Республикалық химия пәндік олимпиадасында 3-курс студенттері Айдынғалиева Аделия Жәнібекқызы мен Рамазан Аида Рамазанқызы Алғыс хатпен марапатталды, ал олардың ғылыми жетекшісі, қауымдастырылған профессор Калиманова Данагүл Жасқайратқызы ұйымдастыру жұмыстарындағы жоғары үлесі үшін Алғыс хат алды. «Бастама. Студенттік зерттеулердің тұсаукесері» университетішілік ғылыми байқауында Мухамедин Аиша және Камидулина Дина (ғылыми жетекшісі – PhD, қауымдастырылған профессор Кадашева Жанар Қадырбаевна) II дәрежелі диплом иеленді. Сонымен бірге факультет магистранттары Ақтау қаласындағы Есенов университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, зерттеу жүргізу мен талдау әдістері бойынша практикалық тәжірибелерін жетілдірді. Биология және ауыл шаруашылығы бағыты бойынша 6Bo5101 білім бағдарламасының 3-курс студенті Қазалиев Арсен Жеңісұлы Әзірбайжанның мемлекет қайраткері Гейдар Алиев атындағы халықаралық шәкіртақы иегері атанды. 6Bo1505 – Биология пәні мұғалімі мамандығының 3-курс студенті Әділ Құрақбай Ақтөбе қаласында 3–4 мамырда өткен бразилиялық джиу-джитсу және грепплингтен «D-City Open» республикалық турнирінде үздік нәтиже көрсетіп, факультет абыройын арттырды. Жәңгірхан атындағы БҚАТУ-де өткен XVII Республикалық студенттік олимпиадада 6Bo8401 – Балық шаруашылығы және ихтиология мамандығының 4 курс студенттері де жүлделі орындарға ие болды: 2-орын – Ақмурзиева Дильназ Ерболқызы, 3-орын – Пилисбеков

Нұрбақыт Берікұлы. Сонымен қатар Абай атындағы ҚазҰПУ-де өткен XVII Республикалық пәндік олимпиадада «6Bo15 – Биология мұғалімдерін даярлау» бағдарламасы бойынша 3–4 курс студенттері Ермағамбетова Айкөркем және Мардан Фатима «Ғылыми сторителлинг шебері» номинациясының дипломымен марапатталды (ғылыми жетекшісі – Мәден Сәнше Сметқызы).

Атырау университетінде өткен «StartUp 2025» инновациялық жобалар байқауының қорытынды кезеңінде Экология кафедрасының екі студенттік тобы қаржылай қолдауға ие болды. Досмұхамбетова Дильназ және Урғарчев Дмитрий әзірлеген «Phyto Кож» жобасы 1 400 000 теңге көлемінде грант жеңіп алса, Аружан Сатым, Досбергенова Мадина және Теңгебаева Алия ұсынған «Университеттің 85 жылдығына арналған эпоксидті шайырдан естелік бұйымдар» жобасы 1 000 000 теңгелік грантқа ие болды. Студенттердің өңірлік және халықаралық бастамаларға қатысуы да айтарлықтай. Ақтау қаласында өткен NIS Батыс аймақтық жастар климаттық диалогтары форумына 6Bo5201 – Қолданбалы экология ББ 4 курс студенті Сағынғалиева Ақмарал қатысты. Сонымен қатар ҚР жоғары оқу орындары арасында химиядан XVII Республикалық пәндік олимпиадаға қатысқан Айдынғалиева Аделия мен Рамазан Аида факультет намысын абыроймен қорғағаны үшін Басқарма төрағасы–ректордың алғыс хатымен марапатталды. Олардың жетекшісі, қауымдастырылған профессор Калиманова Данагүл Жасқайратқызы олимпиаданы ұйымдастыруға қосқан үлесі үшін марапатталды. Университетішілік «Бастама. Студенттік зерттеулердің тұсаукесері» конкурсында Химиялық талдау және сараптама білім бағдарламасының 2-курс студенттері Мухамедин Аиша мен Камидулина Дина (ғылыми жетекшісі – PhD, қауымдастырылған профессор Кадашева Жанар Қадырбаевна) II дәрежелі дипломға ие болды. «Экоаналитика» білім беру бағдарламасының 2-курс студенттері 5 маусым – Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау және экологтар күні қарсаңында Атырау облысы бойынша экология департаментіне экскурсия жасады. Экскурсия барысында Зертханалық-талдамалы бақылау бөлімінің басшысы Сапар Тұрсынбеков студенттерге бөлім жұмысының ерекшеліктерін таныстырып, экологиялық мониторингтің маңызы туралы жан-жақты ақпарат берді. Сонымен қатар, Ақжайық табиғи резерваты ұйымдастырған «Парктер шеруі» экологиялық қорғау акциясына 6Bo5201 – «Қолданбалы экология» және 6Bo5202 – «Экоаналитика» мамандықтарының 2-курс студенттері қатысып, табиғатты қорғауға бағытталған бастамаларды қолдады. Жаратылыстану ғылымдары факультеті – университеттің ғылыми-инновациялық әлеуетінің маңызды тірегі. Факультет профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейдегі алуан түрлі іс-шараларға қатысып, ғылым мен білімнің дамуына айтарлықтай үлес қосуда.

Факультет жетістіктері – ұжымдық еңбектің, кәсіби шеберліктің және үздіксіз ізденістің жарқын көрінісі.

Мәнсия САНАҚЫЗЫ,
Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы



ТІЛДЕРДІҢ ТОҒЫСҚАН ОРТАСЫ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде бірнеше тілді еркін меңгерген маман – бәсекеге қабілетті тұлғаның басты көрсеткіші. Әлемдегі ақпарат ағынының молаюы, халықаралық ықпалдастықтың артуы, еңбек нарығының жаңа талаптары жастардан кең дүниетаным мен тілдік құзіреттілікті талап етеді. Осындай қажеттіліктерге жауап беретін университет құрылымдарының бірі – Көптілді білім беру факультеті. Факультетіміз – жаңа заман талаптары мен қоғам сұранысын ұштастыра білген кәсіби білім ортасы. Бізде отандық және шетелдік тәжірибені ұштастыра отырып, қазақ, орыс, ағылшын, түрік, француз, неміс, қытай тілдерін жетік меңгерген 2000-ға жуық бакалавриат пен магистратура бойынша мамандар даярланауда. Жыл сайын 500 бәсекеге қабілетті педагогтар, аудармашылар, тіл мамандары дәл осы қабырғадан түлеп ұшып, облысымыздың білім беру мекемелерінде кәсіби білікті маман ретінде абыройлы қызмет атқаруда. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы педагогтардың тамыз конференциясында: «Мұғалімдер – еліміздің болашағын қалыптастыратын басты тұлғалар. Олар — білім дәнін жас жүректерге еккен, ой-өрісті қалыптастыратын ұлттық рух иелері», «Біз ғасырымызды білім мен ғылым дәуірі деп атаймыз. Егер бүгін біз интеллектуалды, көптілді жаңа ұрпақты өсірсек — ертең Қазақстан ғаламдық үрдістің алдыңғы шебінде болады», – деп атап көрсеткені факультетке — жастарға шекаралас емес, шексіз білім мен мүмкіндіктер әлеміне жол ашу керектігін міндеттейді.

Көптілді білім беру факультетінің басты артықшылығы – оқу үдерісінің заманауи технологиялармен ұштасуы. Студенттер тек теориямен шектелмей, түрлі ғылыми жобаларға, тілдік клубтарға, халықаралық конференцияларға, академиялық алмасу бағдарламаларына қатысып, білімін іс жүзінде шыңдайды. Шетелдік оқытушылардың қатысуымен ететін сабақты айтпағанда, әр студент үшін шетелде тағылымдамадан өту мүмкіндігі қарастырылған. Осы аяқталғалы отырған жылда университет директорлар кеңесінің қолдауымен факультетіміздің 90 студенті шетелде оқыды. Бірнеше жыл қатарынан Польша, Франция, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Ресей мемлекеттері ЖОО-на студенттеріміз бен оқытушыларымыз алмасу, қос диплом, ортақ білім секілді бағдарламалар аясында білімдерін шыңдады. Сонымен қатар факультет тек дәстүрлі әдістермен шектелмей, заманауи технологияларды, ЖИ платформаларын белсенді қолдануда. Студенттер халықаралық деңгейдегі онлайн білім беру платформаларында өз білімін жетілдіріп келеді. Өздеріңізге белгілі, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бұл бағытты ерекше атап өтті: «Қазақстан білім беруді цифрландырудың бірегей үлгісін қалыптастырып келеді. Мәселен, Coursera

платформасында қазақстандық студенттер мен оқытушылар 350 мыңнан астам сертификат алды. Жүздеген курс қазақ тіліне аударылып, студенттерге қолжетімді болды. Сондай-ақ жоғары оқу орындары онлайн курстарды оқу бағдарламаларына енгізіп, үздік цифрлық ресурстарды барлық студенттер пайдалана алады». Осы бастаманың арқасында факультет студенттері де Coursera-дағы тіл үйрету әдістемесін, педагогикалық инновациялар, ағылшын тілін оқытудағы заманауи тәсілдер сияқты т.б. курстарды меңгеріп, халықаралық сертификаттарға ие болды. Бұл олардың кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін күшейтті. 2024–2025 оқу жылында университетіміздің 85 жылдық мерейтойына орайласа факультетімізде қосдиплом бағдарламасы бойынша «Филология» ББ алғашқы түлектер бітіріп, екі елдің, атап айтқанда Түркия мемлекетінің Нийде Омер Халисдемир университеті мен өзіміздің Халел Досмұхамедов университетінің дипломдарын алды. Бұл – білім аламын деген әр студентке университет тарапынан берілетін үлкен мүмкіндік. Сонымен қатар факультетімізде Өзбекстаннан, Армениядан, Ресей, Түркия, Пәкістан елдерінен шетелдік азаматтар да білім алууда. Бұл көрсеткіш – университетіміздің өзге ел студенттерінің талаптарына сай қолайлы орта екендігінің айғағы. Бүгінде білім беру мекемелерінің маңызды міндеттерінің бірі – студенттердің жаһандық мәдени кеңістікке бейімделуіне жағдай жасау. Осы мақсатта факультетте бірқатар халықаралық тіл және мәдениет орталықтары табысты жұмыс істеп келеді. Олардың қатарында Иран орталығы, Орыс тілі мен әдебиеті, мәдениеті орталығы, сондай-ақ түрік және ағылшын тілі волонтерлары жетекшілік ететін тіл клубтары бар. Біраз күндерден соң факультетімізде тағы бір Француз тілі орталығын ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл орталықтар студенттердің тілдік білімін тереңдетіп қана қоймай, түрлі халықтардың мәдениетін жақыннан тануға мүмкіндік береді. Орталықтардың міндеті студенттерге әр түрлі мәдениетті бір ортада терең танып-білуге мүмкіндік беретін маңызды ағартушылық алаңдар болып табылады. Иран орталығы көне өркениетті, әдебиеті мен өнерін зерттеуге жол ашса, ашылғанына 5 жыл болған Орыс тілі мен әдебиеті орталығы орыс тілі бойынша курстар мен мәдени іс-шараларды ұйымдастырып, орыс фольклоры мен классикалық әдебиетін кеңінен насихаттайды. Екі орталық та ғылыми семинарлар, тілдік клубтар, шығармашылық кездесулер мен мәдени күндер өткізу арқылы студенттердің тілдік құзыреттілігін арттырып, мәдениетаралық түсіністі нығайтуға елеулі үлес қосып келеді. Факультеттегі түрік және ағылшын тілі волонтерларының қызметі де ерекше атап өтуге тұрарлық. АҚШ-нан және

Түркия мемлекетінен келген оқытушы-еріктілер тұрақты түрде сөйлесу клубтарын ұйымдастырып, тіл үйренушілерге қосымша қолдау көрсетеді. Олар грамматика мен лексика бойынша шағын тренингтер өткізіп, бейресми атмосферада тілдік практика жүргізеді. Бұл орталықтар мен тіл клубтары көптілді білім беру кеңістігін қалыптастырып, студенттердің халықаралық деңгейде ойлауын және кәсіби байланыс орнату қабілетін дамытады. Әртүрлі мәдениеттерді біріктіретін осындай бастамалар білім ордасының рухани байлығын арттырып, жастардың дүниетанымын кеңейтуде маңызды роль атқаруда.

Қазақстан Республикасының Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқыту мен білім беру үрдісін жүргізу, ғылыми шаралар мен жобаларға қатысу, оқу және оқу құралдарын шығару, мақалалар жазу, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасау – факультет профессор-оқытушылар құрамының басты міндеті. 2025 жылы факультет ПОҚ-ы ізденістерінің нәтиесінде 30 авторлық құқық куәліктерін алып, БЖҒМ «Жас ғалым» бағыты бойынша гранттық қаржыландыруға ие болды. Тәжірибелі педагогтар, ғылым кандидаттары мен докторлары, білім саласының білікті мамандары жас буынға сапалы білім беруді басты мақсат етеді. Бұл жерде тек тіл үйрету емес, көпмәдениетті тұлға қалыптастыру, халықаралық деңгейде еркін әрекет ете алатын маман дайындау көзделген. Факультетте еңбек ететін әрбір оқытушы — заман талабын терең түсінетін, жаңашылдыққа ұмтылған, тілдердің тек грамматикасын ғана емес, олардың мәдениеті мен әлемдік өркениеттегі орнын да үйрете алатын маман. Олар халықаралық стандартқа сай әдістемелерді меңгерген, зерттеу жүргізетін, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасатын кәсіби қауымдастықтың өкілдері. Оқытушылардың бір бөлігі — «Болашақ» халықаралық бағдарламасы, «Орхун», «Erasmus+», т.б. шетелде тағылымдамадан өткен, халықаралық конференцияларға қатысып, зерттеу еңбектерін жариялап жүрген филологтар мен әдіскерлер. Енді бір бөлігі — еліміздің алдыңғы қатарлы мектептері мен колледждерінде көп жылдық тәжірибесі бар практик-педагогтар мен жұмыс берушілер. Осындай үйлесімділік факультеттің білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруде. Білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі – ол факультеттегі тәрбие жұмыстары. Бастысы студенттің тек тілдік құзыретін арттыру емес, оның азаматтық көзқарасын, мәдениеті мен адамгершілік ұстанымын нығайту. Өйткені факультет оқытушылары үшін нағыз маман – тек білімді емес, рухани бай, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне алатын тұлға. Факультетте өткізілетін тәрбие шаралары сан қырлы. Студенттер ел тарихын, ұлттық мәдениетті құрметтеуге бағытталған жиындарға,

мерекелік бағдарламаларға, әдеби кештерге, шығармашылық кездесулерге жүйелі түрде қатысады. Тіл мерекесі, Халел, Қабдолов оқулары, «Үштілділік – болашаққа жол», «Таза Қазақстан» сияқты дәстүрлі іс-шаралар жастардың рухани дүниесін байытып қана қоймай, олардың ұлттық және әлемдік мәдениетке деген қызығушылығын арттыра түседі. Сонымен қатар факультет еріктілік қозғалысын да ерекше дамытады. Біздің студенттеріміз әлеуметтік жобаларға қатысып, арнайы ұйымдарда, қарттар үйлерінде көмек көрсетіп, өз еңбегімен қоғамға пайда тигізудің маңызын сезінеді. Мұндай жұмыстар жастардың жүрегіне мейірім, жауапкершілік, жанашырлық секілді адамгершілік қасиеттерді дарытады.

Университеттің студенттер үйінде факультетіміздің 200-ге тарта білім алушылары тұрады, ондағы студенттік клубтар мен ұйымдар тәрбие жұмысының өзегіне айналған. Дебат клубтары, тілдік қауымдастықтар, шығармашылық студиялар мен волонтерлік топтар — студенттердің бос уақытын тиімді өткізіп, өзін танытуға мүмкіндік беретін орта ретінде қалыптасқан. Бұл ортада біздің білім алушыларымыз сөйлеу мәдениетін дамытып, көпшілік алдында ой айту, пікір қорғау, келіссөз жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Көптілді білім беру факультетінде студенттердің сапалы білім алуына жағдай жасау тек оқу бағдарламаларымен шектелмейді. Мұнда әр жастың әлеуметтік жағдайына көңіл бөліп, оқу ақысына жеңілдік беру, материалдық қолдау көрсету – университет саясатының маңызды бағыты. Университет басшысы тарапынан жеңілдетілген жүйелер бірнеше бағыт бойынша қарастырылған. Әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары, көпбалалы отбасынан шыққан студенттер, ерекше білім беру қажеттілігі бар жастар, ғылыми жобалар мен олимпиадаларда жүлде алғандар, «Алтын белгі» иегерлері үшін арнайы жеңілдіктер қарастырылып, бүгінгі таңда 90 студентімізге университет тарапынан оқу ақыларына жеңілдік берілді. Бұл — кез келген талантты жасқа жол ашатын мүмкіндік принципінің нақты көрінісі. Бұл — ынталандырудың ғана емес, еңбектің әділ бағалануының белгісі. Қазіргі таңда көптілді білім беру – тек білім саласының бағыты емес, елдің стратегиялық дамуына қажетті маңызды қадам. Өйткені көп тілде сөйлейтін ұрпақ – әлемдік аренада Қазақстанның атын асқақтататын болашақтың кеңілі. Сондықтан көптілді білім беру факультеті – уақыт талабына үн қатқан, ел ертеңі үшін қызмет ететін жаңашыл әрі беделді білім орталығы. Мұнда өмірге жолдама алған әрбір студент – болашақтың әлемдік деңгейдегі маманы болуға бір қадам жақын.

Меруерт АМАНГАЗИЕВА,
Көптілді білім беру
факультетінің деканы, ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор



ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ КЕШЕГІСІ, БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Университет тарихы 1940 жылдан бастау алғанымен, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің тарихы қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1950 жылғы 14 маусымындағы қаулысы негізінде Гурьев облыстық атқару комитетінің «Гурьев қаласында мұғалімдер институтын ашу туралы» шешімі қабылданған кезден басталады. Сол кезде алғашқы физика-математика бөлімшесінің меңгерушісі қызметін 1950–1957 жылдары тех.ғ.к., доцент Ахмеджанов Хаким Ахмеджанұлы атқарған. Кейін Қазақ КСР халық ағарту министрлігінің 1955 жылғы 16 маусымындағы бұйрығымен Гурьев мұғалімдер институты Гурьев педагогикалық институты болып, ал 1957 жылы физика-математика факультеті құрылып, факультеттің алғашқы деканы – ф.-м.ғ.к., профессор Ғ.Д.Дайров болды. Сол уақытта факультетте екі арнаулы кафедра, яғни физика және математика кафедралары жұмыс істеді. Факультетте педагог кадрлардың қатары жыл санап өсіп, ұжымға көптеген жас мамандар жұмысқа келді. Қазіргі таңда ҚР ҰҒА-ның академигі (2003), физ.-мат.ғыл.докторы (1980), профессор (1985), ҚР Ғылым және техника қайраткері (1998), Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (1996), І дәрежелі халықаралық Хорезми сыйлығының лауреаты (1999) Н.К.Блиев және т.б. Қазақстан мемлекетінің білімі мен ғылымына еңбек сіңірген, бүгінгі таңда өмірде жоқ ғалымдар жұмыс жасады.

Факультет 1960 жылы кең профильді математика, физика және сызу мұғалімдерін, кейіннен еңбек және машинатану мамандарын дайындап шығарды. Факультет оқытушылары мен студенттерінің күшімен машина тану лабораториясы, ағаш өңдеу, слесарылық және жону (токарылық) цехтары бар оқу шеберханасы салынды.

Атырауға орталық жоғарғы оқу орнынан министрліктің жолдамасымен келіп, факультеттің қалыптасу кезеңдерінде еңбек етіп, студенттерге сапалы білім беріп, білікті маман даярлау ісіне өзіндік үлес қосқан кешегі профессор-оқытушылар құрамын: Ахмеджанов А.Х. – тех. ғ. к. доцент; М.Н.Саламатин – аға оқытушы; Н.К.Блиев – ф.-м.ғ.д., профессор; ҚР ҰҒА академигі; Б.Баймұханов – п.ғ.д., профессор; Ж.Е.Есмұханов – т.ғ.д., профессор; Ғ.Д.Дайров – ф.-м.ғ.к., профессор; Қ.К.Камматов – ф.-м.ғ.к., профессор; И.Т.Тәжімұратов – ф.-м.ғ.д., профессор; З.Ж.Жұманова – ф.-м.ғ.к., профессор; Т.Ж.Жұманова – ф.-м.ғ.к., профессор; Е.У.Ихсанов – ф.-м.ғ.д., профессор; ҚР ҰҒА академигі; Б.С.Сүлейменов – ф.-м.ғ.к., профессор; Ж.С.Серіков – х.ғ.к., профессор; А.Қ.Ахметов – п.ғ.д., профессор; Б.Оразғалиев – х.ғ.к., профессор; Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты; С.О.Отарбаев – п.ғ.к., доцент; М.Н.Наконечный – доцент; А.Ж.Жалғасов – ф.-м.ғ.к., профессор; Ж.М.Рашбаев – ф.-м.ғ.к., профессор; К.Ш.Шункеев – ф.-м.ғ.д.докторы, профессор; ҚР ҰИА-ның академигі, Қ.Сәтбаев атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, екі мәрте “ЖОО-ның үздік оқытушысы” мемлекеттік грантының иегері, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми орталығының директоры; Қ.Таңатаров – п.ғ.к.; Қ.Ғ.Ғабдуллин, Б.С.Сағындықов, А.С.Бисалиева – аға оқытушылар, Н.Ғ.Жұмамұхамбетов – ф.-м.ғ.д., профессор және бүгінгі таңда еңбек етіп жатырған профессор-оқытушылар құрамын ерекше құрметпен атауға болады: профессорлар – Б.З.Кенжегулов – тех.ғ.д., А.Д.Сариев – ф.-м.ғ.к., В.Е.Махатова – тех.ғ.к., Б.У.Куанбаева – п.ғ.к.; қауымдастырылған профессорлар – Ғ.Ж.Түржігітова – п.ғ.к., Қ.Н.Утеулиева – ф.-м.ғ.к., Ғ.А.Салтанова – ф.-м.ғ.к., Ж.Т.Билялова – п.ғ.к., А.Ғ.Амангосова – х.ғ.к., Б.Т.Абыканова – п.ғ.к., Ғ.Т.Қабылхамитов – ф.-м.ғ.к., Б.У.Асанова – PhD, А.Ж.Майлыбаева – ф.-м.ғ.к., Л.Т.Курмангазиева – ф.-м.ғ.к., Ғ.Х.Жусупқалиева – п.ғ.к., Г.Т.Бекова – PhD, Ж.К.Шадырова – PhD, Ж.Е.Шангитова – PhD, А.Р. Баймахан – PhD; А.Құбашева аға оқытушы және т.б. ғалым-оқытушылар.

Факультет құрылғаннан бері білім ұжымдары мен өндіріске мамандар дайындап, олар еліміздің түкпір-

түкпірінде әртүрлі салада табысты еңбек етуде. Олардың ішінде елімізде білім мен ғылым саласына еңбек сіңірген ғалым-оқытушылар, облысқа, республикаға, әлемге танымал мамандар, өнер мен спорт майталмандары және қоғам қайраткерлері бар.

Университеттің мерейін марқайтып жүрген факультет түлектерін мақтанышпен айтамыз: Ж.А.Қараев пед.ғ.д. (1995), профессор (1996), ҚР ПҒА академигі (2015.), «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» (1994), Ы.Алтынсарин (2006), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2016) төсбелгілерінің, «Құрмет» (2011), «Парасат» (2023 ж.) ордендерінің иегері және «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» (ҮӨӘЖ) теориясы мен әдістемесін ұсынған.

Сондай ақ, облысымыздың өркендеуіне үлес қосып жүрген қоғам қайраткерлері мен білім саласының ұлағатты ұстаздарын университетіміздің түлектері деп әрқашан мақтан етеміз. Олар – Х.Ризуанов, Қ.Қайынов, В.Рассухин, Г.Жангереев, Ж.Бимурзиев, С.Фазылов, Ә.Көшенова, В.Хамзина, С.Сапанов, Н.Қабдешова және т.б. есімдерді көптеп атауға болады.

Факультет түлектері арасында әйгілі спорт майталмандары – 1960 жылы ерекше үлгідегі дипломмен бітірген, қазақ халқын әлемге танытқан желяяқ, әлем чемпионы Ә.Тұяқов ағамызды атап өтуіміз орынды.

Қазіргі таңда факультетте 73 профессор-оқытушылар жұмыс істейді, факультеттің ғылыми потенциалы 46,5 % құрайды.

Факультет бойынша төрт арнайы кафедралар жұмыс істейді:

- Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасы (кафедра меңгерушісі магистр, аға оқытушы З.Ж.Жанузакова);
- Физика және техникалық пәндер кафедрасы (кафедра меңгерушісі магистр, аға оқытушы М.Т.Рахметова);
- Информатика кафедрасы (кафедра меңгерушісі PhD К.Б.Багитова);
- Бағдарламалық инженерия кафедрасы (кафедра меңгерушісі магистр, аға оқытушы И.Ж.Жанибекова).

Факультетте студенттер мен магистрлердің білікті маман болып қалыптасуы үшін соңғы үлгіге сай материалдық база қалыптасқан. Факультет орналасқан ғимаратта лектік зал, акт залы, оқу және спорт залдары, физикалық зерттеу лабораториялары, спутниктік қабылдағышпен жалғанған оқу-телевизиялық орталығы, электрондық оқу залы, ондаған компьютерлік сыныптар, жақында іске қосылған жаңа үлгідегі компьютерлермен, интернет желісімен, интерактивті тақтамен жабдықталған математика және физика кабинеттері білім алушылар қажетіне жұмыс жасауда.

Ынтымақтастық пен серіктестікті басты мақсат етіп алған факультетке қарасты кафедралар мектептермен және өндіріс орындарымен тығыз байланысты ұстап отыр. Білім алушылардың оқу жоспарына сәйкес оқу, кәсіптік, педагогикалық практикалардан және қорытынды аттестациялардан өтуге орта мектептер мен өндірістерде кафедралардың филиалдары жұмыс жасайды.

Факультет ұжымының сан-салалы оқу-тәрбие жұмысы еліміздің жарқын болашағы үшін ынта-жігерімен еңбек ететін білімді де білікті маман дайындау ісіне жұмылдырылған. Жүргізілген жұмыстар оқытушылар, студенттер мен магистрлердің ғылыми зерттеу жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне, оқу процесінің сапалы болуына, үлгерім көрсеткішінің артуына, жас мамандардың мамандығын жетік меңгеруіне игі әсер ететіндігі даусыз. Ал, мұндай жетістіктерді қол жетімді ету – Атырау университетінің физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті ұжымының басты мақсаты.

ҚР ҒҰЖБ министрлігі бойынша «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын әр жылдары иеленген келесі профессор-оқытушыларды атауға болады: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Абыканова

Б.Т., ф.-м.ғ.к. қауымдастырылған профессор Шаж-декеева Н.Қ., ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ш.К.Ележанова, тех.ғ.д., профессор Б.З.Кенжегулов, п.ғ.к., профессор Б.У.Куанбаева, PhD – Г.Т.Бекова, магистр, аға оқытушы М.Т.Рахметова, магистр, аға оқытушы Н.Б.Байтемирова, тех.ғ.к. қауымдастырылған профессор Мырзашева А., тех.ғ.к., профессор В.Е.Махатова, тех. ғ.к., қауымдастырылған профессор Л.Т.Курмангазиева.

Факультеттегі оқу-әдістемелік жұмыстар – оқыту процесінің ең негізгі бағыттарының бірі және ол оқу процесін оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етуге, профессор-оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыруға, студенттердің аудиторикалық және өзбетімен жұмыстарын жетілдіруге, университет дайындайтын мамандықтардың ерекшеліктерін ескере отырып оқу процесінің барлық формаларын, түрлері мен әдістерін жетілдіруге бағытталған шаралардың кешені болып есептеледі.

Оқу-әдістемелік жұмыстардың негізгі мақсаты – оқу процесін заман талабына сай үнемі жетілдіре отырып, білім берудің әдістемелік және ғылыми деңгейін арттыру болып табылады. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ. Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа түрлері жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Педагогикалық теориямен жеткілікті түрде қаруланған мұғалімнің іс-әрекеті тиімді болатыны әркезден-ақ мәлім. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр.

ҚР-ның «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» деп көрсетілген. Бүгінде баршаның міндеті – әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен оқытушының даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Еліміздің дамуы мен қалыптасуында сан түрлі қажеттіліктерге сәйкес ұлы мақсаттар айқындалып отыр. Оның ең бастысы – еліміздің тұғырын берік етіп ұстап тұра алатын, оны одан әрі дамытып, көркейтетін ұрпақ даярлау. Осы қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін тәрбие жұмысын үздіксіз жүргізе отырып, алға мынадай міндеттер қою қажет:

- Келер ұрпақтың бойына қазақ халқының ұлттық намыс мен мінезін қалыптастырып, туған халқының тарихына, мәдениетіне, тілі мен өнеріне сүйіспеншілігі мен сенімі бар “көзі ашық, көңілі ояу” ұрпақты тәрбиелеу;
- Халықтық педагогика мұраларын пайдалана отырып, бойына адамгершілік, әдептілік, адалдық қасиеттерін қалыптастыру;
- Жастардың эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатында өнегелі – эстетикалық тәрбие беру;
- Жастар арасында ана тіліміздің қадір-қасиетін дәріптеу, сол арқылы өз тілімізді құрметтеуге, Отан сүйіштікке тәрбиелеу;
- Тәуелсіз мемлекетімізді дамытып, өркендеуіне үлес қоса алатындай дені сау ұрпақты тәрбиелеу мақсатында, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жастардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілетін дамытып, мүмкіндігін іске асыру жолында олардың рухани, патриоттық сезімдерін дамыту;
- Тәрбие ісін тартымды ұйымдастыру арқылы үздіксіз тәрбие беру.

Факультет ұжымының негізгі бағыт-бағдары білімді де саналы, заманауи ғылымды толық меңгере алатын ұрпақ тәрбиелеп, киелі білім ордасы – Атырау университетінің беделін арттыруға қызмет жасау.

Бекет КЕНЖЕГУЛОВ,
Техника ғылымдарының докторы, профессор

ҒЫЛЫМДЫ ІЛГЕРІЛЕТКЕН ОРТАЛЫҚ

Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы Ғылыми зерттеу институты – еліміздің ғылыми кеңістігін дамытуға бағытталған маңызды орталықтардың бірі. Институттың басты мақсаты – қоғам мен ғылымның өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеу, жаңа ғылыми білім қалыптастыру, инновациялық идеяларды дамыту және алынған нәтижелерді практикада қолдану арқылы ұлттық ғылымның дамуына үлес қосу. Институт өз қызметін бірнеше негізгі бағыт бойынша жүзеге асырады. Ең әуелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға басымдық беріледі. Бұл бағытта іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіліп, ғылымдағы заманауи әдістер мен технологиялар енгізіледі. Инновациялық жобаларды әзірлеп, олардың жүзеге асырылуына да жетекшілік етеді. Магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік көрсету, жас ғалымдардың кәсіби өсуіне жағдай жасау, түрлі ғылыми семинарлар мен мектептер ұйымдастыру институт жұмысының ажырамас бөлігі. Бұл – өңірлік ғылымның жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған жүйелі қадам. «Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми – зерттеу институты (ҒЗИ) 2020 ж құрылды.

2025 жылы атқарылған жұмыстары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғанына 30 жыл толуына орай «Көпэтносты қоғамды дамытудың қазақстандық тәжірибесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының бірегейлігін және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған конференцияға ғылыми – сараптамалық топ мүшелері, «Ассамблея жастарының» өкілдері, Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, Ассамблея ардагерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Жиында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов Ассамблея мүшелерін мерейтоймен құттықтап, «АНАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалының төрағасы Абдолла Идресов құттықтау сөз сөйледі.

Ал, конференцияда Қазақстандық татар және башқұрт конгресі басқармасының төрағасы Тауфик Каримов, «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Ляззат Джылқышиева, ҚХА ардагері Жаннат Асабаева, Қазақстан тарихы академиялық басылымын үйлестіру орталығының директоры Әуезхан Шашаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамия Таңатарова, тарих ғылымдарының докторы Ұзақбай Исагулов, тарих ғылымдарының кандидаты Болат Нығметов, «Былина» орыс этно-мәдени бірлестігінің басшысы Андрей Кораблев, тарих ғылымдарының докторы Лесқали Бердығожин және конференцияға онлайн қосылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі Ахмет Муратов, мемлекет тарихы институты директорының орынбасары Бүркітбай Аяған, РФ Астрахан қаласынан «Жолдастық» қоғамы төрағасының орынбасары Әлия Ғұмарова, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласынан қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Абат Қыдыршаев сынды ғалымдар мен конференцияға қатысқан қоғам белсенділері баяндамалар жасады.

«Қазақстан халқы ассамблеясының іс-шаралары мен жобалары еліміздің әлеуметтік және саяси өмірінде айтарлықтай орын алып, елдегі бірлік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталды. Соның ішінде, ҚХА жанынан қайырымдылық шараларымен айналысу мақсатында ашылған «Жомарт жан» орталығын атап өтуге болады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша орталық 60 жуық түрлі шара өткізіп, 3000 астам адамға 31 млн теңге көмек берді. Сонымен қоса елімізде су тасқыны болған уақытта, табиғи апаттан зардап шеккен адамдарға көмек



беру үшін «Жүректен жүрекке» қайырымдылық жобасы жүзеге асты», – дейді «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Ляззат Джылқышиева.

Конференцияда көтерілген маңызды мәселелердің бірі – мемлекеттік тіл ахуалы. Көпұлтты елімізде өзге этнос өкілдеріне қазақ тілін үйретудің тәсілдері туралы «көптеген этнос өкілдерінің өзара қарым-қатынас тілі қазақ тілі болуы қажет. Өзге ұлттардың қазақ тілін мәжбүрлеусіз үйренуінің маңызын мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаевта өз сөзінде айтқан болатын. Осы мәселенің шешімі ретінде «Былина» бірлестігі 3 жыл көлемінде әр апта сайын бірлестік кітапханасында қазақ тілін үйрету сабақтарын ұйымдастырып келеді. «Ауызекі сөйлеу тіліне жол» деп аталатын сабақтар өзара сөйлесу, қазақша ән айту сияқты форматтарда өтеді», – деді «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің басшысы Андрей Кораблев.

Конференция соңында көп жылдардан бері Атырау университетімен тығыз байланыс орнатып, көптілді

лимжанова Маржан Анесқызы, облыстың зиялы қауым өкілдері мен ардагер-ұстаздар, мектеп және коллед оқытушылар, шәкірттері мен әріптестері қатысып отыр. Және де Шахман Нағымұлының туған аулынан, Индер аударының тумалары замандастары елімізге, өңірге танымал дәрігер Ескалиев Ғазиз Қаламұлы, ішкі істер саласының ардагері, полковник Дурманов Александр Иванович, Шахман Нағимұлымен саяси қуғын-сүргін тақырыбында бірлесе зерттеулер жасаған «Былина» этномәдени орталығының басшысы Кораблев Андрей Александрович қатысты.

Сондай-ақ еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары, Республикалық саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша комиссия төрағасы және қызметкерлері онлайн қатысты.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимн авторы, ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Жүмекен Нәжімеденовтің



білім беру факультетінде орыс әдебиеті кабинетін жасақтауға демеушілік танытқан, «Былина» орыс этно-мәдени бірлестігінің басшысы Андрей Кораблевке Атырау университеттің Құрметті профессоры атағы берілді.

2025 жылдың 3-4 қазанында Тарихшы, өлкетанушы ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Шахман Нағымұлы Нағимовтың мерейлі 80 жасына арналған «Профессор Н.Нагимов еңбектеріндегі тарих, мәдениет, білім мәселелері және өңірлік зерттеулер» Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференцияға республикаға танымал ғалымдар – тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Ғизат Халидуллин, Абылайхан атындағы Әлем тілдері және халықаралық байланыстар университетінің ректоры Әсел Шақликова, Атырау облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мурат Сақтайұлы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Атырау облысы әкімінің орынбасары Дарын Дүйсенбайұлы Шамұратов, Индер ауданы әкімінің орынбасары Артур Табылдықлы Мурзин, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институтының директоры Га-

туғанына 90 жыл толуына орай «Жүмекен жырлары – ғасыр үні» атты республикалық конференция өткізілді.

Жиын тізгінен қолына алған облыс әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов «Менің Қазақстаным» әні ақынның 21 жасында жазылған. Жүмекен – қазақтың кең-байтақ даласынан шығып, болмыстың терең сырларын айқара ашып түсіндірген философиялық ойлардың иесі, прозалық туындылары арқылы парасаттылықтың шыңын көрсетіп кеткен тұлға» деп ерекше атап өтті. Танымал ақын тұлғасы мен мұрасын насихаттауды мұрат еткен игі шарада Мәдениет және ақпарат министрі Баалаева Аида Ғалымқызының құттықтау хаты оқылып, Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университеті ректоры Қ.М.Тіреуов жолдаған сый-сияпат табыс етілді.

Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов өз сөзінде ақынды «Ашақта (Құрманғазы ауданы Қошалақ құмының Ашақ деген жері – Ж.Нәжімеденовтің туған жері) бұйра-бұйра құмдардың арасында туып, сондағы бұта-бұтамен, құмның сусылымен сырласып өскен, содан да өлеңдері қоңыр туған» деп сипаттай келіп, Жүмекен шығармашылығынан оның «Төбемде бұлттар жарысты» «Қыран-қия» өлеңдері мен Мәскеуде жазылған «Ақ шағыл»,

«Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» атты романдарына тоқталып өтті. Мереке Әбдешұлы атап өткендей, Жүмекенмен қатар танылған Қадір, Тұманбай үшеуі де алғашқы қадамдарынан-ақ қазақ әдебиетіне өзгеше леппен енген, бөлек ақындар екенін байқатқан. Алдағы уақытта Алматыда үш ақынға қатар арналған ауқымды кеш өткізіп, алғашқы шығармаларын басып шығару жоспарланып отыр екен.

Өз кезегінде мемлекет және қоғам қайраткері, «Атырау облысының Құрметті азаматы» Сәрсенбай Еңсегенов Жүмекенді әдебиетке жетелеген Әбу Сәрсенбаевтан бастап, өмір жолында кездескен, қолдаған бірқатар жандарды атап өтіп, Жүмекеннің қайсар, турашыл мінезін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, ақынның кеңес өкіметінің тұсында баласына Мағжан есімін қоюы және оны бір жасқа толғанда Мағжанның әйеліне ертіп апаруы көзсіз ерлік болатын.

Бұдан әрі, ерекше руханият кешінде ақын, жүмекентанушы Алмас Ахметбекұлының «Ұлт ұраны және Ұлы ақын» кітабының тұсаукесер рәсімі өтіп, Мереке Әбдешұлы мен ақынның қызы Қарлығаш Нәжімеденова жаңа еңбектің лентасын қиды.

Шарада ақын, жүмекентанушы Алмас Ахметбекұлы «Ұлт ұраны және Ұлы ақын», ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Светқали Нұржан «Ж.Нәжімеденов шығармашылығы туралы сөз», сыншы, публицист, жүмекентанушы Амангелді Кеңшілікұлы «Жүмекен – ұлт ақыны», Атырау университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, жүмекентанушы Қадір Жүсіп «Жүмекен – биік тұлғалы талант» тақырыбында баяндамалар оқыды. Жүмекентану ғылымын жандандырып, сан қырлы шығармашылығын әлі де толықтырып зерттеу керектігі айтылып, талқыланды.

Жүмекен ақынның қызы Қарлығаш Нәжімеденова әкесінің туған жерін ерекше құрметтеп, көп жырлағанын айта келіп, ол кісінің шығармашылығы бойынша кинофильм түсірілсе деген арманы барын жетізді.

Конференция сөзінде ақын мұрасын насихаттау және зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу мақсатында Атырау өңірінде «Жүмекен орталығын» құру, Жүмекентану бағытын дамыту мақсатында республикалық әдеби байқау, «Жүмекен оқуларын» жыл сайын ұйымдастыру, ақынның шығармашылығын, кітаптарын әлемдік деңгейде насихаттау жөнінде қаулы қабылданды.

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ.

2025 жылдың 28 қараша күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті мен Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы ғылыми-зерттеу институтының бірлесеуімен «Қазақстандағы этносаяси үрдістер: ұлтаралық келісім және тұрақтылық» атты маңызды ғылыми семинар өтті. Шараның басты мақсаты – еліміздегі этносаяси ахуалдың дамуын талдау, түрлі этностардың бейбіт қатар өмір сүру тәжірибесін түсіндіру және студент жастарға қоғамдық келісімнің мәнін терең жеткізу.

Семинардың спикері – Сапанов Сайпулла Жұмабайұлы, Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ҒЗИ директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Шара барысында қатысушылар Қазақстан халқының бірегейлігі, этносаралық коммуникация, қоғамдағы үйлесімділік пен толеранттылықты нығайту бағытындағы мемлекеттік саясат мәселелерін талқылады.

Ғалым өзінің ғылыми тәжірибесіне сүйене отырып, этносаяси тұрақтылықтың тарихи негіздері мен қазіргі өзектілігі туралы кең көлемді баяндама жасап, студенттермен мазмұнды пікір алмасу өткізді.

Бұл ғылыми басқосу көпұлтты Қазақстан қоғамындағы келісім мен бірліктің құндылығын терең түсінуге мүмкіндік берді.

Бірлік – біздің басты байлығымыз.



25 желтоқсан – Психологтар күні АДАМ ЖАНЫН ТАНУҒА ЖОЛ АШҚАН ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

25 желтоқсан – адам жанын түсініп, оның рухани әлеміне үңіліп, өмірлік қиындықтарда қолдау көрсетуге бар күшін арнайтын, қоғамның психологиялық саулығын сақтауға өлшеусіз үлес қосып жүрген психологтар күні.

Психологтар күнінің 25 желтоқсанға белгіленуінің де өзіндік тарихы бар. Ғылыми деректерге сүйенсек, дәл осы күні, 1879 жылы әлемдік психология ғылымының негізін қалаушы Вильгельм Вунд Лейпциг университетінде ең алғашқы эксперименттік психологиялық лабораторияны ашқан. Бұл оқиға психологияны дербес ғылым ретінде мойындатқан тарихи бетбұрыс саналып, кейіннен 25 желтоқсан – психологтар күні ретінде аталып өтетін дәстүрге айналды.

Соңғы жылдары бұл атаулы күн Қазақстанда да мазмұнды сипат алып келеді. «Қазақ психологиялық қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігі жыл сайын осы күні Республикалық Психологтар форумын өткізіп, қоғамдағы маңызды психологиялық мәселелерді талқылап, отандық психологтардың басын біріктіретін іргелі алаң қалыптастырып келеді.

Бұл күн – жүректің тереңіне бойлай алатын, жан ауырсынуын сезініп, үміт отын жағатын, көзге көрінбейтін, бірақ аса жауапты еңбекті атқаратын мамандарға тағзым ету күні. Сондай-ақ, осынау маңызды салаға кәсіби маман даярлап отырған оқу орындарының да баға жетпес еңбегін айшықтайтын ерекше мереке.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің психология және педагогика кафедрасы – өңірдегі биікті психолог кадрларды даярлаудың жетекші орталығы. Кафедра университеттегі барлық білім алушыларға психологиялық білімнің негізін меңгертіп, адаммен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруда зор үлес қосып келеді. Қай мамандық болмасын, адаммен өзара түсінісу, мінез-құлықты дұрыс ұғыну, эмоциялық сауаттылық – уақыттың талабы. Кафедра осы талапқа толық жауап бере отырып, болашақ мамандардың тұлғалық әрі кәсіби дамуына жол ашуда.

Университет қабырғасындағы психология мамандарын даярлау ісінің тарихы да тереңде. Кафедраның тәжірибелі оқытушылары студенттерге тек кәсіби білім беріп қана қоймай, психологқа тән жоғары жауапкершілік пен этикалық қағидаларды саналы түрде сіңіріп келеді. Сол себепті бұл оқу ордасынан түлеп ұшқан мамандар еліміздің әр аймағында абыройлы еңбек етіп, мыңдаған адамның өміріне оң өзгеріс сыйлап жүр.

Қоғамдық сұраныстарға сай психологтарды даярлау бағдарламалары да үнемі жаңартылып, мазмұны байытылуда. Жастардың психологиялық денсаулығы, цифрлық кеңістіктегі мінез-құлық, инклюзивті білім беру, эмоциялық интеллект, Суицидология және дағдарыс психологиясы, Жеке және топтық психотерапия, Персоналды іріктеу, оқыту және дамыту психологиясы, Отбасын сүйемелдеу және қолдау секілді өзекті бағыттар оқу үдерісіне батыл енгізіліп, студенттердің заманауи талаптарға сай бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына жағдай жасалуда.

Кафедраның ғылыми әлеуеті мен әдістемелік қоры да ерекше мақтанышқа лайық. Профессор-оқытушылар құрамы әзірлеген оқу құралдары мен авторлық бағдарламалар университеттің білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып, болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуына зор ықпал етіп келеді. Атап айтқанда, С.К.Нұрмұқашева мен Г.Қ.Шұғаеваның «Жеке тұлға психодиагностикасы», Ш.И.Джанзақованың «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» Ж.Н.Сабиrowаның «Жеке тұлғаның дифференциальды психологиясы», Ж.Н.Сабиrowa мен Г.К.Шұғаеваның «Жетістікке жету психологиясы және көшбасшылық», Ж.Н.Сабиrowa мен А.Б.Панькин әзірлеген «Суггестивті басқару» еңбектері студенттердің теориялық білімін тереңдетуге жол ашады.

Сондай-ақ, К.О.Казиевтің «Рефлексияны дамытудың негіздері», «Болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты монографиясы және «Психологиялық тренингтер жинағы» оқу үдерісінде ерекше орын алса, С.К.Нұрмұқашеваның «Психологиялық педагогикалық зертхана кәсіби білімді жетілдірудің құралы» атты монографиясы, С.К.Нұрмұқашева «Заң психологиясы мен құқық қорғау органдарындағы психологиялық қызмет» атты оқу құралдары студенттерге қолданбалы психология саласын терең меңгеруге мүмкіндік беру де.

Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру мақсатында кафедра өңірдегі маңызды мекемелермен тығыз байланыс орнатқан.

Атап айтқанда:

- Атырау облысы Білім беру басқармасы, Психологиялық қолдау орталығы;
- Атырау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
- Төтенше жағдайлар департаменті;
- Полиция департаменті;

- Атырау облыстық ауруханасы және облыстық балалар ауруханасы;
- ҚР ҰҚК Шекара қызметі;
- ҚР Ұлттық Ұлан 5546 әскери бөлімі;
- «Венера» инклюзивті дамыту орталығы;
- Атырау облыстық психикалық денсаулық сақтау орталығы;
- НЗ әлеуметтік қызмет көрсету орталығы;
- «Инклюзия Болашақ Атырау» ҚБ;
- «Зейін Атырау» ерекше балаларды дамыту орталығы және өзге де мекемелер.

Бұл орталықтар студенттерге нақты жағдайларда тәжірибе жинақтап, кәсіби шеберлігін шыңдауға мүмкіндік беріп келеді. Осындай тәжірибелер болашақ психологтың адам жанын терең сезінетін маман деңгейіне көтерілуіне зор ықпал етеді.

Сонымен қатар, психолог мамандардың білім сапасын бағалауға қатысып, қорытынды аттестатта комиссиясының құрамында өңірдің тәжірибелі мамандары Атырау облыстық онкологиялық ауруханасының психологы Гүлжан Сахилақызы, Атырау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің әділет майоры, психолог Альбина Исaxатова, Төтенше жағдайлар департаменті психологы Мадина Мағзұмова, әділет майоры психолог Динара Шамаanova, Атырау облысы Білім беру басқармасы, Психологиялық қолдау орталығы психолог Жангазиева Бақтыгул Серіковна – жоғары баға беріп, кафедра жұмысының деңгейін атап өтті.

Студенттердің ғылыми-зерттеу әлеуетін танытатын маңызды алаңдардың бірі – студенттердің республикалық ғылыми зерттеу жұмысы байқауы. Бұл бағытта да жас зерттеушілеріміз жарқын нәтижелер көрсетіп келеді. Өткен оқу жылында Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде ұйымдастырылған психология мамандығы бойынша студенттердің ғылыми зерттеу жұмыс конкурсында психология мамандығының 3 курс студенті Әбілқасым Нұрсұлтан ғылыми жетекшісі К.О.Казиев ұсынған ғылыми зерттеу жұмысы жоғары бағаланып республикалық деңгейде І орынды жеңіп алса, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар университетінде өткен ресаубликалық байқауда Педагогика және психология мамандығының 3 курс студенті Тілекқабыл Алтынай ғылыми жетекшісі Н.Т.Иманғалиева үздіктер қатарынан көрініп, І орынмен марапатталды.

Сондай-ақ, психология бағыты бойынша білім алып жатқан 3-курс студенті Әділханова Аяулым халықаралық

деңгейде зор жетістікке қол жеткізді. Аға оқытушы, магистр Г. М. Мусина жетекшілігімен орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы XVIII Халықаралық ғылыми-зерттеу байқауында «Ең үздік студенттік жұмыс – 2025» номинациясы бойынша (РФ, Пенза қ.) ерекше марапатқа ие болды.

Биылғы оқу жылы да ерекше табыстармен басталды. Астана халықаралық университеті ұйымдастырған «Ең үздік әлеуметтік-психологиялық жоба – 2025» республикалық байқауында педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты Рамазанова Айдана ғылыми жетекшісі К.О.Казиев ұсынған ғылыми жұмыс жоғары бағаланып, байқаудың І орын жүлдегері атанды.

Бұл жеңістер – тек студенттердің жеке талпынысының жемісі ғана емес. Әрбір жетістіктің артында – психология және педагогика кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының өлшеусіз еңбегі, терең білімі, дұрыс бағыт-бағдары бар екенін көрсетеді. Кафедра ұжымының кәсібилігі, студенттерді шабыттандырып, ғылымға жетелейтін шынайы құлшынысы білім алушылардың әрбір жеңісінен көрініс табады.

Осы табыстар – кафедраның оқу сапасының биіктігін, ғылыми ортадағы беделін, ең бастысы, болашақ психологтарды тәрбиелеудегі жауапкершілігін айшықтайтын маңызды көрсеткіш. Студенттердің әрбір жетістігі – университетіміздің рухын көтеріп, білімнің құндылығын дәлелдейтін жарқын белес.

Психолог мамандығы – тек білім мен дағдының жиынтығы емес, ол – адам тағдырына жанашырлық, жүрек жылуы, зор төзім, ерекше сезімталдық талап ететін ізгі жол. Осы жолға түскен әр маман қоғамның рухани саулығына қызмет етіп, талай жанды өмірдің жарық жағына жетелейді. Ал мұндай мамандарды тәрбиелеу – үлкен жауапкершілік пен үлкен еңбекті талап ететін міндет. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің психология және педагогика кафедрасы осы миссияны абыроймен атқарып келеді. Адам жанын тануды үйрететін ұстаздарға, осы киелі жолды таңдаған жас мамандарға құрметіміз шексіз. Еңбектеріңіз еленіп, кәсіби беделдеріңіз арта берсін! Қоғамның рухани тыныштығын сақтауға қосқан үлестеріңіз баянды болсын!

Карас КАЗИЕВ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
психология және педагогика
кафедрасының меңгерушісі,
қауымдастырылған профессор

18 ЖАСЫНДА «ОЯН, ҚАЗАҚ!» ҰЙЫМЫН ҚҰРҒАН ҚЫЗ

2015 жылдың қазан айының басында Елорда да «Мәңгілік Ел» – Болашағы біртұтас ел» атты Республикалық Патриоттар форумына қатысудың сәті түсті. Форум жұмысына қатысуға барған облыс делегациясы құрамында сол тұстағы «Атырау» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Биғалиев Ермекқали ағамызда болған еді.

Форум барысында Ерекең курстасы, Қазақстан баспасөзінің ардагері Бәдуан Иماشұлы ағамызбен таныстырды. Ағамызбен тез тіл табысып кеттім. Кешкісін қазақы дәстүрмен дәм татып кетерсіздер деп дастарқанға шақырды. Бізді белгіленген уақытта ағамыз өзі келіп көлігімен қала сыртындағы үйіне алып барды. Есік алдынан қарсы алған аққұбаша келген апамыз бізге бәйек болып жүр. Бәдуан ағамыз «бұл кісі менің жарым Гүлжан Ғазизқызы Бейбітова апаң, айналайын» деп таныстырып жатты. Апамыздың есімін естігенде сәл-пәл елең ете қалдым. Бұл кісі туралы баспасөзден оқығаным және телевизордан көргенім есіме түсті. Бірақ дәл сол қазақтың қайсар қызы, анасы, бүгінде бақытты әже Гүлжан апай екендігінен бейхабар болғаным рас. Дастархан басында форум туралы, еліміздің батыл да патриот азаматтары туралы әңгіме өрбіді. Апамызды да форум жұмысына шақырған екен.

...Баяу әңгімесін бастаған ақ шашты апамыз былайша сыр шертті.

«Біз ол кезде ондай іске атақ пен даңқ үшін барған жоқпыз. Бізді жігерлендірген, қайраттандырған өр ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық намыс ұшқыны бізді жаныды» дейді. Гүлжан Ғазизқызы үшін ұлттық сана сол ұлтты құрайтын халықтың, әр адамның жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған сана деген ой көкірегінде жатты. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделетіндігі белгілі, сондықтан да әкелері Ғазиздің жанұядағы жеті баласына берген тәлім-тәрбиесі балалары үшін өмірлік қағида болып қалды десек артық айтқандық болмас.

Суретте солдан оңға қарай Гүлжан Ғазизқызы, жолдасы Бәдуан Иماشұлы, түргеп тұрғандар Аққали Ахмет, Ермекқали Биғалиев. Қазан айы, 2015 жыл.

Ұлттық мүдде – сол ұлттың құрамындағы адамдардың өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, ұлттың ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаты. Сондықтан Гүлжан Ғазизқызы үшін ұлттық мүдде өмірдің бар саласында бірінші кезекте тұруға тиіс деген ұғым сонау балалық шағынан санасына өнегелі әке тәрбиесі арқылы сіңіп қалған болатын.

«Әлі есімде 1950 жылдардың басында Бестөбе кентіндегі балалар бақшасына берген әкем шапымды сипап тұрып «Балам, сен баратын балалар бақшасының тәрбиешілерінің барлығы да өзге ұлт өкілдері. Олар сенің есіміңді өзгертіп, басқаша Гуля, Галя деген сияқты орысша атайтын болса, келісіміңді берме», – деді. Балабақшаға барған қаршадай қыз Гүлжанды қасына шақырып алған тәрбиеші Л.А.Шпанберг: «Давай мы тебя в садике будем называть Гулей. Гуля очень хорошее имя» демесі бар ма, сонда мен жұлып алғандай: «Нет! Мне не надо никакая хохлячка. Меня зовут Гулжан», – дедім. Қаршадай қыздан мынадай батыл да тура жауап күтпеген және қарсылықтан тосылып қалған тәрбиеші қайта-қайта басын изеп,



тұтығып қалған. Ұлттық мүдденің қорғаушысы – намыс. Ұлттық намыс болмаған жерде ездік үстемдік алып, ұлтқа қатысты құндылықтарға бейтараптық, немектілік көзқарас қалыптасады. Намысын жаныған әкесі марқұм түсті металлургия министрлігіне қарасты Ақсу, Жолымбет, Бестөбе кен орындарында ғұмыр бойы партиялық және басшылық қызмет атқарған ел азаматы болатын.

1966 жылы орта мектепті үздік бітіріп, Целиноград медициналық институтының бірінші курсына мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып, оқуға түседі. Институтта бірде-бір пән қазақ тілінде оқытылмады. Сабақтар орыс және латынша өткізілді. Шалғай ауылдардан қазақ тілінде бітіріп келген үздік студенттердің орыс тілін дұрыс білмеуінен оқу үлгерімдері күрт нашарлап кетті. Ал, оларға институт басшылығы тарапынан тиісінше көмектер көрсетілмеді, яғни қосымша сабақтар өткізілмеді. Алғашқы семестрдің нәтижесімен орыс тілін жетік білмейтін қазақ студенттерін оқудан шығару науқаны басталды. Студенттердің талпынысы мен талаптарына ешкім көңіл де назар аудармады десе де болады. Өкініштісі болашағынан зор үміт күттіретін талай талантты қазақ жастарының «аға ұлттың» тілін білмегендігіне байланысты болашақтарына балта шабылды. Курстарына жаны ашылған, мұндай келеңсіз жағдайға төзе алмаған қайсар Гүлжан Ғазизқызы ылғи өзге ұлт өкілдерінен құралған профессор-оқытушылар құрамымен жиі-жиі сөзге келіп қалып жүрді. Ашынып тұрып, «Тіліміздің тағдыры – біздің өзіміздің тағдырымыз. Оған салғырт қарау өзгені емес, өзімізді сыйламау, ұрпақ тағдырын ойламау» деген ойларын ашық айтқаны профессор-оқытушылардың көбіне ұнамағаны анық. Селт еткен біреуі жоқ! Жоқ! Енді бұдан әрі әрекетсіз отыра беру мүмкін еместігіне көз жеткізген ол нақты іске кірісті. 2 курстағы 18 жасар студент қыз медицина институтының қабырғасынан қазақ жастарының басын біріктіретін бір ұйым құруға белін бекем буынды. Болашақ құрылатын ұйымның атауы «Оян, қазақ!» деп белгіленді. Сөйтіп, Сарыарқа төсінде тарихымыздың «ақтандақ» беттеріне айналатын, ұлт тағдырына алаңдайтын тағы бір жастар ұйымы өмірге келді. Бұл ба-

тыл ойын алғаш рет жатақхананың бір бөлмесінде тұратын әрі курстасы Сәлима Қасымоваға жеткізді. Сәлима құрбысы бірден қолдау білдірді. Алғаш институт басшылығына жалпы білім беретін пәндерді қазақ тілінде оқыту жөнінде талап қойған хат жазуды қолға алды. Қайсар қыз ұлттық рухани құндылықтарды қорғауға бағытталған «Оян, қазақ!» атты ұйым құруға шақырған үндеудің қазақ және орыс тіліндегі мәтінін өз қолымен жазып шықты. Сол үндеуден: «Қазір қазақ халқын толық орыстандыру саясаты жүріп жатыр. Қазақ мектептері жаппай жабылуда. Балабақшаларда бүлдіршіндер таза орыс тілінде тәрбиеленеді. Барлық жерде бірдей қазақ тілінің қолданыс аясын қасақана тарылтып, бірте-бірте ұлттық тілімізді мүлде жойып жіберу науқаны белең алған. Ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміз өгейсіп барады. Ұлт өкілі ретінде партия, совет және комсомол қызметінде жүргендер халық мүддесі үшін бір ауыз жылы сөз айта алмайды. Қазақша қойылған есімдерінен бас тартатын балалар көбейді. Бізге ұлттық болмысымыздың болашағы үшін, туған тілімізді сақтап қалу үшін күресетін кез келді. Конституциялық құқымызға сәйкес талап етеміз: қазақ тілі мен мәдениетіне, ұлттың дәстүрі мен діліне қысым көрсету тоқтатылсын!

Жазылған үндеуді құрбысы екеуі қолдан көшіріп, көбейтті. Үндеуді қаладағы студенттер арасында кеңінен таратуды қолға алды. Студенттер Ақбаян Малдыбаева, Жақсылық Сәрсембаев, Жібек Байтышқанова қолдау көрсетті. 1968 жылы Гүлжан Ғазизқызы өзінің артынан Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тыңшысы түскенін сезді. Сол жылдың қоңыр күзінде қаһарлы мекеме тарапынан «шақыртуда» келіп жетті. Бұл тексерістен өзін сенімді ұстаған батыл қыз үкіметке қарсы ешқандай әрекет жасалмағанын, ел үкіметінің саясатын мойындайтындығын, Қазақ КСР-інің Негізгі Заңына сәйкес қазақтың тілі, дәстүрі мен мәдениетінің құқығын қорғау талаптарын қойғандығын ашып айтты. Астанадан арнайы келген комитет қызметкері жауап алды. Жауап алу барысында Г.Ғ.Бейбітоваға ұйым құруға қатаң тиым салынатындығын ескертіп, оқу орынында ұлттық кемсіту кемшіліктерін алдын алу шаралары жасақталатындығы ту-

ралы мәлім етілді. Апайдың бұл тексерістен аман-есен шығуына себепкер болған азамат сол тұстағы облыстық қауіпсіздік комитетінің басшысы Қабдулхамит Нұрғалиевтің көмегі тигендігін ерекше ықыласпен айтқаны біраз жәйттан хабар берсе керек. Бұл шақырту қатаң шараға ұласпай, бітімгершілік негізінде бейбіт түрде аяқталуы туған халқының ұлттық қасіретін бар болмысымен сезінген ұлтжанды азаматтың еңбегі екендігін апай аса ризашылық сезіммен айтты. 1972 жылы институты аяқтаған жас маман бар ғұмырын сүйікті ісі денсаулық сақтау ісіне арнады. 1978-1989 жылдары Целиноград қаласындағы 2 емхана бас дәрігерінің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары болып еңбек етті. Сол он жыл өз жерінде өгейсітілген ұлттық кадрлар үшін күреспен өтті десе де болғандай. Ұлт мүддесін жоғары қоя білген білікті маман бас дәрігер, нағыз шовинистік көзқарастағы Екатерина Рыбакова әріптесімен көқарастары қарсы келіп қалатын. Себебі, бас дәрігер білікті де білімді ұлттық кадрларды емханаға жақындатпаудың құйтырқы әрекеттеріне баратын еді. Екеуінің жұмыс бабындағы екіұдай көзқарастары үшін болған келіспеушілік бірнеше рет қалалық денсаулық сақтау бөлімі мен қалалық партия комитетінде қаралды да. Ұлттық кадрлар үшін жанын салған білікті маман бұл текетіресте талай жеңіске жетті.

1989 жылы қаладағы жаңа ашылатын 6 емханаға бас дәрігер етіп жіберді. «Он екіде бір нұсқасы жоқ» емхананы ашу өте қиыншылықпен жүргізілгенін айта келіп, «қалалық емханалардың бірде-біреуінде қазақ бас дәрігері жоқ, Гүлжан-ау, бұл қорлықтан қашан құтыламыз?» деген қалалық партия комитетінің екінші хатшысы Б.Әлімжановтың сөзі намысымды қайрады деп еске алады. Ұлттық кадрлардың болашағын ойлаған басшы қалалық денсаулық сақтау бөлімінің шектеу қойғанына қарамастан кадрларды жергілікті ұлт өкілдерінен жинақтады. Тек бір талап қойды. Ол білім мен біліктілік. Қайсар қазақ дәрігерінің бұл әрекеті облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы В.Малышевке ұнамады. Ол Гүлжан Бейбітқызы «нағыз ұлтшыл» деп айып тағып, мәселесін әртүрлі деңгейдегі комиссияларға қаратты. Өз ісінің білікті маманы Гүлжан апай оған еш мойымады, керісінше бар күш қайратын жинақтап, өз жұмысына білек сыбана кірісті. Тексерген комиссиялар бас дәрігер тарапынан ешқандай өрескел заң бұзушылықтың, маман кадрлардың білімі мен біліктілігіне қояр ешқандай талаптарынның жоқтығын айтқан соң ғана «емханада қазақ кадрлары шектелсін» деген негізсіз шешім шығара алмады. Бар жоғы 18 жасында ұлтының намысын жыртып «Оян, қазақ!» ұйымын құрған апамыз аса қиыншылықпен өзі құрған ұжымында 21 жыл жұмыс жасап, зор абырой беделмен зейнеткерлікке шықты. Тәуелсіз еліміздің «Құрмет» ордені мен бірнеше медальдың иегері апамыз бүгінде Бәдуан ағамызбен Айдар, Айдын, Айбек есімді ұлдары мен немерелерінің қызығын қызықтап отырған бақытты ана.

...Қоштасып далаға шықтық. Астана түні. Маған сол сәтте түнгі ашық аспанда жымылдаған жұлдыздар арасында ерекше жарқырап тұрғандары бейне бір елін, туған жерін жанындай сүйетін Гүлжан Бейбітқызы сияқты мыңдаған патриоттардың жарық жұлдызы сияқты көрінді.

Міне, «менің Мәңгілік Елімнің патриоттары осындай болуы керек» деген мақтанымш сезімі кеудемді кернеді.

Аққали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының
докторы, профессоры

ӨМІРІН СПОРТҚА АРНАҒАН ЖАН

РАФАЭЛЬ ХАБИРОВПЕН АШЫҚ СҰХБАТ



Спорт – мемлекеттің халықаралық беделін танытатын, ұлттық рухты көтеретін, қоғамның денсаулығы мен жігерін қалыптастыратын стратегиялық сала. Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз спортты дамытуды басым бағыттардың бірі ретінде қарастырып келеді және бұл жүйе жемісінде берді. Бүгінде спортшыларымыз олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша әлемдік аренада лайықты нәтижелер көрсетіп, кәсіби спортшылармен қатар бұқаралық спорттың да дамуы көңіл қуантап отыр. Бұл жетістіктердің артында мемлекеттің жүйелі саясаты, спорт инфрақұрылымының жақсаруы ғана емес, ең бастысы — білікті бапкерлердің еңбегі тұр. Осындай ел спортының дамуында елеулі із қалдырып, саналы ғұмырын жас ұрпақтың денсаулығы мен болашағына арнаған жанның бірі – Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде қызмет етіп жүрген Хабиров Рафаэль Ралитович. Ол – өз ісінің шебері, талай шәкіртті шыңға шыңдап, тек мықты спортшы ғана емес, тәртіпті, төзімді, жігерлі азамат тәрбиелеуге үлес қосып жүрген ұлағатты ұстаз.

Рафаэль Ралитович — 1974 жылы дүниеге келген, жоғары білімді, білікті маман. Ол 2002 жылы Қазақ спорт және туризм академиясын «Дене тәрбиесі мәдениеті оқытушысы, күрес жаттықтырушысы» мамандығы бойынша тәмамдап, кәсіби жолын спорт саласында бастады. 2002–2005 жылдары Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде, 2005–2007 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде қызмет атқарып, тәжірибесін шыңдады. Бүгінде Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасында аға оқытушы ретінде еңбек етіп келеді. Білім ордасына келген сәттен бастап е талай жас спортшының қалыптасуына ықпал етіп, болашақ мамандарды даярлауда өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Біз бүгін білім мен біліктілігін толықтырған талай тарланбозды тәрбиелеп, әлем ареналарында еліміздің атын шығарып жүрген білікті бапкермен университет спорты, студенттеріміздің жетістіктері, 2025 жылғы толағай табыстарымыз бен алдағы жоспарлар туралы әңгімелестік.

– Әңгімемізді әріден бастасақ. Білімнің қара шаңырағы, батыс өлкесіндегі іргелі оқу орны – Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде еңбек жолыңыз қай жылдары бастау алды?

– Атырау университетіне келгеніме 15 жылдай уақыт болды. Көп жылдар бойы осы білім саласында қызмет қылдық. Алматыда еңбек еттік, сол жақта жүріп қазақ күресі, дзюдо, самбо күрестерінен жаттықтырушы болдық. Кейін жұмыс бабымен Астана қаласына ауыстым, ол жақта да табанды еңбек еттік. «Қазақстан Барысы», федерацияның бас менеджері, «Әлем Барысы», «Евразия Барысы» секілді айтулы додаларға өз үлесімізді қостық. Одан кейін отбасымызбен Атырау жеріне келдік. Уақытты қарасаңыз, бұл жаққа келгенімізге де 15 жылдай өтіпті. Көптеген додаларда, көптеген сайыстарда жеңіске жеттік, еңбек еттік. Осы университет қабырғасында жүріп көп тәжірибе жинадым. Қазақта сөз бар ғой: «Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз». Осы жерде тәжірибелі ағалар мен апайлармен тізе қосып еңбек етіп, білмегенімізді толықтырдық. Бұл университет, Атырау өңірі өміріміздің бір бөлісіне айналып кетті. Көптеген қызық сәттер, жеңістермен қуаныш – бәрі осы жерде өтті. Әлі де осы өлкеде еңбек ете береміз деген ой бар, бұйырғаны болып жатыр.

– Өзіңіздің қарераңыздағы және бапкерлік жолдағы жарқын сәттер туралы айтып берсеңіз.

– Өзім университетте оқып жүріп күреспен шұғылдандым, алайда ауыз толтырып айтатындай үлкен жетістікке жете алмадым. Бірақ университетті тәмамдағаннан кейін

мұғалім болып жүріп, спортты тастамадық. Ардагерлер арасындағы Қазақстан чемпионы болдым, самбо күресінен әлем чемпионатында өнер көрсеттік, басқа да жарыстарға қатыстық. Шәкірттерім көп, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктері бар. Мысалы, әлем кубогін жеңген, Қазақстанның жастар арасындағы чемпионы болған, ересектер арасында жеңімпаз атанған қазақ күресінен Алтынбек Рауан – олардың бірі. Бұдан басқа да шәкірттерім бар, олар да жетістікке жетті. Университет қабырғасындағы шәкірттерім жайлы айтсам, олармен мақтана аламын. Кейбірі қазір спортты қойғанымен, олардың жетістіктері әлі күнге дейін көз алдыда. Айталық, ҚР студенттер арасындағы жарыстарда, Универсиадада жүлдегер атанған, әлем чемпионаты мен әлем кубогінде төбе көрсеткен шәкірттерімнің бәрі осы Атырау университетінде білім алған. Маңызды жарыстарды атап өтетін болсам, университеттер арасында ең әуелі ҚР Универсиадасы, одан кейін Дүниежүзілік студенттер Универсиадасы, Түркі елдерінің ойындары бар. Бұдан бөлек, осы күнге дейін ҚР Дене шынықтыру ғылыми-практикалық орталығы өткізетін Студенттер лигасы болды, бірақ әзірге ол тоқтап тұр. Жақында жақсы жаңалық естідік. Студенттік

келеді. Екіншіден, ҚР Универсиадасында еліміздегі 122 оқу орнының ішінде үздік ондықтың қатарынан табыламыз. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Бұрындыры 5–7 орындарда төбе көрсетіп жүрсек, бүгінгі нәтижеміз – тұрақты өсімнің айқын дәлелі. Ал Каспий маңындағы елдердің Универсиадасында 10 спорт түрінен сынға түсеміз. Соңғы жарыс Астраханда өтті. 5 мемлекеттен келген 17 жоғары оқу орнының арасында, яғни Каспий жағалауы қалаларының командалары арасынан командалық есепте бірінші орын алдық. Бұл жетістіктер – жүйелі жұмыстың, жаттықтырушылар біліктілігінің және студент-спортшылардың тыңғылықты дайындығының нәтижесі. Университет спортының биіктен көрінуі бірліктің, еңбектің және табандылықтың жемісі.

– Спортшы студенттеріміздің әлеуеті туралы пікір білдірсеңіз.

– Бүгінгі таңда бәрімізге белгілі, спорттың патшайымы – жеңіл атлетика. Одан кейін футбол, сондай-ақ даму жағынан дзюдо күресі де қарқынды дамып келеді. Бұл спорт түрлері біздің облысымызда да өте жақсы жолға қойылған. Оған дәлел ретінде облысымызда және қаламызда өткен жарыстардың нәтижелерін айтуға болады. Х.Досмұхамедұлы атындағы инновациялық білім беру факультетінің дене шынықтыру

орын, қыздар командасы – 3 орын алды. Футзал командасы – үшінші орын, дзюдо ерлер командасы да – 3 орынды иеленді. Осы секілді тізбектей берсек, көптеген спортшыларымыз ірілі-ұсақты жарыстарда тұрақты түрде жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр. Сонымен қатар қыркүйек айының 3 мен 9 аралығында Түркі тілдес 8 мемлекет арасында Қырғызстан елінде 7 спорт түрінен түркі тілдес студенттер арасындағы универсиада өткен болатын. Сол жарыстың алғашқы күні ел қоржынына алғашқы алтынды Данияр Кулушев салған болатын. Ол – экономика және құқық факультетінің 1 курс студенті. Бұл жарыста өзім де болдым, төреші ретінде қатыстым. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды, әр мемлекет өздерінің ең мықты студент спортшыларын алып келген. Сол кіл мықтының арасынан біздің Данияр топ жарып, жеңімпаз атанды. Одан кейін тағы да Қырғызстан жерінде Орхун бағдарламасы бойынша өткен ұлттық спорт түрлері жарысына қатыстық. Бұл додадан да біздің студенттер жоғары нәтиже көрсетті. Қырғыздың алыш күресінен қатысқан 5 студентіміз 3 алтын, 2 қола жүлде алып, ел намысын абыроймен қорғады.

– Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?

– Алдағы жылға жоспарымыз көп. Ең әуелі студенттер арасында Каспий маңы елдерінің ойындары өтеді деп естіп жатырмыз. Одан бөлек, Студенттер спорты одағы бізге жаңа жобалар ұсынып отыр. Өз тарапымыздан да студенттер арасында түрлі жарыстар ұйымдастырсақ па деген жоспарымыз бар. Шәкірттеріміз ҚР чемпионаттарында, халықаралық додаларда және басқа да ірі жарыстарда бақ сынау үшін дайындық жұмыстарын жалғастырып жатыр. Былғы жетістіктерімізді одан әрі жетілдіріп, алдағы жылға үлкен үміт артып отырмыз. Оған біздің әлеуетіміз де, оқытушылар мен бапкерлеріміздің тәжірибесі мен қабілеті де толық жетеді. Үміт зор, жоспар айқын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Спорт – тек медаль мен атақтың өлшемі емес, ол тәрбие, төзім, мінез қалыптастыратын үлкен мектеп. Осы мектептің нағыз шебері Рафаэль Ралитович. Ол – татамиде тер төккен спортшы, талай жасты жетістікке жеткізген білікті бапкер, дәлдікті, әділдікті ту еткен тәжірибелі төреші және ұстаз. Оның әр сөзі мен әр ісінен спортқа деген сүйіспеншілігі, жас буынға деген жауапкершілігі анық сезіледі. Бір кездері өзі бозкілемде жеңіске жетсем деп армандаса, бүгінде сол арманын шәкірттерінің жеңісі арқылы жалғап келеді. Спортшының жеңісі – бапкердің де жеңісі. Сол себепті болар, қай жарыс туралы айтса да шәкірттерінің есімін ерекше мақтанышпен атайды. Өйткені ол үшін нағыз құндылық – жастардың бойындағы талантты оятып, ел абыройын асқақтату.

Рафаэль Ралитович үшін спорт – өмірдің айнасы. Қиындыққа төтеп беру, тәртіпке бағыну, еңбекпен жеңіске жету, ел үшін тер төгу – оның өз жолында ұстанған басты қағидалары. Осындай тұлғалардың арқасында университет спорты дамып, жаңа жетістіктерге жол ашылып отыр.

Самғат ҚАЙРАТ,
Атырау университетінің
баспасөз хатшысы



спорт одағы Универсиада жүлдегерлері мен жеңімпаздарына «спорт шебері» атағын береміз деп отыр. Бұл атақты Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп бермекші. Мұндай тәжірибе бұрын-соңды біздің елде болмаған. Қырғыз мемлекетінде және басқа елдерде бар. Бұл – студенттер үшін өте тамаша жаңалық деп білеміз.

– Қазіргі университет спортының жарқын жетістіктерін атап бересіз бе?

– Атырау университетіне келетін болсақ, Батыс Қазақстан аймағында 4 облыс, 12 жоғары оқу орны бар. Сол жоғары оқу орнындары арасында біздің университет алдыңғы қатарда. Айтқан сөзімнің дәлелі ретінде универсиада жарыстарындағы жетістігімізді және басқа да додаларды алып қарайтын болсақ, Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті үздік орындардан көрініп

және БӘД кафедрасының 2-курс студенті Абдирова Дана Перу мемлекетінде өткен жастар арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Ол – аталған сайыста еліміз бойынша жүлде алған жалғыз спортшы. Бұл біздің университет пен облыс үшін үлкен жетістік. Одан кейін тамыз айында Болгарияда өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында 1-курс студенті Роллан Қайырғали жүлделі 3-орын иеленді. Сол жарыс бойынша Бақтығали Заманбек ұлдар арасында, Бітімбай Шынар қыздар арасында Индонезияда өткен додада қатысып, қола жүлдегер атанды. Бұл да әлемдік деңгейдегі біздің ең үлкен жетістіктеріміздің бірі, спортшыларымыздың қажырлы еңбегінің нәтижесі деп мақтанышпен айта аламыз. Түркістан қаласында өткен соңғы Универсиадада баскетболдан ұлдар командасы – 1



БІЗ КӨРГЕН ЖИДЕБАЙ САПАРЫ

–Абай атаның туған жері бізден алыс па?
–Абай атаның тұрған үйі сақталған ба?
Мектеп оқулықтарынан данышпан Абай жайлы қанығып оқып, оның өлеңдерін жаттап жүрген оқушы балаларымның сұрақтары көбейген кезде Семей жерін, Жидебайды «мың рет естігеннен бір рет көрген артық» деп шештім де... жол жүріп кеттік. Біздің барған кезіміз Наурыз мейрамы басталып, Жер-ананың көгеріп, көркейе бастаған кезі-тын. Шығыс өлкесі Абайдай ұлы перзентінің 180 жылдығын барша сән-салтанатымен қарсы алуға дайындықты бастаған екен. Тұрғылықты дос-жарандарымыз «Сол тойға келгендеріңізде ғой» дегенмен, абыр-сабыры аз жай кезде барғанда мектеп жасындағы балалармен қажет жерлерді асықпай аралаудың мүмкіндігі мол екенін байқадық.

Бір кездері «Қоңыр» этнотобын құрған Сержан Молдасанұлы топтың атауы жөнінде «Қоңыр тек түс атауы емес қой, қазақтың жерінен бастап, әуезіне дейін қоңыр келеді» деген еді. Семей қаласынан Күшікбай батыр, Еңлік-Кебек кесенелерін, жазушы Мұхтар Әуезовтің туған ауылын көктей өтіп, Жидебайға жеткенше Шыңғыстаудың етегіндегі кең-байтақ созылған қоңыр боз далаға көз жіберіп қараумен болдық. «Мынау бала Абайдың таймен шапқылап жүрген жері шығар?», «Мына жерде Қодар мен Қамқа оқиғасы болды ма екен?», «Осы далада ас та төк ас беріліп, жайлауға таласқан руластар бас қосып жатты-ау» ... Көркем әдебиеттің құдыреті сол, сайын да кітаптан оқыған-білгенінді қайтадан көз алдыңнан өткізіп, өткен ғасырларға жетелеп кетіп жатады.

Еңлік пен Кебекке қойылған ескерткіш белгіге келгенде жүргізушіге олардың артында Ермек есімді кішкентай сәби қалып, кейін аман-ескен ер жеткенін айттым. Ол бұл деректен хабарсыз екен, ғашықтардың артында ұрпақ қалғанына балаша қуанып мәз болды. Расымен де, «Еңлік-кебек» жырында екі жас жа-заланып, олардың әлі есін де билмейтін жазықсыз сәбиін ешкім алмайтыны ай-



тылатын. Кейінгі «Ер Кебектің баласы – Ермек батыр» (Садық Қасиманов), «Бала Ермек» (Теңізбай молда жазған делінеді) деген жырларда ғашықтардың далада қалған баласын Кебектің нағашы атасы тауып алып, өсіретіні, сол Ермектің есейе келе үйленіп, үйлі-баранды бола-тыны, әке-шешесінің кешін алам деп екі мыңнан аса жылқыны барымталай-тыны айтылады. Бұл жөнінде сөйлескен көп адамның біле бермейтінін көріп, тәптіштеп жазып отырмын.

Абай Құнанбайұлының «Жидебай-Бөрілі тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығына кірмес бұрын, сол жердің Еуразияның кіндігі екенін паш етіп қойылған белгіні тамашаладық. Талантты тұлғалар көп шыққан дәл осы жер нүктесінің ерекше екендігі, бір кездері сол үшін де полигон ретінде таңдалғаны жөнінде айтылып жүрген теория есімізге түсті.

Құнанбай әулеті мекендеген Жи-дебай ертеректе сол жерді мекенде-ген кісінің атымен аталған екен. 1940 жылы онда Құнанбай қажы кірпіштен там қора салдырып тұрады. Кейін оны

кенже ұлы Оспанға беріп, Оспан қайтыс болғаннан кейін бұл жерге Абай келіп орнығып, еңселі үлкен үй тұрғызады. Құнанбайдың көшіп барған жері Ақшоқы деп аталады. Жидебайдағы Абайдың музей-үйі дәлізден, ас үйден, қонақжай бөлмеден, Абайдың жұмыс бөлмесінен, Ділдәнің, Әйгерім мен Еркежанның бөлмелерінен, соғым сүрлейтін шо-шаладан, таеы басқа да бөлмелерден тұрады. Барлығы сегіз бөлме. Музей қызметкерлері түсіндіргендей, Абай осы үйді салу үшін Семейден арнайы пеш шеберлерін алдыртып, голландық пеш, контрамарка пеші, бу тартпа пеші дегендерді салдыртқан. «Сыры кетсе де сыны кетпейді» дегендей, жалпы бұл үйдің заманында ел ағалары аттың басын іріккен еңселі, сәулетті, алдыңғы қатарлы үй болғаны әлі күнге байқалып-ақ тұр. Жидебай ақын үшін сәтті болып, 70-тен астам өлең, Лермонтов пен Крыловтан отызға жуық аударма, 27 қара сөзі мен екі әнін жазған екен.

Абай музейіндегі ұлы тұлғаның қаламсабынан бастап домбыра, дойбы секілді тұтынған дүниелері, көрпе-

жастық, кебеже-сандықтар, біз кітаптан оқып, тарихтан біліп өскен Ділдә, Әйгерім, Еркежан, кейін осы үйге келіп болып түсіп, Абайды өз қолынан жөнелткен Қамария келіннің орамал, көйлектері, ыдыс-аяқтары бәрі-бәрі көзге ыстық көрініп, өткен ғасырларға еріксіз жетелейді екен. Кейін дәл осы бөлмелерді блогер Әлия Әшімнің видеоға түсіріп, «Бұл жерде Абай мен Ділдә не-ткен» деп жыртыңдай күлгенін көріп амалсыз басымды шайқадым. Шындап келгенде, ол жерде айтатын, көрсететін дүние көп-ақ еді. Әрі мектеп жасындағы балаларға дейін көңіліміз толқып, ерекше кейіпте көріп-аралаған музейде елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдайды деп жүрген білдей жандардың арзан күлкіге бой алдырып, төмен әңгімелерді айтып тұрғанын түсіне де, құптай да алмадым.

Мәселен, Абай ұрпақтарының бай-болыс ұрпағы деп кейінгі қудаланған, аты-жөндерін жасыруға мәжбүр бо-лып, тоз-тозы шығуға арналған тағдыры жөнінде естігенде көңіліміз босағандай болды. Қазіргі күні Абайдың тікелей ұрпағы болып саналатын Данияр Айдарұлы Ақылбаев Мәскеуде тұрады екен, музейге жиі болмағанмен келіп тұрады екен. Біздің балаларымызға Шәкерімнің хикаясы да қатты әсер етті. Семейдегі Абай музейінде Шәкерімнің сүйегі тасымалданған шағын шаба-дан бар. Кеңес жандайшаптарынының қапыдағы оқынан қаза тапқан Шәкерімнің сүйегі құдыққа отыз жыл жатады. Кейін оны ұлы Ахат шығарып алып, осы шабаданға салып Жидебайға әкеліп жерлейді.

Қасиетті мекеннен осы көргендеріміздің барлығы жас балалар үшін берері мол үлкен тағылым мектебі болды. Мек-теп оқушыларын, студенттерді қазақ елінің ұлы тұлғалары туып-өскен жер-лерге саяхатқа шығарып тұрса одан қай тараптың да ұтары көп деген ойға қалдым.

Құралай ҚУАТОВА,
журналистика және қоғаммен
байланыс кафедрасының
аға оқытушысы

Қарақалпақ университетімен ғылыми ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашылды



Қарақалпақстан мемлекеттік университетіне арнайы сапармен барған «Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасының оқытушылар құрамы Қарақалпақ тілі мен әдебиеті мамандығының құрылғанына 90 жыл мерей тойына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияға ресми шақырту негізінде қатысты. Бұл ғылыми мәдени байланысқа Бердах атындағы Қарақалпақстан мемлекеттік университеті мен Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті арасындағы қол қойылған келісім шарт негіз болды. «Қазақ, қырғыз, қарақалпақ — бір туған» деген көнеден жеткен қанатты сөздің өміршеңдігіне көз жеткізгендей болдық. Қарақалпақ жеріндегі әрбір жүздесу, әрбір жылы амандасу — екі ел арасындағы мәдени және бауырластық байланыстың тереңдігін айғақтап тұрды.

Бұл сапардың негізгі мақсаты — Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінде Қарақалпақ тілі мен әдебиеті мамандығының құрылғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған халықаралық конференцияға қатысу және екі ел арасындағы ғылыми байланысты кеңейту еді. Шараға Қазақстан тарапынан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика мамандығының өкілдері арнайы қатысты. Делегация құрамында Түркия, Түрікменстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Татарстан елінен кел-ген оқытушы-профессорлар құрамымен бірге бас қосып, тіл мен мәдениет сабақтастығын талқылаған мазмұнды кездесулер өтті.

Жолдан шаршап жеткен қонақтарды Қарақалпақ университетінің Филология және Журнали-стика факультетінің деканы Турдыбаев Қонақбай Кулумжайұлы бастаған оқытушы-профессорлар құрамы қарсы алды. Алғашқы минуттан-ақ универ-ситет ұжымы бізді оқу орнының тарихымен, бүгінгі

жетістіктерімен таныстырды. Атырау университетінің делегациясы өз тарапынан факультет басшылығына және журналистика кафедрасына арнайы ала келген сәлемдемелерін табыстады.

Халықаралық деңгейде ұйымдастырылған конференцияның бірінші күні салтанатты концерттік бағдарлама мен марапаттау рәсіміне ұласты. Университеттің 90 жылдық мерейтойына орай дайындалған арнайы медальдер алыстан келген қонақтарға табысталаып, ғылыми байланыстарды нығайтудағы еңбектері атап өтілді. Одан бөлек кон-фернеция аясында ұйымдастырылған «Шабыт пен сөз құдіреті» тақырыбындағы республикалық байқаудың жеңіпаздарын «Ең жақсы мақала», «Ең жақсы телебағдарлама», «Ең жақсы радио» номинациясы бойынша марапаттады. Марапат соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Қарақалпақ, қырғыз, өзбек, қазақ тілінде шырқалған ән мен би де бауырлас халықтардың рухани бірлігін айшықтап, зал толы көрерменге ерекше әсер қалдырды. Ұлттық әуендер мен өнерпаздардың шат көңілі шараның мазмұнын тереңдетіп, думанды кешке айналдырды.

Екінші күні өткен пленарлық отырыста Қарақалпақ мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы оқу орнының тарихи қалыптасу жолын және бүгінде зомыңнан астам студенттің білім алып жатқан университеттің қазіргі тыныс-тіршілігін жан-жақты баяндады. Түстен кейін өткізілген секциялық отыры-старда журналистика саласына арналған ғылыми ба-яндамалар тыңдалып, пікір алмасулар болды. Әр елдің ғалымдары өз тәжірибесімен бөлісіп, ортақ ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар айтты.

Ташкент Журналистика және бұқаралық комму-никация университетінен келген профессор Аллам-бергенова Перхан ханымның «Прайм таймнан алго-

ритм уақытына дейін: әлеуметтік медиа дәуіріндегі өзбек хабар таратушыларының платформалануы» тақырыбындағы баяндамасы өзекті мәселенің бірі болды.

Атырау университетінің атынан: аға оқытушы Қайырова Гүлсара Жоламанқызы «Ақпараттық интеграция арқылы түркі әлемінің бірлігін қалыптастыру жөнінде», аға оқытушы Ахонова Меру-ерт Иманғалиқызы «Экологиялық журналистика және сапалы ақпарат: ұлттық және жаһандық тәжірибелер бойынша», сенбор лектор, магистр Нұрланова Нұргүл Нұрланқызы «Фотожанрлар мен баспасөз жанрлары арасындағы ұқсастық пен ерекшелік. Фотоөнердің PR технология саласындағы рөлі» туралы мазмұнды ба-яндама оқыды.

Бұл баяндамалар қатысушылар тарапынан жоғары бағаланып, болашақ бірлескен жобаларға негіз қаланды. Екі ЖОО арасында журналистика мамандығы арасындағы студенттер алмасау, бірлескен ғылым жұмыстарын жалғастыру жөнінде пікір алмастық.

Сапардың үшінші күні делегация Қарақалпақстанның тарихи орындарын және мәдени құндылықтарын та-машалады. Тахтакөпірге жасалған саяхат барысында қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтарының бір арна-дан бастау алатын ортақ мәдениетімен таныстық. Этноауылдағы киелі орындар, қолөнер бұйымдары, көнеден сақталған тұрмыстық мұралар — барлығы да ата дәстүрдің ұмытылмай, келер ұрпаққа аманат бо-лып жеткізіліп отырғанының жарқын дәлелі болды.

Одан әрі Қаратерең көліне барып, өңір табиғатының әсем көріністерін көріп, жергілікті халықтың өмір сал-тымен жақынырақ танысуға мүмкіндік туды.

Қарақалпақ ағайынның ерекше қонақжайлығы, ілтипаты мен бауырмалдығы бізге үлкен әсер қалдырды. Оқытушылар құрамы атынан Факультет бас-шысы Турдыбаев Қонақбай Кулумжайұлына, кафедра меңгерушісі Мерзоев Жаңабай Қалыбайұлына, кафедра профессорлары Оразымбетова Злиха Қыдырбайқызына, Атажанов Хурмет Абдимұратұлына және барлық ұйымдастырушыларға алғысымызды білдіреміз.

Бұл сапар тек мерейтойлық шараға қатысу ғана емес, ғылым мен білім саласындағы екі ел байланысының жаңа кезеңін бастаған тарихи қадам болды. Екі халықтың бауырластығы мен ынтымақтастығы осын-дай кездесулер арқылы бұрынғыдан да беки түсеріне сенім мол.

Халықаралық конференцияға іс сапармен баруға мүмкіндік берген Х.Досмұхамедов атындағы Аты-рау университетінің басшысылығына шынайы алғысымызды білдіреміз.

Нұргүл НҰРЛАНОВА,
Журналистика және қоғаммен байланыс
кафедрасының сенбор-лектор, магистрі

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

Жастар саясаты департаменті – университеттегі жастарға қатысты бастамаларды қолдауға, студенттердің тұлғалық дамуына жағдай жасауға және олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдық бөлім. 2024 – 2025 оқу жылында Жастар саясаты департаменті ауқымды шаралар өткізген болатын.

СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ САЙЛАУ

Студенттік парламент президенті-университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жоғары өкілі болып саналады. Президенттікке университетіміздің 6 факультетінен 2 немесе 3 курс студенті, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқан, оқу үлгерімі қанағаттанарлық деңгейден төмен болмауы (GPA 3.0), стратегиялық жоспары бар 6 студент үміткер болып қатысты. Сайлау үгіт-насихат, іс-шара, пікірсайыс, әлеуметтік желіде дауыс жинау арқылы бақ сынасады. Сайлау нәтижесінде көптілді білім беру факультетінің 3 курс студенті Сембай Ернұр Жұмахметұлы студенттік президенттікке тағайындалды және студенттік парламент құрылымы жаңа құраммен толықты.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ - ЖАҢА СЕРПІН «08 PRO MAX» СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ КЕШІ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 2024-2025 жаңа оқу жылы бұрын-соңды болмаған ерекше көңіл-күймен басталды. Дәстүрлі түрде өтетін бірінші курс студенттерін қабылдау кеші биыл «08 PRO MAX» атауымен ұйымдастырылып, жастардың серпінді кезеңіне нық қадам жасалды. Мыңдаған жаңа студенттер университеттің үлкен отбасына қосылып, ерекше атмосфераға енді. Отандық танымал әнші Әділет Жауғашар келіп, керемет әндерінің әуенімен залды толтырып, ұмытылмас әсер сыйлады. Бұл шара жаңа оқу жылына мотивация беріп қана қоймай, универсиет өмірінің алғашқы жаңа беттерін ашты.

«SENIMMEN BIRGE» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМЫ - ЖАСТАРДЫҢ БІРЛІГІ МЕН БІЛІМГЕ ДЕГЕН ЖАҢА ҚАДАМЫ



Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Senimmen Birge» республикалық студенттер форумы Халел университетінде кең ауқымда өтті. Еліміздің отыздан аса жоғары оқу орнынан жиналған жүзден астам белсенді студенттер мен жас ғалымдар бас қосқан болатын.



Форумның басты мақсаты — Абай мұрасын жастар санасына терең сіңіру, білім мен ғылымның маңызын арттыру, заманауи жастар арасында рухани тұтастық пен өзара сенімді нығайту болды. Ашылу салтанаты Абайдың бейнесі көрсетілген театрландырылған көрініспен басталып, Абайдың әндері орындалды.

Университет ректоры Саламат Идрисов форумның мән-маңызын атап өтіп:

«Абай сынды ұлы ойшыл күткендей, білімді де өнерлі, қайратты да қабілетті жастарымыз көбейсе – қазақ елі де өркендей береді. Бүгінгі форум – сіздер үшін үлкен мүмкіндік», — деді. Форумда Спикерлер ҚР Ғылым және Жоғары білім



министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан, Назарбаев университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Ұлттық мәдениет орталығының басшысы, «Абай-танушы» Құрманбай Гүлтас Сайынқызы, Бостон университетінің түлегі, IT сарапшы, аналитик Тимур Бектұр, т.б. танымал абайтанушылар мен мәдениет қайраткерлері қатысып, мазмұнды баяндама жасады.

Студенттер Абайдың «Толық адам» ілімі, мәдени құндылықтарды цифрландыру, қазіргі жастардың рухани дамуы туралы терең білім алды.

Форум аясында университет стадионында 6 киіз үй тігіліп, олар қазақтың біртуар тұлғалары – Қаныш, Халел, Мақаш, Жүмекен, Абай және Әмен есімдерімен аталды.

Әрбір киіз үйде ұлттық салт-дәстүр мен мәдениеттің көрінісі ұсынылып, қонақтарға қазақ халқының қонақжайлығы мен рухани байлығы насихатталды. Ұлттық дәстүр мен мәдениеттің бай мұрасымен жақын танысты.



Форум аясында өткен «KEMELDEN» қазақша quiz интеллектуалдық жарысы да студенттердің білімге құштарлығын арттыра түсті.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» АЯСЫНДАҒЫ ШАРАЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған салтанатты жиында ел қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті сақтау – мемлекеттің тұрақтылығының басты кепілі екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Қазақстан қауіпсіз мемлекет болуы үшін қоғамда



«Заң мен тәртіп» қағидаты берік орнығуы қажет. «Қазақстан қауіпсіз ел болуы керек. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамымыздың басты қағидаты саналатын болды. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырып, күшейтеміз. Онсыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Университетте жыл бойы жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған 15 шақты іс-шаралар өтті, олардың қатарында:



- Интернет алаяқтықтың алдын алу тақырыбындағы кездесу барысында студенттер әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік, фишинг, интернет-алаықтықтан қорғану жолдарын үйренді.

- «Діннің жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі» атты жиында жастар рухани мәдениет, толеранттылық, діни сауаттылық бағытында қарапайым әрі маңызды ақпарат алды.

- «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» тақырыбындағы дөңгелек үстелде студенттер Қазақстанның табиғи байлықтары, экология, қоршаған ортаны сақтау жолдары туралы өзекті мәліметтермен танысты.

Студенттер бұл кездесулердің барлығы олардың құқықтық, рухани және экологиялық мәдениетін дамытуға ерекше ықпал еткенін атап өтті.

КҮЗГІ БАЛЛ — «MR & MS»



Университеттің дәстүрлі күзгі балы — «Mr & Ms» ерекше сән-салтанатпен өтті. Әр факультеттен шыққан жұптар түрлі елдер мен дәуірлердің махаббат тарихтарын сахналап, шығармашылық қойылымдар ұсынды.

Қатысушылардың дайындық деңгейі, креативтілігі, сахналық мәдениеті қазылар алқасы мен көрермендердің жоғары бағасына ие болды. Шара студенттерге өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік берумен қатар, университет ішіндегі достықты, ұйымшылдықты, мәдени қарым-қатынасты және шығармашылық атмосфераны одан әрі нығайтты. «Mr & Ms» байқауы

ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШОЛУЫ



жастардың өзін-өзі дамытуына, жаңа идеялар туындатуына және студенттік өмірді қызықты әрі мазмұнды өткізуіне серпін берді.

РЕКТОР КУБОГІ – ЖАҢА ЖЕҢІСТЕР АЛАҢЫ



Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде дәстүрлі «Ректор кубогы – 2025» байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ерекше әсерге толы атмосферада өтті. Жыл сайын өтетін бұл сайыс университеттің шығармашылық ортасын жандандырып, студенттер арасында таланттарды анықтаудың маңызды алаңына айналған.



Биылғы додаға университеттің ең үздік, ең креативті және ең дарынды командалары қатысып, өз мүмкіндіктерін жан-жақты сынады. Әр команда ерекше әзірлікпен келіп, интеллектуалдық қабілеттерін, тапқырлығын, сахналық шеберлігін, артистік ойындары мен командалық ұйымшылдығын көрсетіп, көрермендерге әсерлі де мазмұнды қойылымдар ұсынды.

Сайыс барысында студенттер өзара бәсекелестіктен бөлек, достық қарым-қатынасты да нығайтып, ортақ мақсаты бар біртұтас ұжым екендіктерін дәлелдеді. Қатысушылардың жоғары деңгейдегі дайындықтары мен шығармашылық ізденістері қазылар алқасының да, көрермендердің де ерекше ықыласына бөленді.

«Ректор кубогы – 2025» жарысы студенттердің белсенділігін арттырып қана қоймай, салауатты өмір салтын, жауапкершілік мәдениетін және бәсекеге қабілеттілікті насихаттауға үлкен үлес қосты. Бұл байқау жастардың танымдық көкжиегін кеңейтіп, олардың өзін-өзі дамытуына, жаңа бастамаларға ұмтылуына да серпін берді.

ЖАҢА ЖАТАҚХАНА

Университеттің қажеттілігіне байланысты жаңадан N2 жатақхана пайдалануға берілді.



Жатақхана бойынша 500 орын студенттермен қамтамасыз етілді. Заманауи техникалармен жабдықталған, жайлы, қауіпсіз және студенттердің барлық қажеттілігін қамтамасыз ететін бұл ғимарат жастардың оқуына және тұрмысына үлкен қолдау көрсетіп отыр.

Жатақханада педагог-тәрбиешілер жұмыс бастап, тәртіп пен қауіпсіздікке тұрақты бақылау орнатылды.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ СТУДЕНТТЕРІ – ДЕБАТ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Хабар арнасы ұсынған бірегей жоба «Азамат» интеллектуалды сайысына Университеттің “SENATOR” дебат клубының мүшелері, үздік студенттер — Бақдәулет Өмертаев пен Аружан Ренатқызы қатысып, «Азамат» интеллектуалды бағдарламасының 1/4 финалында жеңімпаз атанды.

Бұл — университет жастарының ғылымға, білімге деген жоғары қабілетінің тағы бір дәлелі. Ойды қорғайтын, сөзді сөйлететін орта керек болса – “SENATOR” дебат клубы дәл соның өзі!

Студенттер үшін пікірсайыс, даму, жаңа достар және үлкен тәжірибе осы жерде.



СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН ВОЛОНТЕРЛЫҚПЕН АЙНАЛАСУЫ

Университет студенттері қайырымдылық пен волонтерлықпен айналасуы бір бөлек. Университет студенттері мен оқытушылар құрамы республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді қатысып, сенбілік өткізді.

Студенттер тазалық, экологиялық жауапкершілік және табиғатты қорғау мәдениетін насихаттауда үлгілі әрекет көрсетті.

Дүниежүзілік еріктілер күніне орай, осы мерекенің аясында, Asu Umit клубы – қайырымдылық қорының мүшелері, «Жаныңдағыларға жылулық бер» акциясын, «Мейірімділік мерейің» акциясында – еріктілер тобы аз қамтылған, көп балалы отбасыларға азық-түлік, керек-жарақтарын жеткізіп, көмек көрсетті. Осындай ел мерейін арттырып, қайтарымсыз көмек пен шексіз қуаныш сыйлап жүрген студенттер қатары көп!

2024–2025 оқу жылы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті үшін мазмұнды да мағыналы шараларға толы болды. Университет қабырғасында студенттердің рухани, мәдени, интеллектуалдық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған түрлі форматтағы іс-шаралар өрістеді. Жыл бойы «08 PRO MAX» қабылдау кеші, «Senimpen Birge» форумы, құқықтық сауаттылыққа арналған кездесулер, экологиялық акциялар, этно-мәдени көрмелер, «Mr & Ms» күзгі балы және Ректор кубогі сынды маңызды бастамалар жастардың жан-жақты дамуына үлкен серпін берді.

Бұдан бөлек, университет студенттері мен оқытушылары қатысқан Республикалық жалпыұлттық диктант, куиздер, мәдени-тәрбие бағытындағы тренингтер, студенттік лидерлік сессиялар, патриоттық және спорттық іс-шаралар да жоғары деңгейде ұйымдастырылып, білім ордасының белсенді қоғамдық өмірін одан әрі жандандырды. Бұл жобалар студенттердің тілдік сауаттылығын арттырып, командалық жұмыс істеу қабілетін дамытып, көшбасшылық қасиеттерін шыңдауға ықпал етті.

Аталған барлық шаралар университеттің жастар саясатын дамытудағы жүйелі еңбегінің нәтижесі болып табылады. Халел университеті алдағы уақытта да жастардың білімін тереңдетуге, шығармашылығын қолдауға, мәдени құндылықтарды дәріптеуге және әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған ауқымды жобаларды жалғастыра береді. Жыл бойы өткізілген ауқымды іс-шараларды қорытындылай келе, студенттер арасында ЖЫЛ ҮЗДІГІ-2025 байқауы ұйымдастырылуда.

ӘСКЕР ЕЛ АЙБЫНЫ

Отан қорғаудан артық міндет жоқ!
Армия – мемлекеттің берік қорғаны!
Бүгінгі әскер – байрақты батыр
бабалардың ұрпағы!
ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев

Қазақ елінің көгіне күн болып ұмтылатын, арыстандай айбатты, Отан тарихына аса құрметпен, мақтанышпен қадірлеп қарайтын, тәуелсіз Қазақстанның ең басты құндылығы болып табылатын патриот ұрпақ тәрбиелеуді басты мақсат тұтқан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті әскери кафедра-сында тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстар басты орында тұр.

Студенттермен тәрбиелік және әскери-патриоттық жұмыстардың міндеттері сабақ барысында және күнделікті тәртіпте қарастырылған сағаттарда, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта университеттің факультеттерімен, қоғамдық ұйымдармен, әскери бөлімдермен және мекемелермен бірге орындалады.

Атап айтар болсақ, 2025–2026 жылы басталғалы бері кафедрамызда Қазақстан халқы тілдері күні – фестиваль форма-тында, Қазақстан Республикасы күніне орай салтанатты шара, «Атыраудың атақты тұлғалары» атты тақырыптық кеш, Батыс аумағы бойынша Әскери прокуратура, Атырау гарнизоны әскери полиция қызметкерлерімен «Сыбай-лас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ша-ралары» бойынша кездесу, әскери кафедраға бекітіліп берілген қала орта мектептерінде ерлік сабақтары, әскери тақырыптағы кітаптарға көрме, Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абайдың қара сөздері» атты кеш, «Қазақ хандығына 560 жыл» толуына орай тақырыптық кеш, қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, «Алаш» партиясының жетекшісі Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай тақырыптық кеш, қазақтың ұлы ком-позиторы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 95 жыл, Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 90 жыл әндер сайысы т.б. ша-ралар өткізілді.

Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу мақсатында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бұл бағытта кафедраға алғаш келген күндері-ақ әр оқу взвод-тарынан белсенділер тағайындалып взвод командирлеріне көмекшілер ретінде мәдени шараларға жауап-тылар, қабырға баспасы редактор-лары, спорт ұйымдастырушылары, ақпараттандырушылар сайланады. Әр студент осы бағыттар бойынша белсенді жұмыс атқарады.

Студенттердің ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша жұмыс – психологиялық жұмыстар да басты бағыттардың бірі. Бұл мақсатта әрбір студентпен жеке әңгімелесу, жеке және топтық тапсырмалар беру (мы-салы, тақырыпқа байланысты макеттер жасау, шаралар жоспарын құру, сцена-рий жазу т.б.), олардың орындалуын қадағалау үнемі жүргізіліп отырады.

Дәстүрлі діни конфессиялардың, қоғамдық бірлестіктердің рухани-адамгершілік әлеуетін пайдалану мақсатында Облыстық Дін істері басқармасы өкілдерімен де кездесулер өткізіліп тұрады.

Ақпараттық-имидждік жұмыс бойынша студенттерді Қазақстан Республикасындағы және әлемдегі оқиғалар туралы хабардар ету, қабырға баспаларын шығару да дәстүрлі жолға қойылған.

Өткізілген шаралар әскери кафедраның инстаграмм әлеуметтік желі парақшасында әрдайым жарияла-нып отырады.

Сонымен қатар, еліміздің әскери өнерінің тарихын, қару-жарақ, әскери мамандықты игеру, жастарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындау бойынша жа-стар бастамасын дамыту және қолдау мақсатында Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі N 375 бұйрығына сәйкес (қазіргі уақытта 05.04.2019ж. N 219)) әскери кафедраның негізінде «Алашұлы» әскери-патриоттық клубы құрылып, онда кафедра оқытушылары түрлі дөңгелек үстелдер, тақырыптық кештерді, қаланың көрнекті, тарихи жерлеріне және мұражайларына бару т.б. көптеген шараларды ұйымдастырады және өткізеді.

«Алашұлы» клубының қызметі Қазақстан Республикасының Консти-туциясына, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Жастар саясаты туралы», «Мәдениет туралы» Заңдарымен Ережелерге сәйкес, сонымен қатар өзге де нормативтік құқықтық актілер және өз қызметінде



жалпыға белгілі қағидаттар, нормалар мен стандарттарды басшылыққа алады. Бұл әскери-патриоттық клуб университеттің Жастар саясаты Департаментімен тығыз байланы-ста жұмыс істейді, сонымен қатар, жастар, білім беру, мәдениет, спорт, әскери басқару, атқарушы органдар-мен, рухани-адамгершілік, патриоттық және физикалық дамуына бағытталған мекемелермен және ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

Қарашаның 27-і мен 4 желтоқсан аралығында оқу взводтары арасында жастарды патриотизмге тәрбиелеу мақсатында You Tube форматында бейнероликтер дайындалып, байқау өтуде. Дайындалған бейнебаяндар ка-федрa инстаграмм парақшасында жа-рияланып, дауыс жинауда. Жеңімпаз взводтың бейнероликтері You Tube-та жарияланатын болады. Бұл бағыттағы жұмыстарға студенттердің ата-аналары, бауырлары белсенді үлес қосқандықтары әскери кафедраның тек студенттер-мен ғана емес, олардың ата-аналары-мен туысқандарымен тығыз байланыс жұмыстарын жолға қойғандығының белгісі.

Кеңес Одағының батыры, жа-зушы, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл то-луына орай әскери кафедра взвод-тары командаларымен университет факультеттері арасында Quiz ойыны ағымдағы жылдың 11 желтоқсан күні Жастар саясаты Департаментімен бірігіп ұйымдастырылмақшы.

Осы айда өткізілетін тағы бір шаралардың бірегейі – «Ұстаз» мектеп-интернатының тәрбиелеушілері үшін «Ашық есік» күнін Ел Тәуелсіздігі күніне орайластырып өткізу. Осы мақсатта оқушыларға арнап тақырыптық бейне-ролик дайындалып, көркемөнерпаздар «Желтоқсан желі», «Қасқалдақ» атты әндерге, қару-жарақ кітап көрмесі, ка-федрa бойынша әкспурссия, қарусыз және қарумен саптық тәсілдер, қоян-қолтық тәсілдер элементтерінен көрініс, қаруды жартылай бөлшектеу, оны қайта жинау, жаппай қырып-жою құралдары және олардан қорғану сынды әскери нормативтерді орындау, салтанатты шеру бойынша әзірлік жұмыстары жүріп жатыр.

6 желтоқсан күні «Жайықты таза ұстайық» атты акцияға белсенді қатысу да жоспарланды.

13 желтоқсан күні запастағы сержант-тарды даярлау бойынша білім алушы студенттермен шашка, шахматтан тур-нир өткізілетін болады.

Осы шаралармен 2025 жылды аяқтап, келер жылы төмендегідей шараларды өткізу жоспарда бар.

- идеологиялық жұмыс бағытында

Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу;

- «Алғыс айту» күні арналған бей-небаян;

- «Көрісу мейрамы – ежелгі дәстүр» мерекелік шара;

- «Әз-Наурыз мерекесі» шарасы;

- Қазақстан халқы бірлігі күніне арналған оқу взводтары арасында фе-стиваль;

- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай Әскери Ант қабылдау салтанатты шарасы;

- «Офицер-ерлікті талап ететін мамандық!» атты ҚР ҚК қатарында қызмет етші офицерлермен кездесу

- Отан қорғаушылар күніне орай взводтар арасында әскери-патриоттық әндер сайысы;

- оқу взводтары арасында саптық әндер байқауы;

- қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовтың туғанына 155 жыл (оқу взводтары арасында денешынықтыру нормативтерін орындау);

- әскери кафедраны аяқтаған түлектерге «запастағы лейтенант» алғашқы әскери шендерді табыстау ша-расы және т.б.

Аталмыш шаралардан бөлек үнемі өткізілетін шаралар да тәрбие, әскери-патриоттық жұмыс жоспа-рынан орын алған. Мысалы: кафе-дра студенттерінің Атырау облысы-нан ҚР Қарулы Күштер қатарына ат-танатын мерзімді әскери қызметке шақырушылардың шараларына қатысуы, Ұлы Жеңіс күніне орай мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою, балаларды қорғау күні қарсаңында «Шаңырақ» бала-лар үйінің тәрбиеленушілері үшін университет көлемінде «Ашық есік» күндерін ұйымдастыру, қарттар күніне орай қалалық қарттар үйі ауласын тазалау, әктеу жұмыстары сынды шаруашылық жұмыстарын атқару, ҚР Қарулы Күштердің 44433 әскери бөлімімен, ҚР ҰҚК шекара застава-сымен, ҚР Ұлттық Ұлан 5546 әскери бөлімімен, ТЖМ қарасты жедел-құтқару жасағымен, Облыстық Дін істері Басқармасымен, Атырау гарнизоны бойынша Әскери прокуратура, әскери полиция қызметкерлерімен кездесу-лер, сурақ-жауап кештері «Медикер-Жайық» мекемелерімен өз бағыттары бойынша көрнекіліктермен тәжірибелік, нұсқаулық шараларын өткізу және т.б.

Әскери кафедрадағы студенттер-мен тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстар кафедраны аяқтаушы түлектермен өткізілетін оқу-жаттығу жиындары кезінде де жалғасын тауып өткізіледі. Олар, жоғарыда көрсетілген шаралардан тыс далалық жаттығулар, яғни полигон уақытында викторина-лар, футбол, волейбол, бард әндерден байқау сияқты далалық жағдайда ме-

реке, демалыс күндері арналған мәдени-спорттық шаралар жоспары дайында-лып өткізіледі. Солардың тағы бірі – әскери патриоттық фильмдерді қарап талдау. Мысалы: «1941 жылдың жазы» атты лейтенант Әди Шаринов туралы, «Момышұлы» сериалы, «Қасым» фильмі, «Жау жүрек мың бала», «Бүркіт», «Ант» сынды тарихқа көз жүгіртіп, бабалар ерлігі ұлықтайтын фильмдермен қатар, «Т-34» фильмін көрсете отырып, ол фильмде орын ал-маса да соғыста сол әскери техниканы жүргізіп, ҰОС ерлік көрсеткен сөзге тиек етіле бермейтін өрімдей қазақ қыздарының ерлігі фильм таңдауымен қатар әңгіме етіледі.

Осы аңызға айналған Т-34 танк эки-пажы қазақ қыздары болғаны еліміз Тәуелсіздігін алғанға дейін айтылмай келген. 4 қазақ қызының ерлігі ту-ралы Бақытжан Абдул-Түменбай та-рихшы былай деп жазған: «1941-1945 жылдардағы соғыс кезінде жалғыз Т-34 танк экипажының мүшелері қазақ қыздары болғандығы 80 жылдан бері жасырын болды. Соғыс жылдарында майданда соғысқан 800 мыңнан астам әйелдің тек 20-ы ғана бронды-танк әскер сапында болған. Оның ішінде 4 қазақ қызы бір танк экипажы болды. Олар: экипаж командирі әрі көздеуші кіші сержант Жамал Байтасова, оқтаушы-атушы Күлкен Тоқбергенова, механик-жүргізуші Күнжәмила Талқанбаева, радист-пулеметші Жәмила Бейсенбаева.

Мұндай шаралардың студенттердің болашақ Отан қорғаушы офицер болып, кәсіби маман ретінде қалыптасуына, білім қоржындарын толтыруға үлкен септігін тигізері анық. Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Ешкім ба-тыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді, өскен қалта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады». Біз батырларымыздың ерлігін үнемі дәріптеп отыруымыз қажет.

Келер 2026 жылы әскери кафедрамыздың құрылғанына 10 жыл толады. Кафедра жеке құрамы атал-мыш шараны ауқымды етіп өткізуге дайындық үстіндеміз.

Әр уақыт өз кейіпкерлерін дүниеге әкеледі. Соның ішінде әскери тәрбие қай уақытта да адамгершіліктің биік тұғырында тұрып, адамзатты азаматтықтың, патриотпен интернаци-онализм қабілеттерінің жоғары сапасын тудырған. Соған сәйкес, қазіргі уақытта біздің әскери кафедра студенттерінде парызға адалдық және аға ұрпақ дәстүрлері қалыптасып жалғасын табуда.

Г.БЕРДАЛИЕВА,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
Әскери кафедрасының сеньор-
лекторы отставкадағы майор

Студент мүмкіндігін толық игере алдық па?

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 8 мыңнан астам студент білім алады. Солардың қатарында біз – журналистика мамандығының 3 курсында оқимыз. Бізді ұдайы «Студент мүмкіндігін толық игере алдық па?» деген сауал толғандырады. Жыл өткен сайын қоғамдағы алдыңғы буын өкілдерінің кейінгі жастарға қоятын талабы күшейіп келеді. Дегенмен бұл сан ғасырдан келе жатқан тұрақты көзқарас, айтылуы тиіс сын.

Атырау университеті Еуразияның тоғысқан тұсындағы, 85 жылдық тарихы бар қара шаңырақ білім ордасы. Оның тарихы, шежіресі, жыл-намасы – көпке мәлім. Біз оқу ордамыздың жетістігімен мақтанғанды абырой санаймыз. Керісінше, университет мақтанатын шәкірт, түлек болуды құп көреміз. Осы мақсатта замандастарымыз жақсылық пен игілікті сезіне алады ма, ізгілік пен мүмкіндікке қол созып жүр ме деген ойымыздағы толғанысты қағазға түсіргіміз келді. Жалпы Қазақстандағы білім беру жүйесі түрленген, жаңа форматтағы, жарқын жетістіктерін санап айтып тауыса алмайтын белесті бағындырды. Бүгінде туған отанымыз – Орталық Азиядағы академиялық хабқа айнарудың стратегиялық жоспарын бастап кетті. Игілікті істі – жалпақ жұрт көріп отыр. «Қазақта қалауын тапса, қар жанар» деген аталы сөз бар. Бұл жақсылықтың бастауы елдегі тұрақтылық пен халықаралық байланыстардағы Қазақстанның жақсы нәтижелерге жылдам қол жеткізіп жатқанынан хабар береді. Ал әрбір жекелеген студент үшін – Қазақ елі бар мүмкіндікті жасап отыр. Оқу орындарындағы білім сапасының артуы мен студенттерге арналған мемлекеттік гранттардың жыл сайын саны көбейіп, студенттерді кәсіби маман ретінде дайындау міндеті – сәтті іске аса бастады. Ал біз осы қолдауға лайықты бола алдық па? Әрине, Атырау университеті студенттерінің қатарында академиялық ұтқырлықпен шетелде оқып келген, ғылымда, спортта жетістікке жеткен замандас көп. Оқып жүріп жұмыс жасайтын, өзінің болашақ кәсібін студент шақтан толық игеріп алған жастардың қатары көп. Әрине, бұл толқын көпте, азда емес. Өкініштісі, оқудың қадірін білмейтін, мол мүмкіндікке немқұрайлы қарайтын, жасампаздық қабілетін толық көрсете алмаған құрбы-құрдастарыма көңілім қапалы.

Оқу мен тәрбие, теория мен тәжірибе ұштасқан сәтте кез келген жастың тұлғалық болмысы айшықтала түседі. Білімді жастардың бірі толқыны алып, білім теңіздің жағасынан бірін-бірі қуалап айдынға тартып жатса, енді біреулерін жағаға ұрып, қайраңында қалдырып жатқандай көрінеді. Қайраңдағы қайран жастық – көңілді құлазытады. Мысалды алыстан емес, өзіміз білім алатын мамандықтан, топтан алғаным жөн болар. Журналистика – сөз өнерің мәйегіне қанығып, жазу дағдысын игеретін мамандық. Оның теориялық ілімі ақпарат берудегі тепе-теңдікті, әділдікті, туралықты үйретсе, тәжірибесі – табандылықты, ізденісті, дағдыны қалыптастырады. Университет – екі арнаны да жүзіп өтіп, теңізге жететіндей қайнармен қамтамасыз етіп отыр. Олай дейтінім – кәсіби мамандар мен тәжірбелі оқытушы-профессорлар, медиа саласының білікті үздік редактор журналистері де дәріс береді. Сонымен қатар, журналистика мамандығының

студенттеріне оқып жүріп, еңбек етуге де мол мүмкіндік бар. Бұл игілікті – игереуші көп емес, шындап іс-қылған жастар санаулы. Әрине, студенттердің жаппай жұмыс істеуге міндетті емес. Бірақ теориялық білімді тәжірибемен ұштарсыттырмай, оның қаламы қалай ұшталмақ? Ой-санасы қайтып сілкінбек? Мешел баладай – аз қималыдап, көп жейтін замандастарым сыныма ренжімес. Оқығанды қортуда, қолда бар мүмкіндікті игерудің қолайын таба білу – өнер болды. Бұрынғы уақыт студенттерінде мұндай мүмкіндік болмағаны анық.

Жалпы ойды қой десеңіз, жалқыға өтейін. Жалқының мысалынан жалпының не істеуі керек екенін көзқарақты оқыраман өзі танып алар. Біз әуелі журналистика мамандығына түсуді 10-сыныпта ойластық. Қиындығын елемей, телеэкранда сөз тізгіндеген тележурналистердің екпінен еліктеп, ток-шоуларда жүргізушінің жүріс-тұрысына, сөз саптауына қызықтық. Содан арада мектепті бітіріп, ойға алған ісіміз орындалып, оқуға түстік. Бірінші курста жастардың көбі ынталы болатын еді. Біз мектепті қимадық па, жаңа ортаға үйлесе алмадық па, оқудың алғашқы күзін самарқау бастадық. Бірақ әрбір дәріс өткен сайын қызығушылығымыз оянып, болашақ кәсібімізді мықтап игеруге көңіліміз ауа бастады. Басты талап – талмай оқу екен. Әуелі кітап оқып, тіл жаттықтырып, сөздік қорымды толықтырдым. 2 курсқа келгенде түрлі университет ішілік жобаларға қатысып, шығармашылық байқауларда бөк сынадым. Қарап тұрсам, жүйрікте, шабанда өзім сияқты жастар екен. Мен ішкенде ішіп, киген киімді киіп, мен дәріс алған оқытушыдан оларда оқыпты. Ал, неге біріміз алда, біріміз кейін келеміз деп толғандым. Басты мәселе – ынтада, ізденісте екен. Тура жолды таптым деп ойладым. Содан практикалық дәрістерден шабыттанып, университеттің «Медиа орталығына» тап келдім. Барлық қажетті жабдықтары бар, жастардың іліп алып кетуін күткен – ұстахана екен. Әуелі студиядағы видеокамералармен жазба жазып, хабарлар түсіріп көрдім. (Оның да біз әлі игермеген мол қазынасы жатыр). Фотожурналистика дегенді көзім шалып, фотоаппаратқа қолымды үйретіп, тәп-тәуір фоторепортаждар жасауды түсіндім. Сөйтіп, бірінен кейін бірі игере бастадым. Толығу үшін де толарсақтан саз кешпесең, тер төгуің керек екен.

Арада журналистика мамандығы бойынша түрлі тренингтерге қатысып, дағдыларды игере бастадым. Солардың ішінде Этнограф-ғалым Зейнолла Сәнік атындағы Республикалық байқауға дайындаған «Үздік деректі фильм» номинациясынан жеңіп алдым. Осы аралықта алған білімімді бір сынап алатын алаң іздеп жүргенде – Астанада өткен пәндік олимпиадаға қатыстық. Дәстүрлі сайыста біздің университеттегі мамандығы бойынша оқитын студенттер әр жылдары шама шарқына қарай білім көрсетіп, олимпиаданың кубогін де жеңіп алған. Білім додасында – бізде жаман өнер көрсетпедік. Командамыз еліміздегі 16 жоғары оқу орны студенттері арасында алға озып, екінші орынды қанжығаладық. Мерейіміз тасып, көптің құрметіне бөлендік. Келген соң «Стартап жобалар» жарысына қатысып, мамандықта бірге оқитын замандастарыммен бірге одан да өзімізге



лайықты олжаны иелендік. Бүгінде әрқайсымыз өз білімімізді шыңдап, университеттің алдыңғы толқын жастарымен бірге өсіп келеміз. Соңғы бір жылдай уақытта «Медиа орталыққа» жұмысқа тұрып, оқуым мен міндетімді қатар алып жүруді игердім. Бұл қызметім группаластарымды студияның тыныс-тіршілігімен таныстыруға, подкаст жазудың алғы шарттарын игеруге үлкен мүмкіндік берді. Себебі, студиялық камералармен түсірілім жасауды там-тұмдап игергенім үлкен олжа екен. Ойым мен идеямды іске асыруда қолым пультті еркін қолдана бастадым. Бұл дағды жалғаса береді. Сол арқылы біз өзімізді өсіріп, толықтыра түсеміз.

Бүгінде біздің группада аудандық газеттің тілшісі, сайттардың редакторы, белгілі мекемелердің қызметкері атанып жүрген қатарластарым көп. Олардың дені – аздап алған еңбекақысына қанағаттанып, оқуын қалдырмай оқып жүр. Әрине, біз студентке берілген мол мүмкіндікті толық игере алған жоқпыз. Бұл мүмкіндікті игеріп, өз қатарынан оқ бойы оза шапқан, республикалық және халықаралық деңгейде танылған, өзін дәлелдеген университет студенттері көп. Олардың жетістігін көрген сайын көп мүмкіндіктің бір жолын ғана пайдаланыппыз ғой деп аңтарыламыз. Өз замандастарымның жасампаздық пен жаңашылдықта жеткен жетістіктері – бізді ұдайы шабыттандырады. Оларға берілген мүмкіндік барлығымызға да теңдей берілген. Мәселе – өзімізде екені даусыз. Сондықтан, өзімізді түзейік, оқуымызды күшейтіп, ізденісімізді арттырайық, достар.

Сәнім Марат,
журналистика мамандығының
3 курс студенті

Спортты серік еткен – Нариман



Өмір жолы әркімге әрқалай бағыт береді. Бірі бала күнгі арманына адал болса, енді бірі өз қабілетін уақыт өте қайта ашып, жаңа белестерге қадам басады. Солардың қатарында Индер ауданынан шыққан жас футболшы – Нариман Бақтықожа бар. Индер ауылының топырағында туып-өскен Нариман футболды 9 жасынан бастап қолға алған. Доп қуған бала күнінен-ақ оның бойындағы алғырлық пен шыдамдылық көзге түскен. «Алаңға шыққанда шаршайтынмын, бірақ футболға деген махаббатым бәрін ұмыттыратын» – дейді ол. Спортқа деген ықыласы уақыт өте артып, кәсіби деңгейге қарай бағыт алды. Нариманның үлкен футболға жасаған алғашқы нақты қадамы – ФК «Атырау» құрамында 7 жыл бойы өнер көрсетуі. Командада ойнаған кезінде ол шабуыл шебінде өзін сенімді көрсетіп, бірнеше маусымда өз жылы бойынша үздік бомбардир атанды. Қарсыластар қақпасына дәл және шешуші гол соғуы оның басты ерекшелігі болды.

Жас спортшының осы уақытқа дейінгі жетістіктері де аз емес Тараз қаласында өткен республикалық футбол турнирінде айқын өнер көрсетіп, жарыстың үздігі атанып, 1-орын игері болды, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ұйымдастырылған Универсиада футбол сайысында жоғары нәтиже көрсетіп, 3-курс студенті ретінде 3-орынды жеңіп алды, Студенттер арасындағы әлем чемпионатына қатысып, халықаралық деңгейдегі ойындарда ел намысын

қорғады, Индер ауданының 90 жылдық мерейтойына орай өткізілген ірі спорттық жарыста өз командасын жеңіс жолына бастап, жүлделі 3-орынға қол жеткізді, Қалааралық футбол турнирлерінде бірнеше мәрте жүлдегер атанып, тұрақты түрде жоғары ойын көрсетті, Атырауда өткен SuperBall 2023 додасының қатысушысы ретінде спорттық шеберлігін тағы бір дәлелдеді. Жеке марапаттардың да орны бөлек. Нариман бірқатар жарыстарда Үздік шабуылшы,маусымның үздік сұрмергені секілді бір қатар сыйлықтарға ие болды.

Спортта нәтижеге жету үшін тек талант жеткіліксіз. Нариман өзінің әр жетістігін тұрақты жаттығумен, ұқыпты тәртіппен байланыстырады. Ол уақытын дұрыс жоспарлап, денсаулығына аса мән береді. «Футбол – сенің өзіңе деген жауапкершілігіңді көрсететін спорт» – дейді жас ойыншы. Жаттықтырушылары да оның болашағынан үлкен үміт күтеді. «Нариманның ойын оқуы, доппен жұмыс істеуі және алаңдағы өзін-өзі ұстауы тәжірибелі футболшыға тән» – деп бағалайды олар. Бүгінде Нариман Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 3-курс студенті. Ол оқу мен спортты қатар алып жүріп, алдағы уақытта жоғары лигаларда өнер көрсетуді мақсат етеді. Халықаралық жарыстарға қатысып, ел атын шығару – оның басты армандарының бірі.

Мәди МҰРАТБАЕВ,
Журналистика мамандығының
3 курс студенті

Далалық археологиялық мектептен алған тағылым



Әр студенттің өмірінде оның болашақ мамандығына деген көзқарасын түбегейлі өзгертетін ерекше тәжірибелер болады. Мен үшін сондай маңызды белестің бірі – биылғы жазда қатысқан далалық археологиялық мектеп. Бұл мектеп маған тек кәсіби білім беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар шыдамдылыққа, дәлдікке, жауапкершілікке және зерттеушілік ұқыптылыққа баулыды.

Экспедицияны ұйымдастырған Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (ҚР ҒЖБМ), Шәкәрім университеті және Назарбаев Университетінің Антропологиялық зертханасы бізге археологияны теориялық деңгейде ғана емес, нағыз далалық жағдайда тәжірибелік тұрғыдан терең меңгеруге зор мүмкіндік берді.

Халықаралық құрамдағы ғылыми

мектеп

2025 жылдың 29 шілдесі мен 7 тамызы аралығында өткен халықаралық жазғы археологиялық мектеп Абай облысы, Жанасемей ауданы аумағындағы Көкентау археологиялық кешенінде жүргізілді. Бұл мектепке Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттерімен қатар, АҚШ-тың Принстон университетінің докторанты, Әзербайжан және Беларусь Ғылым академияларының қызметкерлері, Беларусь мемлекеттік университетінің оқытушылары, Самарқандтағы Жібек жолы университетінің магистранттары қатысты. Әртүрлі елдер мен ғылыми орталықтардан келген жас ғалымдардың бірлесіп жұмыс жасауы – ғылыми байланыс пен халықаралық ынтымақтастықтың маңызын терең түсінуге жол ашты. Жазғы мектеп барысында біз археологияның бірнеше маңызды ғылыми бағыттарын меңгердік. Атап айтқанда археологиялық фиксация әдістері, георхеология, лидерлық түсірілім нәтижелерін талдау, физикалық антропология, палеоантропологиялық материалдармен далалық жағдайда жұмыс, археозоология, остеологиялық материалдарды зерттеу әдістері.

Әр бағыт бойынша тәжірибелік тапсырмалар орындалып, нақты артефактілермен, қаңқа қалдықтарымен және жануар сүйектерімен жұмыс жүргізілді. Біз қаңқа материалдарының жасын, жынысын, сақталу жағдайын және көмінді маусымын анықтау сияқты күрделі антропологиялық дағдыларды меңгердік. Мен үшін ерекше әсер қалдырған бағыттар – георхеология, археозоология және лидерлық түсірілім болды. Археозоология сабағында мал сүйектері арқылы жынысын, жақ сүйектері арқылы жасын анықтады. Лидерлық түсірілім барысында арнайы құралдарды қолданып, жер астындағы құрылымдарды, көне нысандардың бедерін картаға түсіру тәжірибесін игердік.

Теориялық және практикалық сабақтардың әр күні мен үшін ерекше қызықты әрі пайдалы болды. Табылған әр артефакт немесе жер бетіндегі кішкентай ғана фрагменттің өзі ежелгі қоғамның тыныс-тіршілігіне бір қадам жақындатқандай әсер қалдырды. Далалық жұмыс барысында археология саласының қаншалықты күрделі, бірақ бір мезетте қаншалықты қызықты екеніне көзім жетті.

МАМАНДЫҚҚА ДЕГЕН ҒЫЛЫМИ АРТТЫРҒАН МЕКТЕП

Бұл археологиялық мектеп менің болашақ мамандығыма деген қызығушылығымды одан әрі тереңдете түсті. Тек кітаптан оқыған теориялық білімді нақты қазба алаңында іс жүзінде қолдану – жас зерттеуші үшін баға жетпес тәжірибе. Халықаралық деңгейдегі осындай жобалар студенттердің кәсіби тұрғыдан жетілуіне, ғылыми ортаға бейімделуіне және жаңа көзқарас қалыптастыруына үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәжірибе маған ерекше әсер қалдырды. Болашақта осы жолды жалғастыруға деген үлкен жігер мен ынта сыйлады. Осындай маңызды тәжірибе алуға мүмкіндік берген Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің басшылығына, сондай-ақ жол көрсетіп, қолдау білдірген жетекшім Зайнов Амангелді Мұғауұлына зор алғысымды білдіремін.

Гүлайхан РАХМЕТОЛЛАҚЫЗЫ,
Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы

Дзюдо маған шыдам мен сенімді үйретті

Кейбір жандар үшін спорт тәннің емес, жанның қалауы іспетті. Жүрек түкпірінде сақталған арман ұшқынын көкке самғатып, ел абыройын асқақтатып жүрген спортшы қыздарымыз қаншама! Солардың бірі әрі бірегейі – жас дзюдошы Зере. Ол татамиде де, өмірде де батыл қадам жасап, өз арманына қарай нық қадам басып келеді.

– Зере, өзіңізді таныстырып өтсеңіз, дзюдоға қалай келдіңіз?

– Менің есімім Зере Асхатқызы. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің инновациялық білім беру факультетінде білім аламын. Дзюдоға мен алғаш рет он жасымда келдім. Шынымды айтсам, спортқа деген алғашқы қадамым басқа бағыттан басталған. Әкем мені тхэквандоға берді. Жеті ай жаттығып жүріп, бұл менің жүрегіме жақын спорт емес екенін түсіндім. 2016 жылы Рио Олимпиадасы кезінде әкем мен көрші ағай теледидардан дзюдо жарысын тамашалап отырған. Сол кезде финалда Елдос Сметов күресіп, күміс жүлде алған еді. Мен сол сәтті ұмыта алмаймын — Елдостың мінезі, қайсарлығы, татамидегі сенімділігі мені бірден баурап алды. Сол кезде әкеме бұрылып: «Мен де дзюдоға барғым келеді», – дедім. Көрші ағайдың өзі кезінде осы спортпен айналысқан екен, келесі күні-ақ мені алғашқы бапкеріме ертіп апарды. Сол күннен бастап менің өмірім мүлде басқа арнаға бұрылды.

– Отбасыңыздың қолдауы сіз үшін қаншалықты маңызды болды?

– Әкем әрқашан менің жанымда. Кішкентай кезімнен спортқа бейім екенімді байқаған ол мені үнемі жігерлендіріп отырды. Дзюдоға барғым келгенде еш ойланбастан қолдап, тіпті менің нағыз спортшы болуымды қалады. Күн сайын жаттығуға апарып, жарыстарға ертіп, бүгінге дейін менің ең үлкен тірегім болып келеді. Ал аням басында қобалжыды. «Қыз балаға ауыр, қауіпті спорт қой» деп қарсы болған сәттері де болды. Бірақ менің бұл іске деген шын ықыласымды көріп, ақырында өзі де сеніп, батасын берді. Қазір ол менің әр жеңісіме қуанып, әр жеңілісімде демеу болатын адам.

– Алғашқы жарысыңыз есіңізде ме?

– Иә, қалай ұмытайын! Дзюдодан айналыса бастағанымда жеті ай болғанда спорт мектебінің ішкі біріншілігі өтті. Сол кезде бірінші орын алдым. Татамиге шыққанда мүлде қорықпадым, керісінше өз-өзіме сенімді болдым. Ол жеңіс менің алғашқы үлкен қуанышым еді. Сол жарыстан кейін бапкерлер мені байқай бастады. Сол сәт менің спорттық өмірімнің нағыз бастамасы болды десем, қателеспеймін. – Ең есте қалған жеңісіңіз бен ауыр жеңілісіңіз туралы айтып берсеңіз. Мен үшін ең есте қалған жарыс – 2021 жылы Шардара қаласында өткен Қазақстан чемпионаты. Сол жарыста мен алғаш рет ел чемпионы атандым. Пандемия кезінде де жаттығуымды үзбей, күн сайын дайындалдым. Сол еңбегімнің нәтижесінде осындай жетістікке қол жеткіздім. Ал ең ауыр жеңілісім – Хорватияда өткен Әлем чемпионаты. Сол кезде нәтиже көрсете алмай, қатты күйзелгенім бар. Отбасым мен бапкерлердің сенімін ақтап алмағаным үшін өзімді кінәлі сезіндім. Сол сәт жүрегімде әлі сақталуы. Бірақ дәл сол жеңіліс мені мықты етті. Қайта тұрып, алға жүруге үйретті. – Кейбірі дзюдо – қыз балаға лайық емес дейді. Сіз бұл пікірмен келісесіз бе? Жоқ, мүлде келіспеймін. Дзюдо – қыз балаға тәрттіп пен төзімділік үйрететін керемет мектеп. Ол сені рухани да, физикалық тұрғыда да шыңдайды. Бұл спорт арқылы



мен өзімді таныдым, сабыр мен мінез таптым. Дзюдо – менің өмірлік ұстазым. Ол маған ешқашан берілмеуді, қиындыққа төтеп беруді және ең бастысы, өз күшіңе сенуді үйретті.

– Дзюдодан тыс өміріңіз қандай?

– Ашық айтсам, спорттан тыс уақытым көп емес. Күніне екі рет жаттығу жасаймыз.

Ай сайын оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға кетемін. Бірақ спорт менің өмірімнің басты бөлігіне айналған соң, бұл маған ауыр емес.

Кейде ойлаймын — егер спортқа келмесе, бәлкім қазір сабаққа көбірек көңіл бөліп, шетелде оқып жүрер ме едім деп. Бірақ мен өз жолымды таптым, және бұл таңдауыма еш өкінбеймін.

– Болашаққа қандай мақсат қойдыңыз? Арманыңызбен бөліссеңіз.

– Менің бала кезден келе жатқан ең үлкен арманым – Әлем чемпионы және Олимпиада жеңімпазы болу. Бұл арман 11 жасымнан бері менің жүрегімде өмір сүріп келеді. Мен оған жету үшін күн сайын еңбектенемін, өзімді дамытамын, күресемін. Еңбек пен сенім бар жерде бәрі мүмкін екеніне сенемін!

– Соңғы сұрақ. Дзюдо сізге не үйретті деп ойлайсыз?

– Дзюдо маған ең алдымен шыдам мен сенімді үйретті. Бұл спорт менің мінезімді қалыптастырды, маған күш берді, мені тұлға ретінде тәрбиеледі. Дзюдо – менің өмір мектебім.

Спорт тек күш сынасатын емес, рух сыналатын алаң. Зере – өз арманына сенген адамның жарқын бейнесі. Ол үшін әр жеңіс – еңбектің нәтижесі, әр жеңіліс – өмірлік сабақ. Алдағы күндерде оның есімі қазақ спортының жаңа тарихына алтын әріппен таңбаланады деп сенеміз!


“БАҚ–тағы жасанды интеллект мәселесі

Заманауи уақытта жасанды интеллект технологиясы қарқынды даму барысында. 2020 жылдардан бастап ол өзінің ең жоғарғы мәресіне жетті деп те айта аламыз! Карантиндік шаралардан көптеген технологиялар пайда болды және соның бәрінде тек бір мақсат – адамның іске қатысуын барынша азайту.

Жасанды интеллект өмірдің барлық салаларына тез еніп, жаңа мүмкіндіктер ашуда. Бұқаралық ақпарат құралдарында да белсенді қолданылады. Жасанды интеллект қазіргі заманғы БАҚ-та не үшін пайдалы екенін түсіну үшін оның жұмысының принциптері мен журналистикада одан әрі пайдалану перспективалары туралы мүмкіндігінше көбірек білу керек. Біз, бастаушы журналисттер ретінде, осы тақырыпқа терең енуіміз жөн.

Жасанды интеллект өмірімізге енгелі бері, бізді қоршап жатырған ақпарат он немесе жүз есе көбейді. Шектен тыс десек те қате болмайды. Ендеше, біз қазірдің өзінде контент теңізіне батып жатырмыз, шындықтың және жалған ақпараттың қай жерде екенін түсінуге тырысамыз. Басқа жағдайды алайық. Сіз әлеуметтік желіде таспаны парақтайсыз және кенеттен барлық жаңалықтар сіз үшін арнайы таңдалған сияқты екенін сезесіз. Бұл кездейсоқтық емес. AI алгоритмдері біз үшін жайлы «ақпарат көпіршіктерін» жасайды, онда біз тек көргіміз келетін нәрсені көреміз. Ыңғайлы ма? Иә. Маңызды ақпаратты жіберіп алуымыз мүмкін бе? Дәл солай.

Бірақ бұл мәселенің тек бергі жағы, ал енді біз жасанды интеллекттің заңнамамызға қарсы шыққан мысалдарын қарастырайық. “Polisia.kz” ақпараттық медиа порталы 26 қаңтар жарияланған мақаласында жасанды интеллекттің жалған ақпаратты таратуы туралы мәселесін көтерді. Жаңа технологиялар сіздің дауысыңызды, бет бейінеңізді өте оңай қайталай алады. Жарнама жасау кезінде кибершабуылдаушылар танымал тұлғалардың, заң кеңселерінің, адвокаттардың түпнұсқа бейнелерін негізге алады және халықты алдау үшін оны жасанды



интеллект арқылы бұрмалайды. 2024 жылы 2,5 мыңнан астам азамат өз қаражатын жұмыс істемейтін қорларға салды.

Қазақстанда жасанды интеллект сот процестерінде де қолданыла бастады. Компьютерлік бағдарламалар, оларды роботтар деп те атайды, әкімшілік істерді таңдау және оларды сотқа жіберу жұмыстарын орындайды. Жоба 2024 жылы еліміздің барлық аймақтарында басталды және алғашқы нәтижелер бар. Алайда, процестердің жеделдеуіне қарамастан, мүмкін болатын қателіктер мен адам факторын алып тастау туралы халық арасында алаңдаушылық туындады, бұл дұрыс емес шешімдерге әкелуі мүмкін. Бұл тақырыпқа қатысты мақаланы «Хабар» басылымы жариялады.

Қорытындылай келе, біз жасанды интеллекттің біздің өмірімізде ойнайтын рөлін қарастырдық және бірнеше мысалдар арқылы оның мәселелерін талқыладық. Бұл мақала жасанды интеллекттен бас тартуға немесе қорқыту мақсатында жазылмады, керісінше, жаңа технологиялармен сақ болу керектігі көзделді.. Ақпаратты сапалы талдай білу – әр журналисттің міндеті!

Ғалия ЕСЕНТАЙҚЫЗ
журналистика мамандығының
3 курс студенті

Кішкентай әрекет – үлкен өзгеріс



Біз күн сайын пластик бөтелкелерді, қағаздарды немесе қаптарды ойланбастан лақтырып жібереміз. Бір бөтелке бір адам үшін тек қоқыс сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ дәл сол кішкентай әрекет – біздің планетамыз үшін маңызды қадам. Қостанайдағы мектеп оқушылары бір апта бойы қаланың әр көшесін тазартуға жұмылды. Нәтижесінде тек таза қала ғана емес, жергілікті тұрғындардың экологиялық мәдениеті де өзгерді. Бұрын ойламай тастайтын қалдықтарды қазір қайта өңдеуге үйренді. Ал Алматыдағы жас кәсіпкер пластик бөтелкелерден сәндік бұйымдар жасап, әлеуметтік дүкендерде сатады. Оның жобасы тек бизнес емес, жастарға экологиялық сана қалыптастыратын нағыз үлгіге айналды. Экология – бұл үлкен күрес емес, әр адамның күнделікті таңдауы. Біреу бөтелкені қайта өңдеуге береді, бірі көп пластик қолданбайды, тағы бірі қалдықтарды сұрыптайды – дәл осы кішкентай қадамдар әлемді өзгертеді. Сенбеңіз, бір бөтелке ұмыт қалмайды. Бір қадам – бір көшені таза ұстайды. Бір сағат – бір парк жасыл қалады. Бір әрекет – бір болашақты құтқарады. Бүгінгі таңда ең өзекті сұрақ: біз планетамызға қамқорлық жасаймыз ба, әлде бей-жай қараймыз ба? Қоршаған ортаны сақтау – тек билік пен ірі компаниялардың міндеті емес, әр

адамның қолында.

Кішкентай әрекет – үлкен өзгерістің бастауы. Егер біз әр күн сайын өзіміздің таңдауларымызға жауапкершілікпен қарасақ, таза қала мен қорғалатын табиғат, экологиялық мәдениет – өзінен-өзі қалыптасады. Бір бөтелке, бір қадам, бір сәт – бұл болашаққа жасалған сенімді инвестиция. Ұмытпаңыз: үлкен өзгеріс тек әрекеттен басталады, ал әрекет – әр адамның қолында.

Ақтолқын ФАЙЗУЛЛАЕВА,
Журналистика мамандығының 4 курс студенті

Студенттер шығармашылығынан

«Мен Халелде оқимын» Даму – әр жастың таңдауы

Атырау қаласы – тарихы мен мәдениеті терең сырлы қала. Бұл қалаға алғаш келген жылдармен салыстырғанда, қазір қандай сезіммен қарайтынымды айтып жеткізе алмаспын. Әрбір су-тасында қазақи қасиет пен рухани үн жатқан сияқты. Жүрегімде ыстық орын алған бұл мекеннен шексіз мүмкіндік пен бағыт, қолдау көремін. Әсіресе, жастар үшін өз жолын тауып дамуға еш кедергі жоқ. Жақында Атырауда үлкен көлемде «Saraishuq Upgrade 2025» халықаралық жастар форумы өтті. Екі күнге созылған бұл форумда жастар қызығушылығына сай 6 алты түрлі бағыт қамтылған. Форумға мыңнан астам өтінімнен 300 жас іріктеуден өтті. Ерекшелігі, сол форумда еліміздің барлық өңірінен дамушы жастармен қоса, өзге елден келген қонақтар да қатысты.

Дәл осындай жалыны тасыған жастар бір-біріне үлгі, сыйлы дос бола алды деп ойлаймын. Атырауға алғаш келген жастарға қала тарихы мен мәдениетін тани отыра, дамушы жастармен бас қосып, білікті мамандардан тәжірибе алу форумның мақсатын айқындады. Форум қатысушысы ретінде екі күндік жиналған білім өмірлік жолыма керек кірпіш болып қаланғандай әсер қалдырды. Өз қызығушылығыма сай театр бағытын таңдағандықтан, кәсіби түрде білім алу үшін зейіні ашық жастардың қатарында болып, болашақта қолданатындай деңгейде алуға тырыстым.

Форумның екінші күні әртістерге маңызды жаттығулар мен тренингтер өткізілді. Мәдениет – тұнып тұрған әдебиет, тарихымыз, болмысымыз екеніне тереңінен көз жеткіздім. Оған себеп – Дулыға Ақмолда ағамыздың рухани жаңғыруға қатысты айтқан пікірі болатын. Форум қатысушыларының бірі қазіргі театр қойылымдарында әдебиет, тарих беттеріндегі көнерген сөздерді заманға сай түсінікті тілде өзгертіп айтса қалай деген сауалын қойды. «Рухани жаңғыруды көп жастар ескіні жаңартып, өзгерту деп түсінеді, бірақ рухани жаңғыру керісінше ескіні тірілту, сол күйінде жеткізіп түп-тамырымен таныту, жаңғырту» екенін айтқанда ерекше ой түйіп қалдым. Осы бір сөздерден кейін ұлтымыздың өнері мен мәдениетіне деген жанашырлық пен терең махаббатты көрдім. Мәдениет айнасына айналған саланың құндылығын түсіндім.

Форум спикері Әділ Ахметов ағамыздың «Өнер – адам жанына жұбаныш» деген сөзінен кейін көрерменге берілетін рухани нұрдың не екенін түсіндім. Жүрегі өнерге құштар жастар өте құнды білімді сіңіре алса, еліміздің мәдениетінің көркеюіне себеп болары сөзсіз. Мәдениеттің қалаушысы, біз жастар – еліміздің болашағы мен тарихын әр өңіріміздегі өз жанымыздай сүйіп, қадірлей біле алсақ жарқын өркениетті қалыптастырамыз. Еліміздің әр өңірі тарихи сырға тұнған. Дәл осы тарихты рухани жаңғыртып, саналы ойласақ, дамушы жасқа мүмкіндік жолы ашыла бермек.Ұлтымыздың шамшырағын сөндірмеу өз қолымызді.

Жанна МАҚСҰТҚЫЗЫ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті журналистика және қоғаммен байланыс мамандығының 4- курс студенті

Болашаққа бастаған үлкен қадам

Бүгінгі таңда әр адам өмір жолында маңызды таңдау жасайды. Сол таңдаулардың бірі – білім ордасын таңдау. Мен үшін бұл таңдау ерекше әрі жауапты болды. Армандарым мен мақсаттарымды жүзеге асыру үшін мен Халел университетін таңдадым. Қазіргі уақытта осы оқу орнында журналистика мамандығының 2-курс студентімін және өз таңдауыммен мақтанамын. Халел университеті – еліміздегі беделді әрі сапалы білім беретін жоғары оқу орындарының бірі. Мұнда заманауи білім алу үшін барлық жағдай жасалған. Университеттің тарихы тереңде жатыр және ол жылдар бойы мыңдаған білімді де білікті мамандарды даярлап келеді. Әсіресе, мені университеттің жаңашылдыққа ұмтылуы, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға баса назар аударуы ерекше қызықтырды.

Журналистика – мен ойлаған мамандықтардың бірі. Ол ақпаратпен жұмыс істеу, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеру, шындықты жеткізуде маңызды рөл атқарады. Халелде оқи жүріп, мен тек теориялық білім алып қана қоймай, тәжірибе жинақтауға да мүмкіндік алдым. Университетімізде за-

манауи техникамен жабдықталған студиялар, кітапханалар және тәжірибелік сабақтарға арналған кабинеттер бар. Бұл бізге кәсіби дағдыларды толық игеруге көмектеседі. Екінші курста оқу жеңіл емес, бірақ қызықты. Сабақтарымызда журналистік жанрлармен терең танысып, репортаж, сұхбат, сараптамалық мақалалар жазуды үйренудемін. Сондай-ақ, топпен бірлесіп жобалар дайындаймыз, бұл бізге болашақ кәсіби өмірімізде командалық жұмыс дағдысын қалыптастыруға септігін тигізеді. Халел университеті маған тек білім беріп қана қоймай, өзін-өзі дамытуға жол ашты. Мұнда түрлі іс-шаралар, байқаулар, шығармашылық кештер жиі өткізіледі. Солардыңарқасында мен өз ойымды еркін жеткізуге, көпшілік алдында сөйлеуге және уақытты тиімді пайдалануға дағдыландым. Мен үшін Халелде оқу – үлкен бақыт әрі мақтаныш. Алдағы уақытта алған білімімді ел игілігіне жұмсап, журналистика саласында кәсіби маман атанғым келеді. Сондықтан мен әрдайым өз университетімнің абыройын биіктетіп, Халел студенті атанғанымға лайық болуға тырысамын.

Аяулым ҚҰНЫСКЕРЕЙ

Көрінбейтін күнделік еңбек иелері

Біз күн сайын қаланы аралап жүріп, айна-ламызды қалыпты дүние деп қабылдаймыз. Таңертең далаға шыққанда таза көшені көру, аялдамадағы жарықтың жануы немесе қоғамдық бақтағы отың жап-жасыл болуы – өздігінен орындалып тұрған қызмет сияқты көрінеді. Алайда шын мәнінде осы «үнсіз ғажайыптардың» артында таңғы 5-те оянып, қаланың тынысын қалыпты ету үшін жұмыс істеп жүрген жүздеген адамдар бар. Тазалықшылардың еңбегі байқалмайды, өйткені олар



қаланы біз оянғанға дейін ретке келтіріп үлгереді. Бағбан дауысы естілмейді, бірақ гулзарларға қарап, қалаға жан бітіретін солар. Ауланы жарықтандыратын электрик те, құбырды жалғайтын сантехник те – бәрі біз көрмейтін, бірақ күні бойы әсерін сезінетін мамандық иелері. Қала мәдениеті тек сәнді ғимараттар мен жаңа жобалар арқылы емес, осы қарапайым мамандардың көзге түспейтін еңбегімен қалыптасады. Олардың жұмысы – бір ғана қаланың емес, тұтас қоғамның тәртіп пен тазалыққа деген көзқарасын айқындайтын үнсіз тәрбие. Біз көбіне үлкен жаңалықты ғана жаңалық деп қабылдаймыз. Ал кейде шынайы жаңалық – көптің назарынан тыс қалып жүрген еңбекті бағалай білу. Әдетте біз батырды сахнадан, экраннан немесе мінберден іздейміз. Ал нағыз батырлар кейде қолында сыпырғысы бар аула шетінде, кейде суық жертеде құбыр жөндеп, кейде биік бағананың басында

міндет. Көбіне жалақысы да, алғысы да мардымсыз. Бірақ соған қарамастан, әр күнін біреудің таңын жарық, көшесін таза, суын мөлдір етуге арнайды. Бұл – ұрансыз патриотизм, мақтаусыз адалдық, атақсыз ерлік. Қала – тек тас пен темірден құралған кеңістік емес, ол – күн сайын үнсіз еңбек етіп жатқан адамдардың маңдай терімен тірі тұрған алып организм. Біз көрмейтін, бірақ әр сәтте сезінетін сол еңбектер қоғамның шынайы деңгейін көрсетеді. Егер біз осы көзге көрінбейтін мамандық иелеріне құрметпен қарай алсақ, алғыс айтуды әдетке айналдырсақ, онда қаланың мәдениеті де, адамдардың санасы да биіктей түсер еді. Өйткені нағыз өркениет – еңбекті елеуден, қарапайым адамды қадірлеуден басталады.

Ақтолқын ФАЙЗУЛЛАЕВА,
Журналистика мамандығының 4 курс студенті

Біз байқамай жоғалтатын ең қымбат байлық

Біз ақша жоғалтсақ – қайғырамыз, телефон жоғалтсақ – уайымдаймыз, ал уақытты күн сайын жоғалтып жатқанымызды байқай бермейміз. Қазіргі заманның ең үнсіз, ең байқалмайтын ұрысы – осы уақыт. Ол асықпайды, айқайламайды, тек күн сайын аз-аздан өмірімізден ұрлай береді. «Бес минут қана телефон қараймын» деп басталған уақыттың бір сағатқа айналғанын көбіміз сезбей қаламыз. «Кейін істеймін» деген бір ғана сөз арманды да, мүмкіндікті де кейінге шегереді. Осылайша ұсақ әдеттер үлкен мақсаттардың жолын бөгеп жатады.Ең қызығы – уақыттың қалай өтетіні емес, біз оны қалай өткіземіз. Біреу сол бір сағатта кітап оқып, өзін дамытады. Енді бірі сол бір сағатты бос әңгіме мен мағынасыз видеоларға жұмсайды. Айырмашылық — тек таңдауында.Бүгін кешіктірілген іс ертең ауыр міндетке айналады. Ал бүгін жасалған кішкентай қадам ертең үлкен нәтижеге жеткізеді. Уақыт ешкімді күтпейді. Ол бай мен кедейді, жас пен кәріні бөліп жатпайды – бәріне бірдей берілген ең әділ сый.Сондықтан әр таңды «бүгін мен уақытымды неге жұмсаймын?» деген сұрақпен бастау – ең дұрыс әдет. Өйткені уақытты басқарған адам – өз өмірін де басқара алады.Бір студентті білетінмін. Университетке түскенде арманы – шетелде оқу еді. Бастапқыда құлшынысы күшті болды. Бірақ «ертең бастаймын» деген сөзбен уақыт сырғып өтіп жатты. Бір жыл, екі жыл өтті. Ал ертең басталмай қойды. Сол аралықта курстастары тіл үйреніп, грант ұтып, алға кетіп жатты. Ол болса әлі сол «ертеңнің» ішінде қалды. Тек кеш түсінгені – уақыттың қайтып келмейтіні.Ал тағы бір қарапайым ауыл студент бар еді . Күндіз сабақ, кешке интернеті баяу болса да онлайн курспен білім алды. Біреулер сериал көріп жатқанда, ол бағдарламалау үйренді. Біреулер уақыт жоқ деп сылтау айтқанда, ол уақытты өзі жасады. Қазір сол бала қашықтан жұмыс істеп, отбасына тірек болып отыр. Айырмашылық – мүмкіндік емес, уақытқа деген көзқарас.Таңғы ұйқыдан бес минут кеш тұрған адам бір күнге кешігеді. Ал бір күнге кешіккен



адам бір мүмкіндіктен айырылуы мүмкін. Кейде тағдырдың өзі де адамға дәл уақытында ғана есік ашады. Сол сәтте дайын болмасаң – мүмкіндік үнсіз жоғалып кетеді.Біз көбіне тағдырды, қоғамды, жағдайды кінәлауға шеберміз. Бірақ көп жағдайда өз өмірімізді тежеп тұрған сыртқы фактор емес, өзіміздің ұсақ немқұрайдылығымыз екені ащы да болса шындық.Уақыт – жаза да емес, сый да емес. Ол — сынақ. Кім оны қадірлейді, сол алға озады. Кім елемейді, сол артта қалады. Таңдау күн сайын, сағат сайын, тіпті минут сайын жасалады.Бүгін телефонды бір сағат кем ұстасаң, ертең өзіңе бір қадам жақындайсың. Бүгін кейінге қалдырмаған іс ертең сені мақсатыңа жақындатады. Ал бүгін бос кеткен уақыт – ертең өкінішке айналады.Уақытты ұрлайтын әдеттен құтылған адам – өз болашағын құтқарады

Ақтолқын ФАЙЗУЛЛАЕВА,
журналистика мамандығының 4 курс студенті



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті